**№17 « Шұғыла» МКҚК бөбекжай-балабақшасы**

**Бекітілді:**
№17 «Шұғыла» бөбекжай-
балабақшасының меңгерушісі
__________ Жетилгенова Д. Н.
«31» 08 2023

# №10 «Ақбота» мектепалды тобының 2023 - 2024 оқу жылына арналған тәрбиелеу –білім беру процесінің циклограммасы

**2023-2024 оқу жылы**

**Бекітемін:**

**№17 "Шұғыла"бөбекжай-балабақшасы**

**әдіскері Ахметова Г.К**

# Циклограмма

**Білім беру ұйымы:** №17«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы
**Тәрбиеші:**Серғазықызы А.Оразғалиева Н.
**Топ:** №10 «Ақбота» мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 5 жас
***Жоспардың құрылу кезеңі:*****Қыркүйек 1-апта (04.09-08.09.2023)**

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі<br>**04.09.2023** | Сейсенбі<br>**05.09.2023** | Сәрсенбі<br>**06.09.2023** | Сейсенбі<br>**07.09.2023** | Жұма<br>**08.09.2023** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Біз доспыз бәріміз шаттық щеңберге тұрамыз.Мақсаты:Балаларды татулыққа,достыққа үйрету.<br>Дидактикалық ойын: «Сәлемдесу»<br>Балалар екі - үш жұптан бір - біріне қарап, әр түрлі елдің, адамдардың сәлемдесу рәсімін көрсетеді. | Балалар өз отбасылары туралы әңгімелеп беру.<br>Сюжеттік ойын:<br>«Менің ата-әжем»<br>Мақсаты: Отбасы мүшелерінің үйдегі қызметтерін үйрету. | Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңілкүймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау | Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту | Бақша ауласындағы көкөністермен таныстыру. Жақсы көңіл күй сыйлау. |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-анаға кеңес:**<br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Психологтың кеңесі:**<br>Үйде баланың үй тапсырмасын қадағалау. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып | **Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жеуге үйретулерін ескерту. | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл -ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Дидактикалық ойын**<br>«Бұл не? Кімге керек?»<br>**Мақсаты:** Балабақша қызметкерлері мен қажет құралдарымен таныстыру.<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Қарым- қатынас<br>іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті | **Біз – өнерлі баламыз. Сөйлем түрлері**<br>Мақсаты: Сөйлемдерді интонация бойынша ажырата отырып (хабарлы, сұраулы, лепті), сөйлеу барысында қолдану.**«Мен дәрігер боламын»**<br>**Мақсаты:** Балалар бір -бірімен ойнау арқылы өздерін дәрігер сезіне алады.<br>**Сауат ашу негіздері**<br>Қарым- қатынас<br>іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет | **«Әдемі үйшік»**<br>**Мақсаты:**Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады.<br>**Құрастыру**<br>**Жапсыру**<br>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті | **Мен білетін жақсы сөздер. Сөз**<br>Мақсаты:Сөз бен сөйлемді ажыратып, сөздің, сөйлемнің мағынасын түсіну. Жазу бетін бағдарлау, жазу жолын, жоларалық кеңістікті ажырату, тор көз дәптерге кең сызықтар, әріп элементтерін жазу.<br>**«Шаштараз»**<br>**Мақсаты:**Балалар ойын арқылы шаш қиюшының еңбегін түсінеді.<br>**Сауат ашу негіздері**<br>Қарым- қатынас<br>іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет | **Үстел –үсті ойыны:**<br>«Менің балабақшам»<br>**Мақсаты:** Түрлі-түсті ағаштар көмегімен балабақшасын құрастыру.<br>**Құрастыру**<br>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті |
| **Таңертеңгі жаттығу** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы ас** | **Ойын-жаттығу**<br>**«Таза қолдар»**<br>Балалардың назарын тағамға аудару.Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын» | **«Ас адамның арқауы»**<br>Мақсаты: Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру,сұрақ-жауап | Нан қиқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар.<br>Теріп алып, қастерлеп<br>Торғайларға тастаңдар. | Асхананы бақылау:<br>Нанның қадірін түсіндіру.<br>Ойын: «Көңілді трактор» | «Дұрыс тамақтануға баулу» әңгіме |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | «Отбасы» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру. | Отбасы туралы мнемотехника бойынша тақпақ жаттау. | Отбасы туралы мақал-мәтелдер жаттау. | "Менің отбасым" тақырыбында отбасы мүшелеріне байланысты жұмбақтар қою. Жұмбақтардың жауабын үш тілде айтқызу. Суреттерді сипаттау. | "Отбасындағы сыйластық" тақырыбында балаларға сұрақтар қою және сұрақтарға толық жауапты талап ету. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1Сөйлеуді дамыту "Менің отбасым"**<br><br>**Мақсаты:** Ата-аналарының еңбегі туралы әңгіме құрастыру. Сөйлеу барысында жай және күрделі | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Тақырыбы**: Кел танысайық!<br>***Мақсаты:*** Балаларды бір-бірімен танысуға, берілген суретке қарап сөйлем құрап айта алуға үйрету. Сөздер мен дыбыс туралы түсінік беру.Білімдерін кенейту | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Тақырыбы: Сөзбен танысайық**<br>**Мақсаты:** Сөз, дыбыс туралы түсінік беру. Сөздің бірнеше дыбыстан құралатынын түсіндіру.<br>**Сюжеттік-рөлдік ойын: «Қонаққа барамыз».**<br>Балалар үй иелері және қонақтар болып бөлінеді. «Үй иелері» қонақтарды «сиқырлы сөздерді» айтып қарсы алу қажет. | **Сауат ашу негіздері "дыбыс "**<br>**Мақсаты:**Сөз ,буын,дыбыс туралы ұғымдарды түсіндіру.Сөздің дыбыстардан құралатынын,сөзді бірнеше бөлікке бөлуге болатынын,ол бөлік буын деп аталатынын ұғындыру. | **.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Әжесін қайсысы жақсы көреді?»(әңгіме)**<br>**Мақсаты:**.Жанұя мүшелерін сыйлауға тәрбиелеу. Тілдің дыбысталу мәдениетін тәрбиелеу. Ауызша сөйлеу тілінде грамматикалық категорияларды, байланыстырып, әңгіме |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сөйлемдерді қолдана білуге, әңгімені бірізді және нақты айтуға үйрету. Тыңдау және тілді түсіну дағдыларын қалыптастыру.**Логикалық ойын: «Топтастыр» Шарты: Суретте әкесіне де, анасына да қажет заттар бар ма? Сызықпен қосу.**<br><br>**Көркем әдебиет «Әкесі мен балалары» Л. Толстой Мақсаты:** Отбасы тақырыбына байланысты өлең оқып беру, оның мазмұнын ашу, жаттаған өлеңді мәнерлеп айтуға үйрету. Әдеби жанрды ажыратуға баулу.<br><br>Логикалық ойын: «Тұрғындарды үйге орналастырамыз»<br><br>**Сурет салу**<br><br>**Тақырыбы:** «Менің отбасымның дәстүрі» Мақсаты: Балаларды отбасы мүшелерін бейнелеуге үйрету, адамның тұлғасын | **Сюжеттік-рөлдік ойын: «Тілші» Тілші балалармен әңгіме өткізеді:**<br>-Аты-жөнің кім? Сен неше жастасың?<br>Өз түріңді, мінезіңді сипатта.<br>Шашың ұзын ба? Қысқа ма?<br>Бойың ұзын ба? Аласа ма?<br>Қай жерде тұрасың?<br>Аға, әпкең, іні, қарындасың бар ма?<br>Немен шұғылданасың?<br>Не кигенді ұнатасың?<br>Қандай ойыншықтармен, кіммен ойнағанды ұнатасың? (Балалар тілшімен әңгімелеседі<br><br>**2.Математика негіздері. Тақырыбы: «Біздің бақшада» Мақсаты:** Әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттар-дың жиыны туралы түсінік-терді үйренету. Санау, салыстыру дағдыларын | «Қонақтар» тобы сыпайы жауап қайтарады.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Ойлы болсаң, озып көр» Шарты:** Жасырынған суреттердің атын айтып, не үшін қолданылатынын айту.<br>Логикалық ойын: «Жүйрік болсаң, озып көр!»<br>А, Т,Б, С, Ғ, П, әріптерге сөз айту.<br><br>**2. Музыка(Педагог жоспары бойынша )**<br><br>**3. Математика негіздері "Бақшадағыжемістер" Мақсаты:**Балалардың жеміс-жидектер туралы білімін арттыру.Оларды санап тен немесе тенсіздікке үйрету.<br><br>**Логикалық ойын:**<br>«Кім жылдам?»<br>Шарты: пішіндермен құрастыру жұмысын жүргізу. (үй, машина, т.б.)<br><br>**4. Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы:** «Табиғат - біздің досымыз» | дыбыстарды дұрыс, анық айтуды бекіту<br><br>**Математика негіздері "Отбасымда мен нешіншімін?" Мақсаты:**Отбасында нешеуміз санап үйрету. Отбасы қадірін түсіндіру<br><br>**Дене шынықтыру (педагог жоспары бойынша)**<br><br>**2.Қазақ тілі Тақырыбы** Жаттығу добы.<br>**Мақсаты:** Түрлі теңеулерді қолдана отырып, таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып сиппатай алуға үйрету.<br>**Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру**<br>Тепсең-ақ секіріп,<br>Ұстатпай қашады.<br>Бір жерге бекініп, | құрастыруға, үйренген жаңа сөздерді қолдана білуге жаттықтыру.<br><br>**Көркем әдебиет Тақырыбы:** Достық үйі.<br>**Мақсаты:** Достық туралы түсінік бере отырып, сыйлық, сыйластық ұғымына байланысты достық үйін сипаттап айтуға үйренету.<br>**Дидактикалық ойын:** «Үйлерді салыстырайық»<br>**Топқа бөлу.**<br>Биік үй,аласа үй суреттері арқылы суретке қарап топқа бөлінеді.<br>1-топ Биік үй<br>2-топ Аласа үй<br>**Тапсырма беру.**<br>1-топ биік үйді сипаттайды.<br>2- топ аласа үйді сипаттайды<br>**Логикалық ойын. «Тұрғындарды үйге орналастырамыз»**Балалар үйлердің әрбір бөлмесіне аңдарды және олардың достарын орналастырады.<br><br>**Дене шынықтыру(педагог жетекшілігімен )** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | салуға үйретуді жалғастыру<br><br>**Музыка (жетекші нұсқаулығы бойынша)**<br><br>**4. Қазақ тілі.**<br>**Тақырыбы: «Қызыл телпектің әлеміне» саяхат**<br>**Мақсаты:**адам бойындағы құнды қасиеттер туралы түсініктер беру;<br>- жақсы істер жасай білу іскерліктерін дамыту.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Өз түсіңді тап»**<br>**Шарты:** Түстерді тапдап алады.Түстердің артында жасырылған эпизодтар бойынша ертегіні ретімен құрастырады.<br>**Дидақтикалық ойын: «Мен де жақсы бала боламын»**<br>**Мақсаты**: балаларды жағымды істерге жұмылдыру Мысалы:<br>- Мен де атама орнынан тұруға көмектесемін.<br>- Мен де іниммен ойыншықтармен бөлісемін.<br>- Мен де үйдегі гүлге су құямын.<br>- Мен де ата-анамның айтқанын тыңдаймын.<br>- Мен де өз ойыншықтарымды шашпаймын. | қалыптастыру.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Көп затты тауып бер»**<br>**Шарты:** Аз, кем ұғымдарын бекіту.<br>Мыс: Қоянда сәбіз көппе, тиінда саңырауқұлақ көппе?<br>Т. б. | **Мақсаты:** Балалардың өлі және тірі табиғат, тіршілік, қоршаған орта арасында байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Дидактикалық ойын: «Зерттеушілер»**<br>**1- тәжірбие:** Әр баланың қолына айна беріледі.Балалар айнаға үрлеп, ауаның бар екеніне көз жеткіеді<br>**2- тәжірбие:** Балалар енді мұрнымызды қолымызбен жауып аузымызды ашпай көрейік.<br>- ауасыз тыныс алуға бола ма?<br><br>**Дене шынықтыру (Педагог жоспары бойынша )** | Тұра алмай сасады.<br>**Логикалық ойын: «Қандай доптар»**<br>Шарты: Үлкен және кіші доп суреттері арқылы таңдау.<br>1-топ ермексаздан үлкен доп мүсіндейді.<br>2-топ ермексаздан кішкентай доп мүсіндейді.Әр топ өз добын сипаттап айтып береді. | **Қоршаған ортамен танысу-ҮІӘ тақырыбы:**Бізді не қоршап тұр?<br>**Мақсаты:**балаларды жансыз табиғат түсінігімен таныстыру,жансыз табиғаттағы адам қолымен жасалған заттарды айыра білуге үйрету;<br>өзіндік тәжірибе алдық жұмысты ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін жетілдіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. | Серуенге ойын құралдарын дайындау. | Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. | Серуен кезінде ұйыымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу. | Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. |
| **Серуен** | Табиғатты бақылау<br>Мақсаты: қоршаған ортаны, табиғатты, ауа-райын бақылау. Табиғатқа, ондағы тіршілік иелеріне қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br><br>Ұлттық-ойын:<br>Теңге алу.Арқан тарту. | Бақылау: Ауа – райын бақылау.<br>Мақсаты: Ауа райындағы өзгерістерді аңғаруға және айтуға үйрету. Желдің бағытын қалай білу керектігін түсіндіру. Өз ойларын толық жеткізе білуге жұмыстану.<br><br>Қимылды ойындар: «Кім өз жалаушасына тез жетеді?»<br><br>Ұлттық ойын: «Арқан тарту» | Бақылау: Балабақша ауласының тазалығын бақылау.<br>Мақсаты: тазалыққа, әсемдікке баулу. Еңбек сүйгіштікке, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.<br>Еңбек. Телімдегі қағаз және ағаш қалдықтарын жинастыру.<br>Көркем сөз: Тазалық - денсаулық кепілі.(мақал)<br><br>Ойындар: «Кім шапшаң?»<br><br>Қимылдық ойын: «Жалаушаны алып кел» | Құстарға бақылау жасау.<br>Мақсаты: Олардың түрлерімен жақынырақ таныстыру. Балалардың аяушылық, қамқорлық сезімін дамыту. Құстар біздің досымыз, құстар қалықтап төбемізде ұшып жүр айналаны бағдарлап бақылау.<br><br>Еңбек: Құстарға жем шашу, нан қиқымын салу.<br>Жемсауыттарын жем жеп болғаннан кейін тазалап қою.<br><br>Ойындар: | Бақылау: Аулада жүрген мысыққа бақылау жасау.<br>Еңбек: Аула сыпырушыға көмектесу.<br>Жеке жұмыс.<br>Балалармен мысық туралы өлең жаттау.<br>Ойға батып мысық<br>Отыр көзін қысып<br>Әндетіп бір баяу<br>Дейді мияу, мияу, мияу.<br>Мысық сүтке тойды<br>Көзін қысып қойды<br>Әндетіп бір баяу<br>Дейді мияу, мияу, мияу.<br><br>Ұлттық ойын : «Ақсерек,көксерек» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | «Өз орынды тап» «Ұшты – ұшты» | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру. | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру. | Кім жылы сумен жуынса-өте жақсы сол бала.Кім салқын сумен жуынса –батыр бала ол бала.Ал егерде ол жуынбаса –ештене деп аталмайды ол бала. | Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру. | Достарымен ішке кіру. |
| **Түскі ас** | Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту,тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. | Тағамды асықпай жеу керек. | Ас ішер алдында қолыңды жуу керек. | Мақал-мәтел:<br>Тату үйдің тамағы-тәтті. | Ыдыспен ойнамау, қолдарын сермеп тамақты шашпау. |
| **Күндізгі ұйқы** | Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі | «Әлди –әлди ұйықтайғой» | «Бесік жырын» тыңдату | «Бауырсақ» ертегісін оқып беру | «Жақсы жатып, жайлы тұр!» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **«Ригалық әдіс», бойынша шынықтыру шараларын өткізу** | Киімдерін ұқыпты өздігенен киюі. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді дамыту. | Тыныстау жаттығуларын жасау, шынығу – уқалау, жолақшалармен жүру | Қыз балалар шаштарын тарап жинап қоюды үйрету. | Қарапайым ұйқы ашар дене жаттығулары музыка әунімен бірге |
| **Бесін ас** | Ас мәзірімен таныстыру.Бір-біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару. | Балалардың назарын тағамға аудару. | Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. | «Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету. | Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару. |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Дербес ойын**<br>**«Қуыршақты тамақтандыр».**<br>**Мақсаты:**Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру.<br>**Мүсіндеу**<br>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті | **Танымдық-қимылды ойын:**<br>«Аңдар жүрісі»<br>**Мақсаты:**Балалар аңдардың жүрісін салып, санай алады.<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Қарым- қатынас<br>іс – әрекеті,танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті | **Суреттік боямалар**<br>**«Кім,қайда өмір сүреді»**<br>Мақсаты: Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады.<br>**Сурет салу**<br>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті | **Кітаппен жұмыс**<br>**«Аспазшы»**<br>Мақсаты: Балалар аспазшы туралы түсіндіре алады.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Қарым- қатынас<br>іс –әрекеті | **Дербес ойын**<br>**«Мозайка»**<br>Мақсаты:Балалар мазайканың ұсақ бөліктерін орналастыра алады.<br>**Құрастыру**<br>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Көрсету және атау" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: үй және қоныс аударатын құстарды танып, атауды үйрету.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | **Кітап бұрышындағы жеке жұмыс.**<br>Мақсат-міндеттер: кітапқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **"Суретшінің қателіктерін тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: зейінді дамыту және 10-ға дейін санауды бекіту.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**<br>**"Жұмбақтар, ертегілер, аңыздар оқу.**<br>Халық ауыз әдебиетіне деген сүйіспеншіліктерін арттыру.<br>**(сөйлеуді дамыту,** | **"Кім алғыр?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: бөлшектерден бүтіндік жасау қабілетін дамыту.<br>**(танымдық іс-әрекет)**<br>**Шығармашылық уақыты: "Қағаздан балапанды бүктеу арқылы құрастыру".**<br>Масқат-міндеттер: балалардың түрлі материалдардан (қағаздан) құрылыс жасауға деген құштарлығын жетілдіру.<br>**(шығармашылық іс-әрекет)** | **"Болады - болмайды" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: ойлау қабілеттерін дамыта отыра сөздік қорын молайту.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Серуенге** | Балалардың киіну реттілігін | Сыртқы киімдерін | Балалармен жеке | Серуенге шығамыз | Балаларды табиғатпен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық** | бақылау. | ауыстырып киюді қадағалау. | әңгімелесу. | деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру. | таныстыру. |
| **Серуен** | **Қимылды ойындар: «Қасқыр қақпан»**<br>**«Кім тез жүгіреді?»**<br>Еңбек. Құмды бір жерге үйіп, үстінен су шашу. | **Қимылды ойындар: «Торғайлар мен мысық»**<br>**«Кім жылдам?»**<br>Еңбек: Қағаз қалдықтарды жинау | Ойындар: «Кімнің жалаушасы?»<br>«Ұшты- ұшты»<br>Еңбек. Телімдегі керек емесзаттардыжинастыру.<br>Жұмбақ жасыру.<br>Тұмсығымен ояды,<br>Ағаш құртын жояды.<br>(Тоқылдақ) | Еңбек: Ортаңғы топ балаларына көмектесу. Мақсаты: Үлкендерге көмектесуге, еңбек етуге сүйіспеншілігін арттыру.<br>**Қимылды ойын: «Ұшақтар».** | Еңбек:Түскен жапырақтарды жыйнату. Мақсаты:Аландағы жапырақтарды жыйнауға үйрету.Еңбек сүйгіш болуға тәрбиелеу.<br>Ұлттық ойын:<br>«Қыз қуу» |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-анаға кеңес:<br>«Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз» | Психологтің кеңесі:<br>Өз құралдарын күтіп ұстау туралы керектігін жиі айтып тұру. | Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу.<br>. | Ата-аналармен әңгімелесу. Балаларды қайтару. | Кеңес: «Бала мен қоғам»<br>Ашық сабақтың болу мерзімін айтып, киімдерін дайындап қою туралы айту. |

**Бекітемін:**
**№17 "Шұғыла"бөбекжай-балабақшасы**
**әдіскері Ахметова Г.К** 

# Циклограмма

**Білім беру ұйымы:** № 17 «Шұғыла» бөбекжай- балабақшасы
**Тобы:** «Ақбота» мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2023 жыл қыркүйек айы, ІІ- апта (11-15 аралығы)

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 11.09.23 | Сейсенбі 12.09.23 | Сәрсенбі 13.09.23 | Бейсенбі 14.09.23 | Жұма 15.09 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-ана-лармен әңгімелесу** | Балаларды қабылдау, **дене қызуын өлшеп,** көңіл -күйлеріне назар аударып жылы шыраймен қабылдап алу, жағымды жағдай орнату.<br>Көңіл күйлеріне назар аударып,ата аналармен пікірлесу. Балалар көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ойнату. Балалар өз достары туралы әңгімелей алады,көңілді ойындармен жаттығуларды орындайды.**(көркем әдебиет, коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті**<br><br>**Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | **Картотека № 1**<br>**Қимылды ойын:**<br>**«Дәл осындай пішінді тап»**<br>**Ойынның мақсаты :** геометриялық пішіндерді,олардың атауларын үйрету.<br>**(Математика негіздері,танымдық-зерттеушілік іс-әрекет)** | **Картотека №2**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Тәулік бөліктері»**<br>**Мақсаты:** Тәулік бөліктерін таң, кеш, күн. Игерту. Апта күндерін шартты түрде 1-ден 7-ге дейін фигуралардың немесе ұлттық таңбалардың суретімен белгілетіп меңгерту.<br>**(Математика негіздері,танымдық-зерттеушілік іс-әрекет)** | **Картотека №3**<br>**Логикалық ойын:**<br>**«Суреттерді орналастыр»**<br>**Ойынның мақсаты:** заттарды топтастыру., өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру.<br>**(Математика негіздері,танымдық-зерттеушілік іс-әрекет)** | **Картотека №7**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Мамандықтың бәрі жақсы»**<br>**Мақсаты:** Балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыра отырып, еңбекті құрметтеу-ге үйренету**(көркем әдебиет, тілдік-коммуникативтік іс-әрекет)** | **Картотека №12**<br>**Логикалық ойын:**<br>**Қайсысы қайда тіршілік етеді**<br>**Мақсаты:** жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табуды,олардың мекен-жайын анықтауды меңгерту. **(қоршаған ортамен таныстыру,әлеуметтік-танымдық іс-әрекет)** |
| **Таңертеңгі гимнастика** | - «Би» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, орамал ұстаған қол төменде.<br>1 - қолдарын жоғары көтеріп, орамалдарын желпу;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу;<br>3 - орамалмен айналып билеу; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Биші қыз» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады.<br>1 - қолды жоғары көтеріп, бір аяқтың ұшымен тұру;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Паровоз» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, жұппен тұру.<br>1 - сызық бойымен бір-біріне қарсы жүру;<br>2 - сызық ортасына келгенде тарап кету;<br>3 - бастапқы қалыпқа келу. | | | | |
| **Таңғы ас** | **Ойын- жаттығу :Сылдырлайды мөлдір су,**<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаңсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>«Ас дәмді болсын!»<br>Ас құрамымен таныстыру (**мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту)** | | | | |
| **Ойындар, ҰІӘ дайындық** | **ҰІӘ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктерді реттеу. Балаларды ұіә-ке сұрақтар қоя отырып дайындау, балалармен өзара әңгіме жүргізу.** | | | | |
| | Ф.Оңғарсынова<br>**«Үй жақсы ма, балабақша жақсы ма?»**<br>**Мақсаты:**балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару, қызығушы лығын арттыру<br>**(Көркем әдебиет коммуникативті іс-әрекет)** | **Ойын «Түрлі түсті бөлшектер»**<br>**Мақсаты:** сыни ойлау дағдылары мен шығармашылық қабілеттерді дамыту, сюжеттік композиция лар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, түрлі-түсті бөлшектерден үлгідегі суретті құрастыру<br>**( құрастыру танымдық іс-әрекет)** | Б.Досымов **«Маңдай тер»**<br>**Мақсаты:** әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу,<br>**(Сөйлеуді дамыту коммуникативті іс-әрекет)** | **Ойын «Менің түрлі түсті пішіндерім»**<br>**Мақсаты:**жиынды сапасы бойын ша әртүрлі элемент терден; түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан құруға машықтандыру, түрлі түсті бөлшектерден пішін құрастырту.<br>**( құрастыру танымдық іс-әрекет** | **Ж. Карбозин**<br>**«Ойыншық тұлпар»**<br>**Мақсаты:**өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуға баулу,түстер мен олардың реңктерін анық айтуға баулу<br>**(Сөйлеуді дамыту коммуникативті іс-әрекет , сурет шығармашылық іс-әрекет** |
| **Кесте бойынша ҰІӘ** | **Көркем әдебиет**<br>**«Жаман, жақсы.»**<br>**Мақсаты:** Балаларбір- | **1.Сауат ашу**<br>**Сюжетті-рөлді ойын: «Қонаққа барамыз».** | **1.Математика негіздері**<br>**Д/о: «Біреу – көп»**<br>**Мақсаты:** заттарды | **1Сауат ашу**<br>**Д/о: « Сөз ойла, тез ойла »**<br>**Мақсаты:Сөйлеммен танысу** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Д/о:«Сиқырлы қапшық »** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бірімен тату болуға, мейрімді болуға үйрету. Дамытушы ойындар арқылы әртүрлі тапсырмаларды орындай отырып,сөздік қорлары молайту.<br>«Достық неден басталады, достыққа не жараасады?»<br>Достар қандай болу керек? Мейрімді, ақылды, қамқор, бірлікте<br>Ендеше соны іспен көрсетейік<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Үйлерді салыстырайық»<br>**Мақсаты:** Достық туралы түсінік бере отырып, сыйлық, сыйластық ұғымына байланысты достық үйі туралы әңгімелеп беруге үйрету.<br>**Топқа бөлу.**<br>Биік үй,аласа үй суреттері арқылы суретке қарап топқа бөлінеді.<br>1-топ Биік үй<br>2-топ Аласа үй<br>**Тапсырма беру.**<br>1-топ биік үй туралы сипаттап береді<br>2- топ аласа үйді сипаттайды<br><br>**Музыка**<br>**Педагог жоспары бойынша** | Балалар үй иелері және қонақтар болып бөлінеді.<br>**Мақсаты:** Сөз, дыбыс туралы түсінік бере отырып,сөздің бірнеше дыбыстан құралатынын меңгерту.<br>**«Үй иелері»** қонақтарды «сиқырлы сөздерді» айтып қарсы алу қажет.<br>**«Қонақтар»** тобы сыпайы жауап қайтарады.<br><br><br><br>**Математика негіздері**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Кім тапқыр?»**<br>**Мақсаты:** заттарды «біреу», «көп», «бір - бірден», түсінігі туралы ұғымдарын қалыптастыру. Бірде-бір және көп затты таба білу дағдысы дамыту.<br>Жұмбақ жасыру.<br>Тиіскенді түйреген,<br>Киімі бар инеден. (Кірпі)<br>– Балалар, жұмбақ не туралы?<br>Кірпі келіп, балалармен амандасады. Балалар қызығушылық танытады. Кірпі балаларға ішінде жапырақтары бар себетті береді. Кірпі берген себетте не жатыр? Себетте қандай | «біреу», «көп», «бір - бірден», түсінігі туралы ұғымдарын қалыптастыру . Бірде-бір және көп затты таба білу дағдысы дамыту.<br>**Шарты**: Балалар суретте қай заттар біреуден, қай заттар көп екендігін сызық арқылы көрсетеді.<br><br>**Сауат ашу**<br>**«Буынға бөлейік»**<br>**Мақсаты:**Сөздердің бір буыннан да көп буыннанда тұратынын түсіндіру.Сөзде неше дауысты болса,сонша буын болатынын түсіндіру.Буындық белгіні қол жаттықтыру дәптеріне жаздыру<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Сөздерден сөйлем құра»**<br>**Шарты :**Суреттерден сөйлем құрастыру.Осы сөздерді шапалақпен буынға бөлу<br><br>**Музыка**<br>**Педагог жоспары бойынша**<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Кім жылдам?»**<br>**Мақсаты:** Балалардың өлі | Балаларға сөйлем туралы түсінік бере отырып,суретке қарап сөйлем құрауға үйрету.<br>Шарты: Ұяшықтар таңдап, шыққан әріптерден басталатын сөздер ойлап табады.<br><br>**Математика негіздері**<br>**Д/о:«Досыма арналған моншақ »**<br>**Мақсаты:**Балаларға моншақтың көмегімен пішінді,көлемді ажырата білуді үйрету.<br>Шарты: Балалар өздері таңдаған моншақтың пішінін,көлемін салыстырып айтып береді<br>Сұрақ-жауап<br>- Пішіні қандай?<br>-Көлемі қандай?<br>-Оны немен ұстатамыз?<br><br>**Жапсыру"Күзгі жапырақтар" Мақсаты:** Күзгі табиғатты бақылау кезінде қарапайым өзгерістерді атау білуге және өздерінің сезімдері туралы әңгімелеуге үйрету.дәстүрден тыс әдіспен дәндерді пайдалана отырып ағаштардың бейнесін жасау.Ұсақ қол | **Мақсаты:** Балаларды сипап-сезу арқылы сипаттап беруге,әңгіме құрастыруға үйрету<br><br>**Шарты:**<br>Ортаға шыққан баланығ көзін байлап қолына ойыншықты ұстату,оның қандай ойыншық екенін айту.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Сахналау«Ойыншық дүкені»**<br>Мақсаты:ойыншықтарды ы ситапттап,айта білуге үйрету, сөйлеу барысында ағаштан,матадан,пластм ассадан,резинадан деген сөздерді қолдана алуға үйрету.<br><br><br>**Денешынықтыру**<br>**Педагог жоспары бойынша**<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Д/о:«Кім жылдам?»**<br>**Мақсаты:** Балалар гүл туралы түсінеді. Дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қазақ тілі**Дыбыстар мен әріптер" | түсті жапырақ бар?<br>Әр бала бір-бірден жасыл жапырақтан алу<br>**Ашық сұрақтар қою?**<br>Себетте қандай жапырақ болды? Көп пе аз ба?<br>Енді қанша қалды?<br>Жапырақтар себетте көп болу үшін, не істеу керек? | және тірі табиғат, тіршілік, коршаған орта арасында байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру.<br><br>Жұмбақ жасыру<br>Бір жерінде ыстық,<br>Бір жерінде суық<br>Бір жерінде күн,<br>Бір жерінде түн<br>Керемет алып неткен.<br>**(Жер шары)**<br><br>**Дене шынықтыру (таза ауада )** | моторикасын дамыту.<br><br>**Қазақ тілі**"Тіл бірліктері (буын, сөз, сөйлем).Отбасы мүшелері<br><br>**Денешынықтыру**<br>**Педагог жоспары бойынша** | түсіндіре отырып, щеткамен шашырату әдісі арқылы гүлді бейнелейді.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Суықта солмайды,<br>Аязда тоңбайды.<br>**(жасанды гүл)**<br>Көркіне көрік, Жазға серік.<br>Не? **(гүл))** |
| **Серуенге дайындық** | **Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.**<br>**Киіну:** Серуенге шығу, аяқ киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру**(тілдік-коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |
| **Серуен:** | **Жәндіктерді бақылау** | **Ауа-райының салқындауын бақылау.** | **Қоңыр күзді бақылау,салыстыру.** | **Күзгі ағашты бақылау.** | **Аула сыпырушының еңбегін бақылау** |
| | **Күз серуен картотекасынан . Картотека қосымша тіркелген.** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. | | | | |
| **Түскі ас** | **ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ**. .Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. **Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз (Тілдік-коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |
| **Ұйқы** | **Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары** | **№51. Ояну**<br>Оянайық балалар<br>Маған тезірек қарандар<br>Шапалақты ұрайық<br>Орнымыздан тұрайық.<br>**(Коммуникативтік іс-әрекет)** | **№61. Ояну**<br>Балалар тұрайық<br>Көзімізді ашайық<br>Қолымызды созып<br>Шынығып бір алайық.<br>**(Коммуникативтік іс-әрекет)** | **№71. Ояну**<br>Балапандар тұрайық<br>Көзімізді ашайық<br>Жан-жаққа біз қарайық<br>Бір күлімдеп алайық.<br>**(Коммуникативтік іс-әрекет)** | **№81. Ояту**<br>Ұйқыдан біз тұрамыз<br>Көзімізді ашамыз<br>Жан-жағымызға қарайық<br>Төсектен біз тарайық<br>**(Коммуникативтік іс-әрекет)** | **№91. Ояту**<br>Ұйқыдан біз тұрайық<br>Көзімізді ашайық<br>Анда- мында созылып<br>Тарқасайық, тұрайық<br>**(Коммуникативтік іс-әрекет)** |
| | **Ұйқыдан ояту жаттығу картотекасынан. Картотека қосымша тігілген** | | | | |
| **Бесін ас** | Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | **Д/о: «Кім тапқыр?»**<br>**Мақсаты:балаларды шапшаң ойлауға баулу**<br>**Құстар туралы жұмбақтар.**<br>Бұдыр-бұдыр балшықты,<br>Жинады да талшықты.<br>Ұқсатып қамытқа,<br>Үй салдыжабыққа. (Қарлығаш)<br>Ұзақ тектес құс,Шіркей жеп.<br>Ауыл маңынан, Ұзақ кетпес құс. (Қараторғай)<br>Тақылдатып, Мазаны ап,<br>Ағаштарды тазалап,<br>Ормандарды емдейді,<br>Зиянкесті жазалап. (Тоқылдақ)<br>Ала шапан кигені,<br>Сескенгіш болған соң.<br>Қыпылықтап жүргені.<br>(Сауысқан)**(сөйлеуді дамыту, тілдік-коммуникативтік іс-әрекет** | Еркін ойын<br>Жанама бақылау.<br><br>Балалармен жеке жұмыс.<br>Тәрбиеші жоспары бойынша. | **Ой дамыту .**<br>**Құстар туралы тақпақ**<br>**Қарлығаш**<br>Адамзаттың жақыны<br>Қарлығаш та ақылды<br>Көгершін мен екеуі<br>Жайлайды бір шатырды<br>**Торғай**<br>Таспен атып торғайды<br>Ұя бұзған оңбайды<br>Құс өкпелеп кетеді<br>Бақшамызға қонбайды.<br>**(сөйлеуді дамыту, тілдік-коммуникативтік іс-әрекет)**<br><br>Балалармен жеке жұмыс.<br>Тәрбиеші жоспары бойынша. | Еркін ойын<br>Жанама бақылау.<br>Балалармен жеке жұмыс.<br>Тәрбиеші жоспары бойынша. | **Л/о: «Кім шапшаң?»**<br>**Мақсаты:** балаларды шапшаң санап топтастырып,есептеуге үйрету<br>Шарты:балалар құстардың макетін ұқсастықтарына қарай топтастырып,санайды.<br>**(математика негіздері,танымдық-коммуникативтік іс-әрекет)**<br><br>Балалармен жеке жұмыс.<br>Тәрбиеші жоспары бойынша. |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. | | | | |
| **Серуен** | **Серуен №18**<br>**Жәндіктерді бақылау** | **Серуен № 19**<br>**Ауа-райының салқындауын бақылау.** | **Серуен №20**<br>**Қоңыр күзді бақылау,салыстыру** | **Серуен №15**<br>**Күзгі ағашты бақылау.** | **Серуен №16**<br>**Аула сыпырушының еңбегін бақылау** |
| | | | | | |

| | |
|---|---|
| **Балалар-дың үйге қайтуы** | Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу<br>Кеңес: Бала өміріндегі ертегінің маңызы.<br>Баламен жылы жүзді қоштасу. **(сөйлеуді дамыту, тілдік-коммуникативтік іс-әрекет)** |

**Бекітемін:**
**№17 "Шұғыла"бөбекжай-балабақшасы**
**әдіскері Ахметова Г.К**

# Циклограмма

**Білім беру ұйымы:** №17«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы
**Тәрбиеші:**Серғазықызы А.Оразғалиева Н.
**Топ:** №10 «Ақбота» мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:**қыркүйек айы, ІІІ- апта (18-22 аралығы)

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналар-мен әңгімелесу** | Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбикемен бірлескен жұмыс. Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Денсаулығына, тазалығына назар аудару. Ата-анамен баланың үйдегі денсаулығы жайында әңгіме жүргізу. **(сөйлеуді дамыту, тілдік-коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | **Д/о: «Дұрыс көрсет, ажырат»** **Мақсаты:** Балаларға тағамдар мен ыдыстар туралы түсінік бере отырып, олардың атауларын атай алуды үйрету.**(қоршаған ортамен таныстыру,әлеуметтік-коммуникативтік іс-әрекет)** | **Д/о: «Өзім және отбасым»** **Мақсаты:** Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінік беру**(сөйлеуді дамыту, тілдік-коммуникативтік іс-әрекет)** | Д/о:**«Гүлдерді күтеміз»** **Мақсаты:** балалағар табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын үйрету**(қоршаған ортамен таныстыру,әлеуметтік-коммуникативтік іс-әрекет)** | **Д/о«Бұны қай кезде киеді?»** **Мақсаты:** әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін сурет арқылы топтастыра алуға үйрету**(сөйлеуді дамыту, тілдік-коммуникативтік іс-әрекет)** | **Д/о:Бақша да ма,бау да ма?** **Мақсаты:** Жемістер мен көкөністер , олардың айырмашылықтары туралы үйрету**(көркем әдебиет, тілдік-коммуникативтік іс-әрекет)** |
| | | | | | |
| **Таңертеңгі гимнастика** | Қыркүйек айының **3 –аптасына** арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген. Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қалыптасуына үйрету **(дене шынықтыру,физикалық-танымдық іс-әрекет)** | | | | |

<table>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау<br>Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру.<br>Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз.<br>Ойын- жаттығуСылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаңсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.(сөйлеуді дамыту, тілдік-коммуникативтік іс-әрекет)</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Ойындар, ҰІӘ-ке дайындық</td><td colspan="5">ҰІӘ-тің өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.</td></tr>
<tr><td>Дидактикалық ойын : «Жеке гигиена заттарын таңда»<br>Мақсаты:заттарды тани білуге және атай білу.(қоршаған ортамен танысу-танымдық ойын, коммуникативтік қызмет)<br><br>Сюжетті рөлді ойын:<br>«Қуыршақты тамақтандыру»<br>( қарым – қатынас әс-әрекеті ,мәдени-гигиеналық дағдылар</td><td>Дидактикалық ойын : «Суретшінің қатесін тап?»<br>Мақсаты: берілген суреттерді салыстыра отырып, қатесін таба білуге, ұқыптылыққа,зейінділікке баулу. ( сурет салу-шығармашылық – зерттеушілік қызмет)<br><br>«Үйшік» ертегісін рөлдерге бөлу.<br>Мақсаты: кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету.<br>(көркем әдебиет, қарым-қатынас,)</td><td>Дидактикалық ойын: «Ретімен орналастыр»<br><br>Мақсаты: мөлшері және көлемі бойынша ретімен орналастыру,атау.<br>(математика негіздері-ойын,танымдық, коммуникативтік іс-әрекет)<br><br>Сюжетті рөлді ойын: «Отбасы»<br>(қоршаған ортамен танысу-танымдық ойын, коммуникативтік қызмет)</td><td>Бейнелі –рөлдік ойын «Отбасы» Мақсаты: балаларды рөлдерді бөлуге және орындауға ,өзара әрекеттесуге үйрету.<br>(қоршаған ортамен танысу-танымдық ойын, коммуникативтік қызмет)<br>«Бауырсақ» ертегісін рөлдерге бөлу.<br>Аз қимылды ойын: «Ұшты, ұшты»<br>«Сақина тастамақ»<br>Қимылды ойын:<br>«Өз жұбыңды тап»</td><td>Ойын:«Жолда жүру ережесі»<br><br>Шарты: Жол белгілерін атай отырып, жолда жүру ережесін сақтайды, көрсетеді. (қоршаған ортамен танысу-танымдық ойын, коммуникативтік қызмет)<br><br>Сюжетті рөлді ойын:<br>«Дәрігер»<br>( физикалық, коммуникативтік дағды).</td></tr>
<tr><td>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша</td><td>Сөйлеуді дамыту<br>Өлең оқу. «Ойыншықтар» Н. Әлімқұлов.<br>Біздерде бар қуыршақ,</td><td>1.Сауат ашу негіздері<br>Д/о: «Көңілді тіл»<br>Мақсаты: «Сөз», «дыбыс» түсініктері қалыптасады,</td><td>Сауат ашу негіздері<br>Д/о: «Жоғалған буын».<br>Мақсаты: Сөздердің бір буыннан да, көп буыннан</td><td>Сауат ашу негіздері<br>Д/о: «Сөз өзгеру»<br>Мақсаты: Сөздердің бір буыннан да, көп буыннан да</td><td>Көркем әдебиет<br>«Кім жылдам?»<br>Мақсаты:<br>-Балаларға ойыншықтар</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ҰІӘ** | Бұзау қозы құлыншақ<br>Ойыншықтар тыңдайды,<br>Емес олар ұрыншақ.<br>Қуыршақтар ұйықтайды,<br>Айтқанымнан шықпайды<br>Бұзау, қозы, құлыншақ,<br>Маған қабақ шытпайды.<br>Өлең не туралы айтылған?<br>**Мақсаты:** Балалардың ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту. Олардың жасалу жолдарын түсіндіру. Ойыншықтарды сипаттау арқылы баланың сөздік қоры дамыту. **(сөйлеуді дамыту, тілдік-коммуникативтік іс-әрекет)**<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:Ойыншықтар**<br>**Д/о : «Кім тапқыр?»**<br>**Мақсаты:** Балаларға ойыншықтардың қандай материалдан жасалғаны туралы түсіндіру,әңгіме құрастыруға үйрету.<br><br>Мен сендерге жұмбақ жасырамын, соған жауап берсендер «Ойыншықтар әлеміне» саяхаттаймыз.<br>Аяғы бар жүрмейді<br>Ауызы бар күлмейді<br>Айнымайды бөпемнен<br>Тек сөйлеуді білмейді. | дыбыстардың екі тобымен - дауысты, дауыссыз дыбыстармен танысады.<br>Шарты:Тіл және тыныс алу гимнастикасы жүргізіледі.<br><br>**Д/о: «Жел соғады»**<br>Мақсаты: тілдің бұлшық етін белсендіру<br>Шарты:«Дыбыс», «дауысты», «дауыссыз» дыбыстар ұғымдары қалыптасады. **(сауат ашу, тілдік-коммуникативтік іс-әрекет)**<br><br>**2.Математика негіздері**<br>**Л/о: «Кім тапқыр?»**<br>**Мақсаты:** Балаларға кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету.<br><br>1. Бір жылда неше жыл мезгілі болады?<br>2. Бір аптада неше күн бар?<br>3. Төртбұрышта неше бұрышы бар?<br>4. 5 саны мен 7 санын арасында қай сан бар? **(математика негіздері,танымдық- іс-әрекет)** | да тұратынын түсіндіру. Сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын үйрету.<br><br>Ойынның шарты: жылдам ойлап, келесі буынды табу Балаларды екі топқа бөлу.<br>- Мен бірінші буынды көрсетемін, сендер жоғалған буынды табасыңдар.. Қай қатардағы топ бұрын аяқталса, сол топқа бір - бірден ойыншық қойылады.<br>- Ал, енді ойынымызды бастайық:<br>Үй, -, бө - - не, қар -, сауыс -, тыр -, кө -, тор -, бүр -.<br>**Ой қозғау.**<br>**Буындардан сөз құрау.**<br>- Енді әуе шарларына жазылған буындардан сөз құрау: Ұ - зақ, көкек, қар - лы - ғаш, тор - ғай, тыр - на, боз - тор - ғай.<br>Осы сөздерді қатыс-тырып сөйлем құрау.<br>Ұзақ – жыл құсы. Торғай шырылдады. Тырна ұшып келді. **(сауат ашу негіздері,)** | тұратынын түсіндіру. Сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын үйрету.<br>Шарты: Буынға әріпті қосу арқылы жаңа сөз шығару. **(сауат ашу негіздері, тілдік-коммуникативтік іс-әрекет)**<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:Гүлдер.**<br>**Д/о: «Сипатта»**<br>**Мақсаты:** балаларға гүлдің ерекшеліктері мен әдемілігін сипаттап әңгіме құрауға үйрету.<br>Шарты:Сурет бойынша әңгіме құрастыру<br><br>Жұмбақ жасыру<br>Су құйсаң болды,<br>Жайқалып өседі. **( Гүл)**<br>**Тосын сәт**<br>**Хат келу. Хатты оқу.**<br>Сәлеметсіздерме балалар. Бүгін менің туған күнім. Сендермен дос болып, туған күніме шақырып жатырмын. Сендерді күтемін.<br>Сұрақ- жауап.<br>Қуыршақтың туған күніне сыйлыққа не апарамыз.<br>Гүл апарсақ қалай болады?<br><br>**Ой дамыту.** | туралы түсінік беру<br>-Ойыншықтардың аттарын атап, оларды бір - бірінен түсіне, көлеміне қарай ажырата білуге үйрету.<br>**Шарты:** Ойыншықтарды көрсеткенде олардың аттарын жылдам айту керек.( **көркем әдебиет, тілдік-коммуникативтік іс-әрекет)**<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Тақырыбы:Ойыншық<br>**Танымдық ойын: «Топтастыр»**<br>**Мақсаты:**балаларға ойыншықтарды пайдасына, ерекшеліктеріне ,жасалған материалдарына қарай таңдауды үйрету.<br>Шарты: Ойыншықтарды топтастыру. **(қоршаған ортамен таныстыру, әлеуметтік іс-әрекет)**<br><br>**2.Денешынықтыру**<br>**Педагог жоспары бойынша**<br><br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**1 ден10 ға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (Қуыршақ)<br>**Поездбен саяхат.**<br>Айгүл қуыршақпен кездесу. Ойыншығын жоғалтып алып, көмек сұрап тұр. Көмектесеміз бе? **(көркем әдебиет, тілдік-коммуникативтік іс-әрекет)**<br><br>**3.Д/о: «Кім тапқыр?»**<br>**Мақсаты:** Балаларға отбасы туралы түсінік беру. Отбасы мүшелерін сыйлауға тәрбиелеу.<br><br>Шарты:Жұмбақ тың шешуін табу.<br>Дегенімді жасайтын<br>Қалған тамағымды асайтын,<br>Ертіп алып жетектеп<br>«Немерем» – деп атайтын?<br>Кім ол?<br>**(Ата)**<br>Ертегі айтып беретін<br>Айтқаңына сенетін.<br>Дегеніңді екі етпей<br>Жаңында сенің жүретін.<br>Кім бұл?<br>**(Әже)**<br>Кіріңді сенің жуатын<br>Үйді шаштың деп қуатын<br>Тамағыңды дайындап<br>Жақсы көріп тұратын.<br>Бұл кім екен? | | **2.Л/о: «Жол картасын бейнеле»**<br>**Мақсаты:** Балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету<br><br>Шарты: Пішіндермен жұмыс.<br>Кеңістікті бағдарлау.<br>Күн, тал, құс, шөп, су, бұлт, гүл.**(математика негіздері,танымдық-коммуникативтік іс-әрекет)**<br><br>**3.Музыка**<br>**Педагог жоспары бойынша**<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:**<br>**Ойыншықтар туралы түсінік беру.**<br>**Мақсаты:** Балалардың ойыншықтар туралы түсініктері кеңейту. Ермексаз арқылы олардың жасалу жолдарын түсіндіру.<br>.<br>– Сурет бойынша әңгіме.(ойыншықтар туралы)<br>-Балалар немен қайда ойнап жатыр? | Гүл туралы мағлұмат беру **(қазақ тілі, тілдік-коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**2.Денешынықтыру**<br>**Педагог жоспары бойынша** | дейінгі сандар<br>**Ой дамыту. Ертегі**<br>1,2,3,4,5,6,7,8,9,10. қане тура және кері санайық. Осылайша сандар рет-ретімен тұрыпты да бір күні үш бұрыш келіп бір санды, төрт бұрыш келіп бір санды алып кетіпті. Қане кім табады?<br>Үш бұрыш қандай санды, төрт бұрыш қандай санды алып кеткен?<br>Неліктен?<br>Содан бастап үш бұрышта үш ғана бұрышы, төрт бұрышта төрт ғана бұрыш болыпты.<br>Үй тұрғызғанда қандай пішін қолданамыз?<br>**(математика негіздері,танымдық іс-әрекет)**<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:Үй**<br>**Д/о: «Кім тапқыр?»**<br>**Мақсаты:** балаларды үй тұрғызу,құрылыс,құрылысшы ұғымдарымен таныстыру.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Қарбырғасы төртбұрыш,<br>Үш бұрыштан шатыры<br>Зәулім сарай білсеңіз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(Анамыз)** ? **(қазақ тілі, тілдік-коммуникативтік іс-әрекет)**<br>**4.**Музыка | | -Атау.<br>-Басқа қандай ойыншықтарды білесіңдер?<br>-Ойыншықтар неден жасалады? **(мүсіндеу , танымдық-коммуникативтік , шығармашылық іс-әрекет)**<br><br>**Денешынықтыру**<br>**(таза ауада)**<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Тақырыбы:Ойыншық<br>**Д/о:Дүкенге саяхат.**<br>**Мақсаты:**Ойыншықтар және олардың достығы туралы қысқа әңгіме құрастыруға,достықты қадірлей білуге үйрету. Шарты: балалар машина, қуыршақ, кірпі, күшік, робот, автобус, құрылыс материалдары, т.б. әртүрлі материалдан жасалған ойыншықтардың ішінен өзіне ұнаған ойыншықтың біреуіне сипаттама жасайды**)**<br>**(қоршаған ортамен** | | Паналайсыз кірсеңіз **(Үй)**<br>**Суретпен жұмыс**<br>**Сұрақ-жауап**<br>-Үйді кімдер тұрғызады? терезе,есіктері, шатырлары көлемдеріне көңіл аудару<br>Қала мен ауыл үйлерінің айырмашылығы неде?<br>Мен құрылысшы боламын, Зәулім үйлер саламын.<br>Өз қаламды көркейтіп,<br>Ел алғысын аламын.<br>**(сөйлеуді дамыту, коммуникативтік іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **таныстыру, әлеуметтік,коммуникативтік іс-әрекет)** | | |
| **Серуенге дайындық** | Жүйелі киініп серуенге шығу .<br>Ойын жаттығу: «Кім дұрыс киінеді»<br>Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу**(сөйлеуді дамыту, коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |
| **Серуен:** | **Картотека №13**<br>**Күнді бақылау** | **Картотека №14**<br>**Мысықты бақылау** | **Картотека №15**<br>**Күзгі ағашты бақылау** | **Картотека №16**<br>**Аула сыпырушы жұмысын бақылау.** | **Картотека № 17**<br>**Бақша бақылау.** |
| | Күз серуен картотекасынан. Картотека қосымша тігілген | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Ойын- жаттығу Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз.<br>Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.<br>Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.**(сөйлеуді дамыту, коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Ойын- жаттығу** :<br>Ас ішер кезде,<br>Сөйлемейміз, күлмейміз<br>Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз.<br>**Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!" (сөйлеуді дамыту, тілдік-коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |
| **Ұйқы** | Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары** | **№11. Ояну**<br>Қандай ғажап керемет,<br>Әсем есік ашылды.<br>Түрлі - түсті бояулар,<br>Аспанда жайылып шашылды<br>Ұйқым шайдай ашылды<br>**(Физикалық,коммуникативтік іс-әрекет)** | **№2.1. Ояну**<br>Балапандар тұрайық<br>Көзімізді ашайық<br>Жан-жаққа біз қарайық<br>Бір күлімдеп алайық.<br>**(Физикалық,коммуникативтік іс-әрекет)** | **№3 1. Ояну**<br>Көзімізді ашайық<br>Бойымызды жазайық<br>Қолмен көзді ұқалап<br>Созылып бір алайық.<br>**(Физикалық,коммуникативтік іс-әрекет)** | **№41. Ояну**<br>Көзіміз ашылды<br>Ұйқымыз басылды<br>Дем алдық ұйықтадық<br>Шаттанып ойнайық.<br>**(Физикалық,коммуникативтік іс-әрекет)** | **№51. Ояну**<br>Оянайық балалар<br>Маған тезірек қарандар<br>Шапалақты ұрайық<br>Орнымыздан тұрайық.<br>**(Физикалық,коммуникативтік іс-әрекет)** |
| | **Ұйқыдан ояту жаттығу кешені картотекасынан . Картотека қосымша тігілген** | | | | |
| **Бесін ас** | Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. . **(қоршаған ортамен таныстыру, әлеуметтік,коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | **Д/о «Пайдалы азық - түліктер»** **Мақсаты:** балаларға денсаулыққа пайдалы азық – түліктерді біле жүруге үйрету. **(қоршаған ортамен таныстыру, әлеуметтік,коммуникативтік іс-әрекет)** | **Қ/о: «Қасқыр мен көжектер» Мақсаты:**Балаларды шапшаңдыққа,тез шешім қабылдауға үйрету **(дене шынықтыру,физикалық-танымдық іс-әрекет)** | **Сюжетті ролді ойын «Балапан» ертегісі** Мақсаты: Балалар ертегі кейіпкерлерін сомдауға дағдыланады **(көркем әдебиет,коммуникативтік-танымдық іс-әрекет)** | **Қ/о: «Аю мен аралар» Мақсаты:**Балаларды шапшаңдыққа,тез шешім қабылдауға үйрету **(дене шынықтыру,физикалық-танымдық іс-әрекет)** | **Қ/о: «Мысық пен тышқандар» Мақсаты:**Балаларды шапшаңдыққа,тез шешім қабылдауға үйрету **(дене шынықтыру,физикалық-танымдық іс-әрекет)** |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. | | | | |
| **Серуен** | **Картотека №13 Күнді бақылау** | **Картотека №14 Мысықты бақылау** | **Картотека №15 Күзгі ағашты бақылау** | **Картотека №16 Аула сыпырушы жұмысын бақылау.** | **Картотека № 17 Бақша бақылау.** |
| | **Таңғы серуен кешенін бекіту. Картотека қосымша тіркелген.** | | | | |
| **Балалар-дың үйге қайтуы** | Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу.<br>Балалардың тәртібі жайлы әңгімелеу.<br>Төлем ақыларын уақытымен төлеуін айтуБалалардың үйге қайтуы..<br>Балалардың сұранып үйге қайтуы**(қоршаған ортамен таныстыру, әлеуметтік,коммуникативтік іс-әрекет)** | | | | |

**Бекітемін:**
**№17 "Шұғыла"бөбекжай-балабақшасы**
**әдіскері Ахметова Г.К**

# Циклограмма

**Білім беру ұйымы:** №17«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы
**Тәрбиеші:**Серғазықызы А.Оразғалиева Н.
**Топ:** №10 «Ақбота» мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** қыркүйек айы, IV- апта (25-30 аралығы)

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-ана-лармен әңгімелесу** | Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу.<br>Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс<br>**Ата-аналармен жұмыс:**<br>«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. **(сөйлеуді дамыту,коммуникативтік-танымдық іс-әрекет)** | | | | |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | Д/о: **«Телефон»**<br>**Мақсаты:** естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізуге,диалог құрап сөйлеуге үйрету.<br>**(сөйлеуді дамыту, коммуникативтік-танымдық іс-әрекет)** | **«Не қайда тұрады?»**<br>**Мақсаты:** Ойын арқылы балалардың тілін, ой-өрісін дамыту**(көркем әдебиет,коммуникативтік-танымдық іс-әрекет)** | **Санамақ айту**<br>**Бір үйде біз нешеуміз?**<br>**(математика негіздері,танымдық-коммуникативтік іс-әрекет)** | **«Орнын тап»**<br>**Мақсаты:** балалар өз бөлмесіне қажетті заттардың аттарын айтып, суреттен таба алады.<br>**(математика негіздері,танымдық-коммуникативтік іс-әрекет)** | **«Апта күндері»**<br>**Мақсаты:** Апта күндерін атап, есте атай алады. **(сөйлеуді дамыту, коммуникативтік-танымдық іс-әрекет)** |
| | | | | | |
| **Таңертеңгі гимнастика** | Қыркүйек айының **4–аптасына** арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.<br>Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қалыптасуына үйрету<br>**(дене шынықтыру,физикалық-танымдық іс-әрекет)** | | | | |

<table>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау<br>Ойын- жаттығу :<br>Ас ішер кезде,<br>Сөйлемейміз, күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Ойламаймыз білмейміз.<br>Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!"<br>Рахмет айтуға тәрбиелеу (коммуникативтік іс-әрекет)</td></tr>
| | **Көлік түрлері.**<br>**Мақсаты:** Қозғалыс ортасымен қолданылуы бойынша көлік түрлерін ажырату және сипаттау Көлік түрлерінің пайдасын біледі.<br>**Дид/ойын: Гараждар**<br>**Мақсаты:**<br>геометриялық<br>пішіндер жайлы білімдерін бекіту; ойлау қабілеттерін дамыту; жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету.<br>**Шарты:**Балалар жүргізуші болады. Қолдарына суреті бар рульдерді таратып беру. Белгі бойынша балалар көліктерін жүргізіп ойнайды. «Көліктеріңді гараждарыңа апарып қойыңдар» - деген кезде, рульдегі суретіне ұқсас суреті бар гараждың жанына барып тұра қалады.<br><br>**Дид ойын: «Сөйлемді толықтыр»**<br>1.Егер жермен жүрсе ,бұл ... (Жерде) көлігі.<br>Жермен жүретін көлік түрлерін атаңдар? | **Тақырыбы :** Өткенді қайталау<br>**Психологиялық ахуал**<br>**Математикалық**<br>**жарыс**<br>**№1 тапсырма.** Топтар бойынша хормен тура және кері санайды. Бір санды аттап санайды.<br>**№2 тапсырма**.<br>-Тақтадағы фишкаларға қараңдар.<br>-Олардың ұқсастығы қандай?<br>-айырмашылығы қандай?<br>-Соңғы фишканы толықтыр.<br>**№3 тапсырма. Құрлымдалған ойын «Тізбекті жалға»**<br>-Неше фигура? Бұлар қандай фигуралар? Оларды атаңдар. Фигуралардың қандай ретпен орналасқанын қараңдар. Орналасу заңдылығын бұзбай, бос торкөзге жетпей тұрған фигураны қойыңдар.<br>-Мына фигуралар неге ұқсас?<br>**№5 тапсырма.**<br>-Ұзындығы<br>бойынша<br>салыстырыңдар.<br>Заттарды салыстыру<br>**№6тапсырма.**<br>Түсі, пішіні, өлшемі бойынша қораптарға салу, яғни қорапқа түймелерді сызық жүргізу арқылы салу керек<br>**Қортынды**<br>Сұрақ-жауап | Жарайсыңдар балалар біз әжемізді өзеннен өткіздік.<br>-Әтеш сөзі қай дыбыстан басталып тұр?<br>–Бүгін Ә дыбысы және әрпімен танысады екенбіз.<br>-Ә дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? Бұны білу үшін бәріміз Ә деп әндетейік.<br>-Қандай дыбыс екен? – Дауысты<br>-Ә ауыз мол ашылып, тіл мен иектің төмен түсуінен пайда болатын жіңішке дауысты дыбыстың таңбасы. Көбінесе сөздің бірінші буынында қолданылады.<br>Өзеннен өтіп орманға келдік.<br>-Орманды қане көз алдымызға елестетейікші.<br>-Қандай аңдарды білетін едік?<br>-Олай болса әжені кедергілерден әрі қарай өту үшін тапсырмаларды орындап біз әжеге көмектесейік.<br>**1. Қасқырға кездесу**<br>Қасқырдың тапсырмасы: Әәрпінен сөз ойлау, буынға бөлу**ән** сөзіне дыбыстық | **Барысы**: Тәрбиеші төмендегі бейнелерді геометриялық пішіндерден алып бейнелер құрайды.<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:** Көшеде өзін ұстау.<br>**Дид ойын: «Бағдаршам»** Шарты: Жолдан қалай өту керек екенін көрсету.<br>**Дид ойын «Сақ бол!»**<br>**Шарты:**<br>Қызыл көзін жағады. (қозғалмай тұру)<br>Сары көзін жағады. (қол шапалақтау)<br>Жасыл көзін жағады. (бір орында тұрып жүру).<br>Балалар ойынды қызыға ойнады.<br>**5. Ой қозғау**<br>**Сұрақ-**<br>**жауап**<br>Үлкен жолда доп ойнауға, велосипедпен көшеде жүруге бола ма?<br>-Келе жатқан көліктің алдынан өтуге бола ма?<br>Балалардың жауаптары.<br><br>.<br><br>**Дене шынықтыру** | жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау..<br>**Дид ойын : « Жүргізуші мен жаяу адам ».**<br>**Ойын шарты:**<br>жүргізушілер мен жаяу адамдар жолдағы ережелерге<br>мұқият қарап орындаулар қажет.<br><br>**Дид ойын «Бағдаршам»**<br>Шарты: Балалар дөңгелене тұрады қызыл түсті көтергенде –балалар бір адым артқа жылжиды. Сары түсті көтергенде қол шапалақтайды, жасыл түсті көтергенде орнында тұрып жүреді.<br>**Қорытынды.**<br>**Дид**<br>**ойын«Болады, болмайды»**<br>Шарты: балалардың тақырыпты меңгергенін анықтау<br><br>**Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы:** Ә. Табылдиев "Бағдаршам" өлеңін жаттау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2. Егер сумен жүрсе ,бұл<br>... (Суда) көлігі.<br>Сумен жүретін көлік түрлерін атаңдар?<br>3. Егер әуемен жүрсе ,бұл<br>... (Әуеде) көлігі.<br>**Музыка**<br>**(** жетекші жоспары бойынша**)**<br><br>**Қазақ тілі.**<br>**Тақырыбы:** Көліктер не үшін керек?<br>**Мақсаты:**<br>Көліктердің түрлерімен таныстыру.<br>**Дид ойын: «Көліктер түрі»**<br>Балаларға түрлі көліктердің суретін таңдап 3 топқа бөлініп тапсырмалар беру.<br>**1 топ –**жеңіл машина суретін бояйды.<br>**2 топ** – ұшақ құрастырып жапсырады.<br>**3 топ.** –көліктер туралы әңгімелеп береді.<br>Тіл ұстарту жаттығуы: Ме-ме-ме – мынау КЕМЕ Ақ-ақ-ақ – ұшады ҰШАҚ Ақ-ақ-ақ – менде бар ТІКҰШАҚ<br>Ық-ық-ық – жүзеді ҚАЙЫҚ | Балаларды мадақтау. | талдау жасау.<br>-Ән, дәрі,әтеш, әке<br>-Қасқырдың сыйластық жақсы сөзі: Жолың болсын!<br>**Сергіту жаттығуы:**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Көгершінге ұқсайық.<br>Кәне қанат қағайық,<br>Орнымызды табайық.<br>Әдемі етіп, жазайық.<br>**2. Қоянға кездесу.**<br>ә) Буындардан сөз құрау.<br>əн, қа, ша, са т.б.<br>«Саған сәттілік тілеймін!»<br>**3. Аюға кездесу.**<br>**-Дыбыс деген не?**<br>**-Әріп деген не?**<br>Дыбысты айтамыз, естиміз.<br>Әріпті жазамыз, көреміз.<br>Әріптің баспа, жазба түрі бар.<br>Ə әрпін ауада жазу, тақтада жазу.<br>**Балаларды топқа бөлу.**<br>**1-топ .** Әже сөзіне дыбыстық талдау, текшемен жазу.<br>**2-топ.** Әке сөзіне дыбыстық талдау, текшемен жазу.<br>**3-топ.** Әтеш сөзіне дыбыстық талдау, текшемен жазу.<br>**Тіл ұстарту жаттығуы:** | (Жетекші жоспары бойынша ) | **«Бағдаршам»**<br>Менің атым-бағдаршам<br>Кеудем толы жанған шам<br>Қызыл көзім жанғанда<br>Сақ болыңдар тоқтаңдар!<br>Сары көзім жанғанда<br>Сабырлылық сақтаңдар!<br>Жасыл шамды көрсеңіз<br>Бола береді өтсеңіз!<br>.<br>**қимылды ойын: «Бағдаршам»**<br>Балалар бағдаршамның қызыл түсі көрсеткенде тұрамыз,сары түсін көрсеткенде қол шапалақтаймыз,жасыл түсін көрсеткенде жүреміз<br><br>**Дене шынықтыру**<br>(Жетекші жоспары бойынша ) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ік-ік-ік – бәрінің аты КӨЛІК<br>Жұмыстарын бағалау. | | Ән-ән-ән,<br>Қамба толы дән.<br>**Қорытынды жасау.**<br>**«Кім зерек?»**<br>Дауысты дыбыстарды қызыл түсті үйге, дауыссыз дыбыстарды көк түсті үйге сызық арқылы қосу.<br><br>**Музыка**<br>**Педагог жоспарымен**<br><br>**Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы: Көліктермен таныстыру.**<br>**Мақсаты:**Көліктер, олардың түрлері, жетілдіру.Суда жүретін көліктер туралы түсінік-терін қалыптастыру .<br>Заттарды санау дағдыларын жетілдіру.<br>Қайық бейнесін мүсіндей білуді үйрету<br><br>**«Сиқырлы суреттер» мақсаты:** балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.<br><br>**Ойынның мазмұны:**<br>Балалар алдарындағы үлгі | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.<br><br>**«Не қайда жүреді?»**<br>Шарты:Көлемді бейнелі сурет арқылы көліктердің жүру жолдарын тауып,көліктерді орналастыру.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**«Көлік жүргізушісі кім?»**<br>**Мақсаты:**Адамның бейнесін, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау)<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**«таза ауада)** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ,<br><br>. | | |
| Серуенге дайындық | **Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.**<br>**Киіну:** Серуенге шығу, аяқ киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру | | | | |
| Серуен: | **Торғайларды бақылау**<br>**Мақсаты:**Қыстап қалатын құстар жайлы білімдерін толықтыру;Қыс мезгіліндегі құстардың мінез-құлықтарындағы өзгешеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>— құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Еңбек қызметі**<br>Құстар қонақтайтын, жем шашатын жерді қардан тазалау.<br>Мақсаты: еңбекке деген ықыластарын арттыру.<br>**Қимылды ойын** «Нысанаға тигіз».<br>Мақсаты: қшып бара жатқан | **Ауладағы ағаштарды бақылау**<br>**Мақсаты** :ағаштар туралы білімдерін молайту;ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Қыс» Р.Сәбитұлы**<br>Қар жамылды бақтарым<br>Қыратым да, сайым да.<br>Тағыпты қыс ақ қарын,<br>Үкі етіп қайыңға.<br>Бүркеніп ақ желекті,<br>Жарқырайды маңайым. | **Желді бақылау**<br>**Мақсаты**:өлі табиғат туралы білімдерін байыту;табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>**Баларға сұрақтар:**<br>Бүгін ауа райы қандай? (суық, желді, аязды)<br>Қыс мезгілінде желді қалай атайды? (боран,үскірік)<br>Бүгін жел қай жақтан соғып тұр? Оны қалай анықтауғаболады?(компаспен, зырылдауықпен) | **Жеңіл көліктерді бақылау**<br>**Мақсаты:** автомобильдер туралы білімдерін бекіту, оларды түрлері бойынша ажырата білу, жолда жүру тәртібі туралы білімдерін кеңейту.<br>Балабақша жанындағы жолдан өтетін қандай көліктерді білесіңдер?<br>**Баларға сұрақтар:** Көліктерді қандай топтарға бөлуге болады? (жеңіл, жүк, қоғамдық, арнайы көліктер)<br>Көліктер қоршаған ортаға қандай әсер етеді? (ауаны түтіндерімен, асфальт бетін бензин т **Қимылды ойын** | Құстарды бақылау.<br>Олардың іздерін іздеу<br>Құстарды тамақтандыру<br>Ұяларын қарау, қардан тазалау.<br>**(Танымдық, еңбек іс-әрекеті)**<br>Қар бетіне алақандарын қосып басып, құстың қанаттарын салу. **(бейнелеу іс-әрекет )**<br>**Қимылды ойын** «Ұшты ұшты» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | заттың бағытын бақылау, қозғалыстың дұрыс орындалуын есептей білу. | Ойға шомып теректің,<br><br>Ақ шалыпты самайын.<br><br>**Еңбек**<br><br>Жолды қардан тазалау.<br><br>Мақсаты: аула қараушыға көмектесу.<br><br>**Қимылды ойын:** «Кім аққалаға бұрын жетеді?»<br><br>Мақсаты: доға астынан еңбектеп өту дағдыларын жетілдіру. | Жел қалай пайда болады?<br><br>**Еңбек**<br><br>Сырғанақ төбешік соғу<br><br>Мақсаты: бір-біріне деген жағымды көзқараста болуға тәрбиелеу.<br><br>**Қимылды ойын** «ең мерген кім?». | «Бағдаршам».<br><br>Мақсаты: белгі бойынша әрекет етуге, қимыл-қозғалыстарды дұрыс орындай білуге үйрету.<br><br>амшыларымен ластайды)<br><br>Көліктердің қандай пайдасы бар? (адамдарды, жүктерді қажет жеріне тез апарады) | |
| | **Қысқы серуен картотекасынан . Картотека қосымша тіркелген.** | | | | |
| Серуеннен оралу | Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. | | | | |
| Түскі ас | **ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ**. .Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. **Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз** | | | | |
| Ұйқы | **Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.** | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, шын-ықтыру шаралары | **№ 2**<br>Балапандар тұрайық<br>Көзімізді ашайық<br>Жан-жаққа біз қарайық<br>Бір күлімдеп алайық. | **Жаттығу кешені №6**<br>Балалар тұрайық<br>Көзімізді ашайық<br>Қолымызды созып<br>Шынығып бір алайық. | **Жаттығу кешені №7**<br>Балапандар тұрайық<br>Көзімізді ашайық<br>Жан-жаққа біз қарайық<br>Бір күлімдеп алайық. | **Жаттығу кешені №8**<br>Ұйқыдан біз тұрамыз<br>Көзімізді ашамыз<br>Жан-жағымызға қарайық<br>Төсектен біз тарайық | **Жаттығу кешені №9**<br>Ұйқыдан біз тұрайық<br>Көзімізді ашайық<br>Анда- мында созылып<br>Тарқасайық, тұрайық |
| | **Ұйқыдан очту жаттығу картотекасынан. Картотека қосымша тігілген** | | | | |
| **Бесін ас** | Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. | | | | |
| Балалардың дербес | **Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Гу-гу етеді, | **Жұмбақтар шешу**.<br>1)Ұйқымыздан тұрамыз,<br>беті қолды жуамыз, | **Дид ойын «Тізбекті жалға»**<br>-Неше фигура? Бұлар қандай фигуралар? Оларды | **Өлең жаттау.**<br>**Қ. Мырзалиев «Не үшін керек»** | **Достық ережесін түсіндіру.**<br>--Жолдастарыңа көмектес.<br>-Егер қолыңнан бір нәрсе |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер) | Жолда жүреді.**(машина)**<br>Балаларға көліктерді көрсету. Бірнеше көлік түрлерінің суреттерін көрсетіп, қандай көліктер не үшін пайдаланылатынын әңгімелесу. Қандай көліктерді ұнататының сұрау?<br>**Балалардың өз бетінше жұмысы**<br>Үлгі көрсету,түсіндіру<br>Сіріңке қорабынана машина құрастыру.<br>Жеке көмек. | балабақ шамызға келеміз. бұл қай кезде болады? **(таңертен)**<br>2) Біз тәртіпті боламыз, сабақты да оқимыз. Серуенге шығамыз, қыдырамыз ,бұл қай кезде болады? **(күндіз)**<br>3) Күн батады қызарып, анамызды күтеміз.Бұл қай кезде болады **?(кеш)**<br>4) Уйлерде шам қызарып, демалады әлем деп, әлдилеп ақ әжем ертегі оқиды. Бұл қай кезде болады **(түн)** | атаңдар.<br>Фигуралардың қандай ретпен орналасқанын қараңдар. Орналасу заңдылығын бұзбай, бос торкөзге жетпей тұрған фигураны қойыңдар.<br>-Мына фигуралар неге ұқсас? | Екі көзің не үшін керек?<br>Жақсыларды көру үшін<br>Екі қолың не үшін керек?<br>Елге көмек беру ұшін<br>Құлақ деген не үшін керек?<br>Ақыл кеңес тыңдау үшін<br>Тіл мен жағың не үшін керек?<br>Ақиқатты айту үшін,<br>Ал, аяғың не үшін керек?<br>Шетте жүрсем, туған жерге қайту үшін керек. | келсе оларға да үйрет.-Жолдастарыңмен ойын кезінде өзіңе ұнайтын заттарыңмен бөліс.<br>-Егер жолдасың жаман қылық жасаса тоқтатып, дұрыс еместігін айтып түсіндір.<br>-Жанжалдасудан,сөз таластырудан аулақ бол.Тату ойна,мақтанып кетпе.-Жолдасыңның жетістігіне қуан.<br>**Тақпақ.**<br>**«Достармен бірге»**<br>Достар бірге жүреміз,<br>Бірге ойнаймыз, күлеміз.<br>Бірге балық аулаймыз,<br>Міне,біздер қандаймыз!<br>Орман,көлге, шыңға біз,<br>Саяхатқа шығамыз.<br>Бөлінбейді іргеміз,<br>Әрқашанда біргеміз! |
| Жеке баламен жұмыс | **«Көп және біреу»**<br>**Ойынның мақсаты:** көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру | **«Жыл атасы» Мақсаты:** Балаларды жыл мезгілдері және айларымен таныстыру; 1-ден 3-ке дейінгі сандар қатары туралы алған білімдерін бекіту. | **«Аңдарды қоректендір»**<br>**Мақсаты:** 1саны, және цифры туралы алғашқы білімдерін бекіту; қоршаған орта туралы білімдерін кеңейту. | **«Гүлдерді күтеміз»**<br>**Мақсаты:**балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау | **«Табиғат құбылыстарын ажырат»Мақсаты:**<br>Қасиетіне қарай: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту |
| | **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан** | | | | |
| Серуенге | Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| дайындық | | | | | |
| Серуен | Қимылды ойын «Ақсерек көксерек»<br><br>Көңілді музыкаға би билету. **(музыка)**<br>Балалардың еркін ойындары | Қимылды ойын «Поезд»<br><br>Балалардың еркін ойындары<br><br>Қардан көліктің дөңгелегін жасату. | Қимылды ойын «Кетті кетті»<br><br>Балалардың еркін ойындары<br><br>Қағаздан кеме жасату, суға жүздірту және қардың бетіне қойып көру | Қимылды ойын «Ақ серек көк серек»<br><br>Қардан ұялар жасату. | Қимылды ойындар «Түйілген орамал»<br><br>Балалардың еркін ойындары<br><br>Қарды мүсіндеуге арналған пішіндерге салып әр түрлі заттар жасату. |
| | **Таңғы жаттығу картотекасын бекіту. Картотека қосымша тіркелген** | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу | Ата-анаға балаларының балабақшадағы достарымен қарым –қатынасы туралы әңгімелесу. | Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту. | Баланың тәрбиесі туралы әңгімелесу . Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру. | Баланың тәрбиесі туралы әңгімелесу. Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру. |

**Бекітемін:**
**№17 "Шұғыла"бөбекжай-балабақшасы**
**әдіскері Ахметова Г.К**

# Циклограмма

**Білім беру ұйымы:** №17«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы
**Тәрбиеші:**Серғазықызы А.Оразғалиева Н.
**Топ:** №10 «Ақбота» мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** қаңтар IV апта`(22.01.-26.01.2024)

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 22.01.2024 | Сейсенбі 23.01.2024 | Сәрсенб 24.01.2024 | Бейсенбі 25.01.2024 | Жұма 26.01.2024 |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардық абылдау | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу | Достарым әнімен қарсы алу | Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу | Үш түрлі смайликпен қарсы алу | Қонжықтың таңғы тілегімен қарсы алу |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңесберу | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, | **Дьенеш блоктарымен жұмыс** **Дидактикалық ойын:** «Машина жүріп барады», «Биік мұнара», | **«Үстел ойындары»** «Көңілді кубиктер » Мақсаты: Кубиктерді пайдаланып, құрастыруға үйрету. | **Үстел үсті театры:** «Қасқыр мен түлкі» Мақсаты: тапқырлыққа тәрбиелеу, ертегінің соңын өз қиялдары бойынша аяқтау арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту. | **М. Монтессори технологиясымен жұмыс.** Геометриялық пішіндермен әр түрлі құрастыру жұмыстарын жүргізу. | **Дидактикалық ойын: "Бұл не?".** Мақсаты:Суретке қарап не зат екенін ажырата білу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер) | | | | | |
| Таңертенгі жаттығу | Балалар музыка ырғағымен бірінің артынан бірі шеңбер жасап адымдап жүреді. Қолды жоғары көтеріп аяқтың өкшесімен жүреді, қолды белге қойып аяқтың ұшымен ,аяқтың ішкі жағымен, аяқтың сыртқы жағымен жүреді. Жеңіл жүгіру, оң қырындап шеңбер ішіне қарап жүгіру. | Бастапқы қалып,аяқ иық бойымен, қол белде.<br>1 дегенде екі қолды алға созу,<br>2 дегенде қолды жоғары көтеру,<br>3 дегенде қолды жан- жаққа созу,<br>4 дегенде қолды төмен түсіру бастапқы қалыпқа келу | 1″Түсіріп алма»Б.Қ қазақша молдас құрып отыру,доп қолда.1.Допты жоғары көтеру,қолды бүгіп,бастан асыру.3.Допты жоғары көтеру.4.Б:Қ-қа келу. 4-5 рет қайталау.<br><br>2″Допты бастан асырып ұстау»Б:Қ тізерлеп отыру,доп төменде,көтермелеп қолды алдыға созу.2.Б-Қ-қа келу.3-4 рет қайталау.<br><br>3 «Құлау»Б-Қ аяқ иық кеңдігінде,қол доппен төменде.1 допты алға созып,оң аяқпен құлау.2.Б-Қ -қа келу. | Таңғы жаттығу жиынтығы «Доппен жаттығу»<br>1. Бір қатармен жүру,аяқ ұшымен, өкшемен,аяқты көтеріп жүру, жүгіру. (2 мин.)<br>2. Бір қатардан екі қатарға тұру.<br>3. Доппен жаттығу.<br>1. Б.қ қолда доп :1 – алдыға созу , 2 – жоғары көтеру, 3 – алдыға созу , 4 – б.қ –қа келу. 6 рет.<br>2. Б.қ 1 - доп оң қолда екі рет алдыға айналдыру, 2 – доп сол қолда алдыға айналдыру.3 – артқа айналдыру алдымен оң қолмен,артынан сол қолмен. 4-6 рет.<br>3. Б.қ аяқ арасы ашық иықпен, оң қолда доп сол аяққа жеткізу допты,сол қолдағы допты оң аяққа жеткізу. 6 рет. | Тыныс алу жаттығулары.<br>«Қаздар»<br>Б.қ: Аяғымыз алшақ,қолымыз белімізде.<br>Орындалуы: Алдыға қарай еңкейеміз,дыбыс шығару «ш-ш-ш»,түзу тұрамыз. Демімізді алып,аузымыздан шығарамыз.<br>«Ағаш жарамыз»<br>Аяқ алшақ, екі қолды алдыға сермеп, «уф-уф-уф» дыбыс шығару |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| Таңғы ас | **Ойын- жаттығу :Сылдырлайды мөлдір су,**<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаңсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>«Ас дәмді болсын!»<br>Ас құрамымен таныстыру Бала үні. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | **Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ» Барысы:**<br>Ойынға бірнеше бала қатысады.<br>Балалар шеңбер жасап отырады. Жүргізуші шеңбердің сыртын айнала жүгіріп, бір баланың артына білдіртпей тастап кетеді. Сезіп қойған бала жүргізушіні қуып жетуі керек. Ал жүргізуші бала қуған баланың орнына келіп отыра қалуға тырысады. | **«Көңіл-күйді бейнеле»Мақсаты:**<br>Көңіл- күй суреттерін таба алады. (қоршаған ортамен таныстыру) | **Ұлттық ойын: «Түйілген орамал»**<br>**Мақсаты:** Балалардың сөздік қорларының белсенділігін арттырып, тіл ұстарту мақсатында ойлау, түсіну, есте сақтау, жаттап алу қабілеттерін жетілдіру. | **Тіл ұстарту жаттығуы.**<br>За-за-за<br>Біздің аула таза<br>Зу-зу-зу<br>Қызық суда жүзу. | **«Қай мезгілде болады?**<br>**Мақсаты:**Суреттен мезгіл құбылыстарын айта алады.<br>(қоршаған ортамен таныстыру) |
| Білімберуұйымыныңкестесібойыншаұйымдастырылған іс-әрекет | **Сөйлеуді дамыту**<br>**«Мейірімді үш дос»ертегісі**<br>Мақсаты:«Сыйластық» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін ашады; дос, туыс, жақын адамдар арасындағы өзара сыйластық туралы түсініктерін кеңейтеді;<br>**Дид/ойын:«Жалғастыр»**<br>— Үлкендердің алдынан……<br>(кесіп өтуге болмайды.) | **Сауат ашу негіздері.**<br>**И и дыбысы**<br>**Мақсаты:**Сөздерге дыбыстық талдау жасату үйрету .Суреттер қандай дыбыстан басталатынын ауызша анықтауға үйрету, белгілермен қоршату, жасалу жолдарын естеріне түсіру дағдыларын бекіту.Дұрыс отыру, дұрыс жазу ережелерін | | **Сауат ашу негіздері. З з дыбысы**<br>**Мақсаты: З әрпінің баспа, жазбаша түрлерімен таныстыру,- З дыбысы бар сөздерді атау-суреттер көрсету,**<br><br>**Дид/ойын:«Сен тап» Шарты:**<br>Тек сөздің басы айтылады, ал бала оған з' дыбысын қосып | **Көркем әдебиет- К.Чуковский "Телефон"** өлеңін оқып, түсіндіру. Әй телефон,телефон,<br>Мамам келіп бұраса<br>Кім керегін сұраса<br>Тез шақырып келесің.<br>Айтқанына көнесің,<br><br>**Дид ойын: «Телефон» Шарты:Балалар тізбектеліп** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | — Кішкене баланы...............(жылату ға болмайды.)<br>— Құстарды …...................(атуға болмайды.)<br>— Қыз баланы ..................(рен - жітуге болмайды.)<br>—<br>— Топ ішінде …......................(айғай лауға болмайды.)<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырып:** «Мейірімді үш дос »ертегі (театрланд.ған ойын)<br>Мақсаты:Театрландырылған қойылым арқылы балалар тілін дамыту, сөздік қорын молайту, ауызша сөйлегенде дыбыстарды анық айтуға үйрету, кейіпкерлердің іс-әрекеті мен дауыс ырғақтар- ын сәйкестендіре дұрыс сөйлеуге баулу, ертегі барысын, мазмұнын ұғынуға, рөлдерді түсініп ойнауға үйрету, адамгершілікке, қайырымды болуға тәрбиелеу.<br><br>**Музыка (Жетекші жоспары бойынша )** | таныстыра отырып, дене сымбатын дұрыс қалыптастыруға тәрбиелеу.<br><br>**«Тез ата»:**<br>**Мақсаты**:Өткен дыбыстарды қайталау,білімін бекіту. А, Т, Ш, М, Р, С, Д, Ж, Н, , т. б<br><br>**Таяқшамен жұмыс** И әрпін құрастыру И әрпін ауада жазу.<br><br>**Дид ойын:«Буынға бөл»**<br>Ши,ти, кит, иек, тиек,ирек, сирек,иық,қиық,ие, шие, тиын, тиін<br><br>**Инелік, шие сөзіне сөйлемдер құрастыру**. Әжеде ине бар.<br>Инемен киім тікті.<br><br>**Математика**<br>**Заттарды,шамаларды салыстыру. 1- ден 10-ға дейінгі сандар.**<br>**Мақсаты:**балаларды заттардың көлемін анықтауға және оларды өлшемі бойынша салыстыруға (үлкен, кішкентай, жуан,жіңішке | | аяқтайды және сөзді толығымен айтады: сәбі... мейі... киі... кө... бе... сегі... кү... те...<br><br>**«Артығын тап»**<br>**Шарты**:Әр қатардағы сөздерден артығын алып тастау<br>Сәбіз, көз, киіз, газет. Теңіз, өзен, сегізаяқ, пияз.<br><br>**МатематикаТеңдік және теңсіздік ұғымы**<br>**Мақсаты:**Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.<br>**. Дид/ойын:«Кім жылдам»**<br>**Шарты:** Балалар ауыр және жеңіл заттарды екі топқа бөлініп жинайды,кімде көп екенін санайды,кімде кем,кімде артық екенін анықтайды.<br><br>**Дид/Ойын:«Ажырат»**<br>**Шарты**:Тышқанға жеңіл заттың нешеуін берерсін,пілге ауыр заттың нешеуін бересін?Кімде тең?Кімде тең | **отырады.**бірінші балаға бір сөз айтылады сол сөзді кезекпен ең соңғы балаға шейін бір-біріне сыбырлап айту қажет.Ең соңында қандай сөз айтыдғанын тексерііледі.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**<br>«Тұрмыстық техника, оның қажеттілігі»<br>**Дид ойын:**<br>**«Ас үйдің заттарын ата»**<br><br>**Дид ойын: «Пайдалы, зиянды»** дидактикалық материалдармен жұмыс олардың қажеттілігі, зияны мен пайдасы жайлы айтып түсіндіру.<br><br>**Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы:**<br>«Электроника әлемінде»<br>**Ой дамыту.**<br>**Мнемотехника.**<br>**Қыс мезгілі.**<br>Балалар мнемотехникаға қарап қыс мезгілі туралы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қазақ тілі.**<br>**Тақырыбы:**«Тұрмыстық техника, оның қажеттілігі»<br>Мақсаты: Тұрмыстық техника,оның қолданылуы туралы білімдерін жетілдіру. Олардың атқаратын қызметімен таныстыру. Қауіпсіздік ережесін сақтауға дағдыландыру,тазалыққа жинақылыққа баулу.<br><br>**Дид.ойын:Не зат,не үшін керек?» деп аталады.**<br>**Ойынның шарты**: балалар шеңберде тұрып бірінші бала техника бұйымдарының атын атайды екінші бала қажеттілігін айтады.<br>Мысалы: үтік – киімдерді үтіктеу, тоңазытқыш – азық-түлікті сақтау.<br><br>**Дид/ойын: «Болады,болмайды?»**<br>**Мақсаты:** Қауіпсіздік ережелерін түсіндіру<br>Мысалы:Сулы қолмен токты қосуға немесе ажыратуға болады ма,болмайды ма? Не себептен? | ұғымдарын бекіту<br><br>**«Үйдің есігін жабайық»**<br>**Мақсаты:** заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру.<br>Шарты: қағаздан қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну.<br><br>**. «Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта»**<br>**Ойынның мақсаты**:<br>Ұзын- қысқа, жуан-жіңішке,<br>үлкен-кіші<br>ұғымдарын бекіту. .<br>**Шарты:**Балалар сипап – сезу арқылы заттың ұзын - қысқалығын анықтау..<br><br>**Құрастыру**<br>**Үлкен кіші тоңазытқыш**<br>**Мақсаты:**Түрлі мөлшердегі және түрлі пішінді<br>бөлшектерден көлемі бойынша түрлі құрылыстарды салуға, бір | <br> | емес ?<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:**Байланыс қызметі Мақсаты:пошта қызметкерлерімен, телефон, телеграф, радио, пошта т.б. сияқты байланыс түрлерімен таныстыру.<br><br>**Рөлдік-сюжеттік ойыны «Пошта»**<br>Шарты: Ойын барысында балаларды үлкендермен дұрыс қарым-қатынас жасай білуге, әдептілікке, кішіпейілділікке<br><br>Дене шынықтыру<br>(Жетекші жоспары бойынша) | айтады.<br>**Тосын сәт.**<br>Айгүл қуыршақ келеді. Балалардан көмек сұрайды.<br>Анасының туған күніне сыйлық керек екенін айтады.<br>Балалар онда «Электроника әлеміне барайық. Ол жерде аналарымызға арналған сыйлықтар көп.<br>**Электроника әлеміне саяхат.**<br><br>**Ой қозғау**.<br>Балалар бұл заттар анамызға керек па?<br>Не үшін керек?<br>Сендер аналарыңызға не сыйлар едіңдер?<br>**Сергіту сәті.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Миға шабуыл.**<br>**Дид ойын:**<br>**«Электротехникалық тұрмыстық заттарды ажырат»**<br>**Ойынның шарты:**<br>Көптеген ыдыс аяқтардың суреттері көрсетіледі .Балалар солардың ішінен эл.техникалық .заттарды табу керек. | бөлшекті өзе біреумен алмастыру немесе қою, арқылы құрлысты өзгертуге үйрету.<br><br>**Дид ойын: «Артығын тап»** Шарты: Суреттегі артық затты табу. (Кесе, тарелке, тоңазытқыш, кострюль)<br>**Дид ойын: «Үлкен кіші тоңазытқыш»**<br>**1-топ.** Үлкен тоңазытқыш құрастыру<br>**2-топ.** Кішкентай тоңазытқыш құрастыру. | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| Серуенге дайындық | **Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.**<br>**Киіну:** Серуенге шығу, аяқ киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру | | | | |
| Серуен: | Қар тазалау құралдарын атау. Олардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетіншеанықтаужәне талдау,олардың сапаларыменқасиеттерінсипаттауды дамыту.<br>**(танымдық іс әрекеті)**<br>Күрекшелермен қар тазалау.<br>**(еңбекіс-әрекеті)**<br><br>Жануарлардың бейнесін қарда таяпен салу.<br>**(бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>Еркін ойындар | Құстарды бақылау.<br>Олардың іздерін іздеу<br>Құстарды тамақтандыру<br>Ұяларын қарау, қардан тазалау.<br>**(Танымдық, еңбек іс- әрекеті)**<br><br>Қар бетіне алақандарын қосып басып, құстың қанаттарын салу.<br>**(бейнелеу іс-әрекет )**<br><br>**Қимылды ойын**<br>«Ұшты ұшты» | Балабақша ауласын мекендейтін жануарларды бақылау, оларға күтім жасау.<br>Осы жануарлар орманда мекендей ала ма? Неге?<br>**(зерттеу, танымдық, еңбек іс-әрекеті)**<br>Құстар, жануарлар туралы жұмбақтарды шешу.<br>**(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Еркін ойындар<br>Қимылды ойын<br>«Соқыртеке» | Қырау қалай пайда болады?<br>Картотека №3<br>**(Қарым-қатынас, танымдық іс-әрекеті)**<br><br>Қарды жануарлардың формаларына салып жасау. Бояумен бояу<br>**(Бейнелеу, шығармашылық іс- әрекеті)**<br><br>Еркін ойындар<br>Қимылды ойын<br>«Күшсынаспақ» | Адамның табиғаттың бір бөлігіекенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарларменөсімдіктерөміріндегімаңызытуралы,табиғатпенқарым-қатынасбарысындадены саулықтынығайтуды,табиғаттысақтаудажауапкершілікті сезіне білуін дамыту.<br>**(танымдық, зерттеу іс- әрекеті)**<br><br>Қимылды ойын<br>«Аударыспақ»<br>**Спорттық жаттығулар**: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қимылды ойын «Алшыойыны» | | | | Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлепжәнеекі-екіден шанаменсырғанауды меңгерту. |
| | **Қысқы серуен картотекасынан . Картотека қосымша тіркелген.** | | | | |
| Серуеннен оралу | Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. | | | | |
| Түскі ас | **ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ**. .Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. **Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз** | | | | |
| Ұйқы | **Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.** | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, шын-ықтыру шаралары | Балапандар тұрайық<br>Көзімізді ашайық<br>Жан-жаққа біз қарайық<br>Бір күлімдеп алайық. | Балалар тұрайық<br>Көзімізді ашайық<br>Қолымызды созып<br>Шынығып бір алайық. | Балапандар тұрайық<br>Көзімізді ашайық<br>Жан-жаққа біз қарайық<br>Бір күлімдеп алайық. | Ұйқыдан біз тұрамыз<br>Көзімізді ашамыз<br>Жан-жағымызға қарайық<br>Төсектен біз тарайық | Ұйқыдан біз тұрайық<br>Көзімізді ашайық<br>Анда- мында созылып<br>Тарқасайық, тұрайық |
| | | | | | |
| **Бесін ас** | Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітапт арқарау және тағы | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Жануарларды табиғи-климаттықаймақтар(ақаю,итбалық,пингвин,жираф,піл,маймыл)бойыншатоптастыруды меңгерту.<br>Жылы елдердегі жануарлар қыста не істейді. Фильм қарау. | Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояуда түстердіөзқалауы бойынша таңдауын дамыту<br>**(бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті | Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен құрастыру ойындарын ойнауы.<br><br>Балалармен жеке жұмыс жүргізу.<br>**(танымдық, зерттеу іс-әрекеттері)**<br><br>Таңдауы бойынша | Топта тазалық сақтауға,ойыншықтардысүртуге,табиғатбұрышындағытіршіліки елерінекүтімжасауға,кезекшілікміндеттерін жауапкершілікпенатқаруға баулу<br>**(танымдық, еңбек іс-әрекеттері)**<br><br>Кітаптарды | «Автобус<br>**(танымдық іс-әрекеттер)**<br><br>Дидактикалық ойындар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| басқаәрекет тер) | | ойындары, логикалық ойындар. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті және танымдық іс-әрекет)** | жануарлар бейнеленген ойындармен ойнауы (пазлдар, роботехника құралдары, шашка, бестемше).<br><br>Табиғат бұрышында бөлме өсімдіктеріне күтім жасату Балалармен жеке жұмыс. **(танымдық іс-әрекет)** | қарау,назарынкітаптыңбезенд ірілуіне,иллюстрацияларынаа удару. **(Қарым-қатынасіс-әрекеті)** | |
| Жеке баламен жұмыс | Али,Алмасбекке зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен байланыстырып айтуды қалыптастыру | **Зейінді дамытуға арналған жаттығу.** "Суреттерді салыстырамыз". Мақсат-міндеттер. Балаларға бір-біріне ұқсас, бірақ бірнеше өзгешеліктері бар суреттерден айырмашылықтарын табуды ұсыныңыз. **(қарым-қатынас іс-әрекет)** | **Дидактикалық ойын: «Белгілері арқылы ата»** Мақсаты: Бөлме өсімдіктерін атау білімдерін бекіту.. | **Әлімхан,Әмірханды** қимылды ойындарда белсенділік танытуға үйрету | **«Жаңылтпаштар»** Мақсаты: балаларды жаңылтпаштарды дұрыс әрі жылдам айтуға үйрету. |
| Серуенге дайындық | Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. | | | | |
| Серуен | Қимылды ойын «Ақсерек көксерек»<br><br>Көңілді музыкаға би билету. **(музыка)** Балалардың еркін ойындары | Қимылды ойын «Поезд»<br><br>Балалардың еркін ойындары<br><br>Қардан көліктің дөңгелегін жасату. | Қимылды ойын «Кетті кетті»<br><br>Балалардың еркін ойындары<br><br>Қағаздан кеме жасату, суға жүздірту | Қимылды ойын «Ақ серек көк серек»<br><br>Қардан ұялар жасату. | Қимылды ойындар «Түйілген орамал»<br><br>Балалардың еркін ойындары<br><br>Қарды мүсіндеуге арналған пішіндерге салып әр түрлі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | және қардың бетіне қойып көру | | заттар жасату. |
| | | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу. | Баланың тәрбиесі туралы әңгімелесу Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру. | Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу Ата-аналарға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескертті. | Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.<br>Сәтті демалыс күндерін тілеп,балаларды шығарып салу. |

**Бекітемін:**
**№17 "Шұғыла"бөбекжай-балабақшасы**
**әдіскері Ахметова Г.К**

# Циклограмма

**Білім беру ұйымы:** №17«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы
**Тәрбиеші:**Серғазықызы А.Оразғалиева Н.
**Топ:** №10 «Ақбота» мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 5 жас
***Жоспардың құрылу кезеңі:*** қаңтар V апта`(29.01.-02.02.2024)

| **Апта күндері** | **Дүйсенбі**<br>**29.01.2024** | **Сейсенбі**<br>**30.01.2024** | **Сәрсенб**<br>**31.01.2024** | **Бейсенбі**<br>**01.02.2024** | **Жұма**<br>**02.02.2024** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу | Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу | Үш түрлі смайликпен қарсы алу | Қонаққа келген қоянның ойыншығымен қарсы алу | Достар әнімен қарсы алу |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | «Дұрыс тамақтануға баулу»кеңес беру | Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ескерту. |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Үстел үсті ойыны «Мозаика».** | **"Кім көп біледі?" сөздік ойыны.** | **"Жұп суреттер" үстел үсті ойыны.** | **"Кім шақырғанын тап" сөздік ойыны.** | **"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны.** |
| | Мақсат-міндеттер. Балаларға берілген суреттердің басқа бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Тапқырлыққа баулу.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** | Дидактикалық міндеті. Балалардың есте сақтауын; заттар туралы білімдерін молайту; тапқырлыққа, жылдам ойлануға тәрбиелеу.<br><br>Ойын ережесі. Заттың қалай пайдаланылатынын айту.<br><br>Ойын әрекеттері. Жарыс, затты пайдаланудың түрлерін көп айту керек.<br><br>**(қарым-қатынас** | Дидактикалық міндеті. Балалардың байқағыштығын, суретте бейнеленген заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын таба білу іскерлігін тәрбиелеу; сөздік қорын жетілдіру: ұқсас, ә түрлі, бірдей.<br><br>Ойын ережесі. Бірдей суреттерді жинау; кім қателеспесе, сол жеңеді.<br><br>Ойын әрекеттері. Бірдей суреттерді | Дидактикалық міндеті. Есту анализаторын жаттықтыру, балалардың өз құрбы-құрдастарына достық қатынастарын, зейінін, есін, бірігіп ойнау тілектерін тәрбиелеу.<br><br>Ойын ережесі. Балаларға қарамай, кім шақырғанын тек дауысты есітіп қана табу, оның атын дұрыс атау. Дауысын өзгертпей, | Барысы.<br><br>Педагог үстелдің үстіне бірнеше затты қояды. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын біртіндеп өсіруге болады.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | іздеу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | атын қатты айту. Ойын әрекеті: кім шақырғанын іздеу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** | **әрекет)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | Бастапқы ,қалыпты дене жаттығуларын кезек-кезекпен орындау. | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту.<br>Көркем сөз<br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар.<br>Теріп алып қастерлеп ,<br>Торғайларға тастаңдар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Қауырсынды тауып ал!" дидактикалық ойыны.** | **"Алыста ма, жақында ма?" дидактикалық** | **"Үйдің есігін жабайық" дидактикалық** | **"Жұбын тап" дидактикалық ойыны.** | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсат-міндеттер.**<br>Балаларды қызыл, жасыл, сары түстерді дұрыс атауға және ажыратуға үйрету, жай және құрмалас сөйлемдерді қайталауға баулу.<br>- | **ойыны.**<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>Затқа дейінгі аралықты өлшеу. Жақын ба, алыс па? Қажет сөздерді қолдана білу. | **ойыны.**<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>Заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. | **Мақсат-міндеттер.**<br>Геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>- | мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. |
| **Білімберу ұйымының кестесібойынша ұйымдастырыл-ған іс-әрекет** | **.Көркем әдебиет**<br>**Қарлығаш пен дәуіт (сахналау)**<br>Мақсаты:Сахнада еркін қимылдап, өз ойын толық жеткізе білуге үйрету, театрлық іс-әрекетте ертегілерді пайдалана отырып балалардың анық, дұрыс сөйлеу мәдениетін қалыптас- | **Сауат ашу негіздері "[ң] дыбысы және ң әрпі".**<br>**Мақсаты:** [ң] дыбысы мен әрпін бекіту және сөз ішіндегі [ң] дыбысы-ның ерекшелігін меңгерту.Қазақ тіліне тән ң, дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтады.<br>**Дидактикалық** | **Математика негіздері**<br>**Уақыттыбағдарлау. (апта күндері, ай аттары)Мақсат:** ай атаулары жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру.<br>**Дид ойын: «Суреттер сөйлейді»**<br>**Шарты:** Суреттерді құрастыру арқылы | **Математика**<br>**Аквариум балықтарының сандарын салыстыру**<br>**Мақсаты:**балалардың он саны құрамындағы сандар туралы ұғымдарын дамыту; ">", "<" және "=" белгілері туралы ұғымдарды қалыптастыру; заттар топтамаларын өзара | **1.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**<br>"Үйірімге қосылған құстар санын санайық"<br>**Мақсаты:**10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тыру, кейіпкердің ерекшеліктерінберу үшін мәнерлілік құралдарын қолдану; жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу.<br><br>**Сөйлеуді дамыту «Қыстап қалатын құстар»**<br><br>**Мақсаты:** Құстар туралы түсінік беру, құстардың тіршілігі туралы баяндау. Құстардың сыртқы бейнесі, тіршілігі, қорегі туралы түсінік қалыптастыру..<br><br>**«Қай құс жоқ?»**сана және тап .<br><br>Шарты: Балалардың алдына үй құстарының,жыл құстарының суреттері қойылады. Көздерін | **ойыны.**<br>**"Алыста ма, жақында ма?"**<br><br>**Мақсаты:** Затқа дейінгі аралықты өлшеу үшін әр қадамды санай отыра ң дыбысы кездесетін сөздер айту.. Жақын ба, алыс па? Қажет сөздерді қолдана білу. | суреттегі сұрақтарға жауап беру. тәуліктің қай бөлігі екенін жыл мезгіліне байланысты ай атауын айтып,сол сурет бойынша әңгіме құрайды.<br><br>**Сауат ашу**<br><br>**"[ң] дыбысы және ң әрпі".**<br><br>**Мақсаты:**<br>Дыбыстық талдау [ң]<br><br>Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасатуға жаттық-тыру.Буынға бөлгізу арқылы, буынға бөлуді меңгертуді жалғастыру | салыстыруда аталған белгілерді қолдануға үйрету.Балық мүсінін жасау.<br>**Дамытушы ойын: «Аквариумды балықтармен толтыр»**<br><br>***Сауат ашу негіздері. Дыбыс, буын, сөз, сөйлем***<br><br>***Мақсаты:*** Сөйлем ұғымымен таныстыру, екі-үш сөзден тұратын сөйлем құратып, сөй-лемдегі сөздерді ретімен айтқызып үйрету.Берілген буынға сөз құрау және антоним сөздерді айта алу дағдыларын бекіт<br>***Дид ойын «Сөз тізбек»***<br>***Шарты:*** *сөздер неге* | сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.<br><br>**Міндеті:**10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.<br><br>**Логикалық есеп:** «Ойлан тап»<br><br>**Мақсаты:**<br><br>Балаларды тез ойлануға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұму арқылы қай құстың суреті жасырылғанын дұрыс табуы керек .Қанша сурет жетіспейтінін табу<br><br>**Музыка (Жетекші жоспары бойынша)**<br><br>. **Қазақ тілі «Қыстайтын құстар»Мақсат-міндеттер.** Балалардың ұғымындағы қыстайтын құстар туралы түсініктерін, оларға қамқорлық көрсету тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту; қыстайтын құстардың дыбыстарының ерекшеліктері туралы түсіндіру; «қыс» сөзімен түбірлес «қыстау, қыстайтын» сөздері | | арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту<br><br>**Дидактикалық ойын.**<br><br>"Суреттің тізбектегі орнын тап"**.**<br><br>**Мақсаты**:Балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыру ғажаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға.<br><br>**Музыка (жетекші жоспары бойынша )**<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру "Қандайандар қыста ұйықтайды" Мақсаты:**балалар-дың қысқы уақытта | *қатысты екенін табу*<br>*- Шана, суық, тайғақ, қар, аққала, боран - неге байланысты?*<br>***- Ауа – райына , қыс***<br>*Мектеп, аурухана, байланыс бөлімшесі, мұражай, мәдениет үйі.*<br>*- Бұл тізбек неге байланысты айтылған?*<br>***- Ғимарат***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br><br>*екі топқа әр түрлі буындарды беру, буындардан сөз құрау, қай топ тез және көп құрайды сол жеңіске жетеді.*<br>*- Са — ғат, а — ға, а — та, ба — қа, ар - па, ро - за т. б*<br>***Сергіту жаттығуы. Буындармен қосылып ән салу*** *до - ре - ми - фа - соль - ля - си - до. До - си - ля - соль - фа - ми - ре - до* | тәрбиелеу.Шапшаңд ықтарын шыңдау**.**<br><br>**2.Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Тақырыбы:**<br><br>«Ақ тиін мен қасқыр» ертегісін сахналау" (пысықтау)<br><br>**Мақсат-міндеттер:** балалардың аңдардың қысқы тіршілігі туралы білімдерін қалыптастыру, оның ішінде тиіннің тіршілігі қыс мезгіліне деген дайындығынан мәлімет беру.<br><br>"Т. Тойбазарұлы «Құстар», «Қайтпай қалған қарлығаш». (қайталау) Мазмұны бойынша әңгімелеу» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | туралы білімдерін бекіту; жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажыратады, құстардың пайдасын біледі, оларға қамқорлық жасайды **Дидактикалық ойыны**. **"Бұл қашан болады?"Мақсаты:**Балаларға жыл мезгілдерін толық ажырата білуге, жыл мезгілдеріндегі әртүрлі өзгерістерді табуға,үйрету. | | жабайы жануарлар-дың тіршілігі туралы білімдерінбекіту; жануарлар өміріндегі өзгерістердің өлі табиғаттағы өзгерістерден тәуелділігін анықтауға жаттықтыру.<br><br>**Дид.қойын**: **«Сұрақ бойынша ойлан»Шарты:** Қоянның құлақтары ұзын.Артқы аяқтары алдынғы аяқтарына қарағанда біршама қысқа. Сондықтан Қоян тез жүгіріп ,секіреді .Қоянның терісі жұмсақ ,жылы.Оның терісі қыста ақ,жазда сұр:сондықтан ол өз жауларынан осылай тығылады .Қоян көжектерімен бірге орманда өмір сүреді.<br><br>Өз беттерімен мына төмендегі жоспар бойынша әңгіме | **3.Дене шынықтыру**<br><br>Пән жетекшісі жоспары бойынша. | **Мақсат-міндеттер:** әңгіме бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру, қыстап қалған құстарға қамқорлық жасауға, оларды баптап күте білуге тәрбиелеу.<br><br>**Дид.қ ойын:**<br><br>«Құстарды ата,тап»<br><br>**Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.<br><br>**3.Сауат ашу негіздері**<br><br>**Тақырыбы:**<br><br>"[ө] дыбысы және Өө әрпі".<br><br>**Мақсат-міндеттер:** [ө] дыбыстарымен таныстыру, айтылу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | құрастыру:<br>• Аты<br>• Қайда тұрады?<br>• Түр келбеті.<br>• Немен қоректенеді?<br>• Тамағын қалай тауып жейді?<br>• Жаулары.<br>• Қалай қорғанады?<br>• Балалары.<br><br>**Дене шынықтыру (таза ауада)** | | ерекшелігіне қарай [ө] дыбысының дауысты дыбыс екенін, жуан естілетінің өздеріне анықтату.Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау **Қимыл-қозғалыс ойыны**.<br><br>"Аңшылар мен қояндар".<br><br>**Мақсаты**:Балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке,<br><br>**3.Қоршаған ортамен таныстыру** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **Тақырыбы:** "Жабайы аңдарды санайық" **Мақсат-міндеттер:** ормандағы аңдардың қысқы тіршілігі, олардың қысқы табиғатқа бейімделуі туралы түсінік беру; балаларды аңдарды сипаттауға, салыстыра білуге жаттықтыру, табиғатқа деген қызығушылықтарын туғызу. Қазақстан аумағында мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін ажыратады және атайды; төрт түліктің пайдасын біледі, оларды күтіп- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | баптайды;<br>**Суреттермен әңгіме құру.**<br>**Дене шынықтыру**<br>Пән жетекшісі жоспары бойынша.<br>**4.Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:**<br>Ч дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері).<br>**Мақсаты:**<br>Балаларға [ч] дыбысының артикуляциясын, Ч ч әрпін бастырып жазуды көрсету; [ч] дыбысын буында, сөзде, сөйлем ішінде дұрыс, анық айтуды үйрету,коммуникати |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | втік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету.<br>**Дид.қ ойын:** «Жасырылған дыбысты тап»<br>**Мақсаты**:<br>Балаларды тез ойлауға дағдыландыру. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | № 2 «Ағаштарды бақылау» | № 6 «Құстардың қысқы тіршілігін.» | № 5 «Балабақша ауласын бақылау.» | № 8 « Құстарды бақылау.» | № 7 « Қардың қасиетін бақылау.» |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |

| | |
|---|---|
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br><br>Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту.<br><br>Көркем сөз<br><br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br><br>Жерде жатса баспаңдар.<br><br>Теріп алып қастерлеп ,<br><br>Торғайларға тастаңдар.<br><br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br><br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br><br>Нүктелі массаж. Суық тиюге және тұмауға қарсы жаттығулар жасау арқылы балалардың денсаулығын нығайту, дене сымбатын жетілдіру, қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту.<br><br>- Тамағымыз ауырмау үшін, тамағымызды қолмен жоғары - төмен уқалау.<br><br>- Түшкіріп, тұмауратпау үшін, сұқ саусағымызбен танауымыздың екі жағын кезектеп үйкелеу.<br><br>- Қолымызды маңдайымызға қойып уқалау.<br><br>- Құлағымыз ауырмау үшін, сұқ және ортаңғы саусағымызбен құлағымызды алдынан және артынан уқалау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br><br>Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту.<br><br>Көркем сөз<br><br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br><br>Жерде жатса баспаңдар.<br><br>Теріп алып қастерлеп ,<br><br>Торғайларға тастаңдар.<br><br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br><br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа | **Дамытушы жаттығу.**<br><br>**"Шапшаңдар сайысы".**<br><br>Мақсат-міндеттері. Балалардың құстар жайындағы білімдерін тиянақтау; ой шапшаңдығын, елестету, сөйлеу қабілеттерін дамыту; зеректікке, | **Дидактикалық ойын. "Адасқан сандар".**<br><br>Мақсат-міндеттері. Балалардың сандар тізбегі жайындағы білімдерін нығайту; реттік сандарды пысықтау; сандар тізбегінде аталған санның көршілерін немесе тізбектегі кез келген санның | **Дидактикалық ойын.**<br><br>**"Не, қайда мекендейді?"**<br><br>Мақсат-міндеттері. Жабайы аңдар, құстар, үй жануарларының қайда мекендейтіні туралы балалардың білімдерін тиянақтау; сөздік қорын байыту; | **Дидактикалық ойын.**<br><br>**"Суреттің тізбектегі орнын тап".**<br><br>Мақсаты. Балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Орындықтарды жуу".**<br><br>Мақсат-міндеттер.<br><br>Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауға үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүртіп; орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге ынтамен көмектесуге, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу.<br><br>**(еңбек іс-әрекеті)** | **"Бөлме өсімдіктерін суғару".**<br><br>Мақсат-міндеттер.<br><br>Балалардың түсінігінде өсімдіктерге жарық пен ылғалдың қажеттілігі туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетеін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатынын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br><br>**(еңбек іс-әрекеті)** | **"Асхана бойынша кезекшілік".**<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларды кезекші міндеттерін адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу.<br><br>**(еңбек іс-әрекеті)** | **"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату".**<br><br>Мақсат-міндеттер.<br><br>Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру.<br><br>**(еңбек іс-әрекеті)** | **"Ойыншықтардағы тәртіп".**<br><br>Мақсат-міндеттер.<br><br>Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау; жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br><br>**(еңбек іс-әрекеті)** |
| | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** | **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** | Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек | **Қазақ тілінен ойын-жаттығу**<br><br>"[Ң] дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br><br>"«Әз Наурызым, армысың!»

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Армысын, науырыз!"<br><br>Мақсат-міндеттер: балалардың Наурыз мейрамының ерекшеліктері мен ұлттық тағамдар жайлы түсініктерін кеңейту; геометриялық пішіндерді ажыратып, дұрыс атауды меңгерту; заттар жиынымен цифрларды сәйкестендіруге машықтандыру. | "Затпен жаттығу жасау икемі"<br><br>Мақсат-міндеттер: балаларды гимнастикалық қабырғаның басына дейін сатыдан аттамай өрмелеп, басқа аралыққа ауысып төменге түсуге үйрету. | сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.<br><br>**(сурет салу)** | орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)".<br><br>Мақсат-міндеттер: [И] дыбысы мен әрпімен таныстыру, артикуляциялық жаттығуларды жасауға үйрету, өз бетінше жұмыс жасауына, өз сөйлеу тілін қадағалай білуге баулу. | (өлеңді жаттау)"<br><br>Мақсат-міндеттер: өлеңді оқып-үйретіп, сөздердің мағыналарын ашу, түсіндіру. Мерекелік көңіл-күйлерін көтеру, Наурыз туралы өз ойларын, көргендерін баяндауға үйрету. |

| | |
|---|---|
| **Таңертенгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (құрсаумен)**<br><br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау).<br><br>1-құрсауды екі қолдарымен алдына қояды; 2- құрсауды жоғары көтереді; 3-құрсауды алдына қояды ; 4- бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br><br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде.<br><br>1-құрсауды жоғары көтереді; 2-қолды түзу ұстап, оңға иілу; 3-құрсауды жоғары көтереді; 4-4-бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br><br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, құрсауды бүгілген қолымен көкірегіне қою.<br><br>1-2-отырып, құрсауды алдына шығару; 3-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br><br>4. Бастапқы қалып: еденге отыру, құрсауды бүгілген қолымен көкірегіне қою.<br><br>1-құрсау ұстаған қолымен оң аяғына иілу; 2-бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br><br>5. Бастапқы қалып: жерге арқасымен жатып, құрсауды түзу ұстап, басынан асыра қою.<br><br>1-2-тізені бүгіп, құрсаудың шетіне тигізу; 3-4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br><br>6. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде тұру.<br><br>Педагогтің 1-8 дейін санауы бойынша құрсаудан шығып секіру, қайтадан құрсауға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.<br><br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау). |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">1-құрсауды алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2-бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br><br>(дене шынықтыру)</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Гигиеналық дағдылар<br><br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br><br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br><br>Көркем сөз<br><br>М. Жаманбалиев "Екі қол".<br><br>Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз)<br><br>Келе қалды балақан.<br><br>Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз)<br><br>Алақанды алақан.<br><br>Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу)<br><br>«Тап-таза» деп қуанды.<br><br>Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді)<br><br>Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу)<br><br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td>Шаттық шеңбері<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру,</td><td>«Тек жақсы қасиеттерді ата»<br><br>Педагог қолына доп алып, балалардың алдына тұрады да, олардың әрқайсысына допты лақтырады. Балалар допты кез-келген «жақсы қасиет» (адалдық, мейірімділік, ұқыптылық) айтылған кезде ғана ұстап алуы</td><td>Көктем жаршысы - құстар тақырыбында әңгімелесу. Аналар мейрамдары туралы әңгімелесу.<br><br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</td><td>«Эмоцияларды жаттықтырамыз»<br><br>Ойынның мақсаты: елгезектікке, көңіл-күйді көре білуге, өз эмоцияларын басқаруға тәрбиелеу.<br><br>Тәрбиеші балалардан:<br><br>- күзгі бұлт сияқты түнеруді; ашулы</td><td>Шаттық шеңбері<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру,</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Наурыз тойын бастайық,<br>Жақсы тілек айтайық.<br>Дастархандар жайылсын,<br>Қуанышты той болсын.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | тиіс. Бұл жағдайда олар педагогке қарай қадам жасайды. Егер балалар байқаусызда «жаман қасиет» (сараңдық, ашуланшақтық) айтылғанда допты ұстап алса, олар артқа бір қадам шегінеді. Педагогке бірінші жеткен бала жеңімпаз болады.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | | адамды; зұлым сиқыршыны;<br>- күлімдеген күннің көзін; қу түлкіні; қуанышты баланы;<br>- балмұздағын тартып алған ызалы баланы; көпірдегі екі қойды; итеріп<br>жіберген адамды;<br>- орманда адасып кетіп қорыққан баланы; қасқырды көрген қоянды; иттен<br>қорыққан мысықты;<br>- жұмыстан кейін шаршаған әкесін; ауыр жүк көтерген адамды; үлкен<br>бұтақты сүйреп бара жатқан құмырсқаны;<br>- көп жұмыс істеген, бірақ анасына көмектескен бала сияқты демалуды;<br>ауыр жүк әкелген жылқыны; жұмыстан кейінгі анасының эмоцияларын көрсетуді сұрайды.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Дала гүлге оранады,<br>Түрлі түске боянады,<br>Нұрлы көктем келген кезде<br>Табиғат та оянады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі**<br>**бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сөйлеуді дамыту**<br>"Менің сүйікті ертегім. «Қотыр торғай» қазақ халық ертегісі".<br>Мақсат-міндеттер: ертегіні сахналату арқылы тіл байлықтарын жетілдіру. Сөйлесу барысында сұрақ қойып, оған | **Математика негіздері**<br>"Күн мен түн теңелетін күн"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың көктемдегі Наурыз мейрамына байланысты оқиғаларды, күн мен түн теңелетін тәулік бөліктеріндегі құбылыстың принципін түсіндіру; | **Математика негіздері**<br>**МАқсаты:** -Уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру.<br>- Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті** Сөздердің жалпы атауын атауға, сөздерді буынға бөлгізуге, сөздің дыбыстық сызбасын сызуға жаттықтыру арқылы зейіндерін дамыту<br>**Мақсаты** Сызбаға сәйкес дауыссыз дыбыстардан<br>басталатын сөйлемдер құрай білулерін | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Мақсаты: -**Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Ана туралы өз ойларын айтқызу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дұрыс жауап беруге, сөздерді орнымен қолдана білуге жаттықтыру.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"«Әз Наурызым, армысың!» (өлеңді жаттау)" (қайталау)<br>Мақсат-міндеттер: өлеңді оқып-үйретіп, сөздердің мағыналарын ашу, түсіндіру. Мерекелік көңіл-күйлерін көтеру, Наурыз туралы өз ойларын, көргендерін баяндауға үйрету.<br><br>**Музыка**<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Бәйшешек" өлеңін мәнерлеп оқу".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "Бәйшешек" өлеңін мұқият тыңдауға, өлең жолдарын қайталап есте сақтауға үйрету; қардың еруі туралы сөз тіркестері арқылы сөйлем құрастыру дағдыларын қалыптастыру | жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту. Айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай айту , уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**«Жыл бойы» (доппен) дидактикалық ойыны**<br>Педагог допты лақтырып, сұрақ қояды:<br>Ақпан жыл ішінде нешінші ай?<br>Жылдың соңғы айы қандай?<br>Қазаннан кейінгі қандай ай?<br>Жаз айларын ата және т.б.<br><br>**«Жыл мезгілі»**<br>**Ойын жаттығуы: «Мен бастаймын, сен жалғастыр»**<br>Педагог бастайды, балалар жалғастырады.<br>Алдымен көктем, содан кейін ... жаз<br>Алдымен бүгін, содан кейін ... ертең<br>Алдымен қаңтар, содан кейін ... ақпан.<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:** - - Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту<br>**Мақсаты** төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру | («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек» Апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту<br><br>**«Жанды апта» дидактикалық ойыны**<br>1-ден 7-ге дейінгі цифрлар араласып, педагогтің үстелінде бетімен төмен қарап қойылады. Балалар таңдаған карточкасының цифріне қарай ретімен қатарға тұрады, олар аптаның күндеріне айналды. Сол жақтағы бірінші бала алға қарай шығып:<br>«Мен Дүйсенбімін. Келесі қай күн?» т.с.с.<br>Ойынға қатыспаған балалар «апта күндеріне» тапсырма береді.<br>-Барлық демалыс күндерін атаңыз.<br>-Аптаның екінші күнін атаңыз. | жетілдіру,<br>Дидактикалық жаттығуы: «Сөз жина, тез жина»<br>Шарты:<br>. Дыбыстар қалай айтылды, солай жиналуы керек, олардың<br>орнын ауыстыруға бір дыбысты түсіріп алуға болмайды.<br>. Мысалы: - «к.ү.й.», - «б.ү.р.», - «ә.н.ш.і.», - «м.а.л.», -«ж.е.л.»,<br><br>**Математика негіздері**<br>"Армысын, науырыз!" (пысықтау)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың Наурыз мейрамының ерекшеліктері мен ұлттық тағамдар жайлы түсініктерін кеңейту; геометриялық пішіндерді ажыратып, дұрыс атауды меңгерту; заттар жиынымен цифрларды сәйкестендіруге машықтандыру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>(жетекші жоспарымен)<br><br>**Жапсыру**<br>"Қарлығаш - біздің досымыз"<br>**Мақсаты:** балаларды қарлығаш құсының дайындамаларын қағаз бетіне құрастырып, көктем мезгілінде құстардың жылы жақтан ұшып | «Ананың сүті – бал, баланың тілі – бал».<br>Педагог балаларға мақал-мәтелді көтеріңкі дауыспен, орта дауыспен, төмен дауыспен қайталатады<br>Педагог «Ана» сөзіне дыбыстық талдау жасауды ұсынады. А – жуан дауысты.<br>Н – үнді дауыссыз. А – жуан дауысты.<br>Дидактикалық ойын: «Анама сыйлық».<br>Дәптермен жұмыс. Дәптердегі тапсырманы орындау. Анасына таңдаған әшекейді түрлі түсті қаламмен бояйды. Әшекей бұйымды қай жерге тағатыны, қалай аталатыны туралы айтып береді.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"«Әз Наурызым, армысың!» (өлеңді жаттау)" (қайталау)<br>Мақсат-міндеттер: өлеңді оқып-үйретіп, сөздердің мағыналарын ашу, түсіндіру. Мерекелік көңіл-күйлерін көтеру, Наурыз туралы өз ойларын, көргендерін баяндауға үйрету.<br><br>**Дене шынықтыру.**<br>(жетекші жоспарымен) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Дидактикалық жаттығуы:<br>«Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға»<br>Мен сендерге суретін көрсетіп сөз айтамын сендер тек дауыссыз дыбыстардан<br>басталатын мағынасына келетін сөздер жалғауларың керек.<br>Мысалы: алма (қызыл), тон (жылы), мысық ( сары), тышқан (кішкентай), қасық (темір), жастық (жұмсақ), кітап<br><br>. | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Көктемде табиғат оянады"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды көктемгі табиғат құбылыстарын бақылай білу қабілеттерін жетілдіру; көктемнің тән белгілері туралы білімдерін нақтылау және жүйелеу.<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>**МАқсаты:** - Сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыру<br>- Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту.сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау.<br><br>**Дидактикалық жаттығу: «Сөйлемге қажетті сөзді қос»**<br>– Мен сендерге бір сөзі жетпейтін сөйлем | келетінін айтып, жапсыруға үйрету.<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Мақсаты-** , Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен таныстыру киімінің қазақша атауларын еске түсіру, жаңа атаулармен таныстыру<br>Дидактикалық ойын: «Не артық?».<br>Тақтадағы суреттерді атап, ондағы артық суретті табады. (Жануарлар және көйлек суреттері).<br>– Көйлек неге артық?<br>– Көйлек – киім.<br>– Сендерде қандай киім бар?<br>Қуыршақ киімдері арқылы жейде, шалбар сөздерін естеріне түсіру.<br>– Көйлек, шалбар, жейде – нелер?<br>– Көйлек – киім. Шалбар – киім. Көйлек, жейде, шалбар – киімдер.<br>Мынау – ұзын жең жейде Мынау қандай жейде?<br>Мынау – ұзын жең жейде.<br>Мынау – қысқа жең көйлек.<br>Мынау қандай көйлек?<br>Мынау – қысқа жең көйлек.<br>Сөйлемдерді айтып жаттығады.<br>Жең, ұзын сөздерін дұрыс айтып жаттығу.<br>Ең-ең-жең. Ұұұзын жең.<br>Қа-қа-қысқа – қысқа жең | **Қоршаған орта**<br>**Міндеті:** -Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну<br>**Мақсаты** Туған өлкелерінің көрнекті жерлері, табиғаты, халқы немен айналысатынын әңгімелету арқылы балалардың ауызекі сөйлеулерін дамыту<br><br>Топтық жұмыс. Дидактикалық ойын: «Менің туған өлкем»<br>Балалар бес топқа бөлінеді. Әр топ көшбасшысы үстелде теріс қарап жатқан<br>суреттерді өздерінің қалауы бойынша таңдап алады. (Үлкен сурет бейнеленген парақшалар, әр суреттің астында бос текшелер бар.)<br>Педагог сандықшадан екі кішкентай<br>суреттен шығарады, қай топтың суретіне сәйкес келеді, балалар алып, бос текшені<br>жабады, қай топтың текшесі бірінші жабылады, сол топ жеңген болып саналады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | айтамын, ал сендер сөйлем дұрыс құрылу үшін, мағынасы бойынша келетін сөз қосуларың керек.<br>Мысалы:<br>Әкем балғамен шегені ... (шегеледі).<br>Әжем шұлық ... (тоқыды).<br>Көбелек гүлге ... (қонды<br><br>**Музыка**<br>**(жетекші жоспары бойынша )**<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**(таза ауада )** | | |
| **2- таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Көктемдегі құбылыстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Жұмбақ.<br>Жылт-жылт еткен. | **Талды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Тал туралы білімдерін бекіту, көктемде тал алғашқылардың бірі болып | **Маусымдық өзгерістерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. | **Бұршақтың жауғанын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Бұршақ ұғымымен таныстыру; көктем мезгіліндегі табиғат құбылыстарының ерекшеліктерін атай отырып, бұршақ | **Бірінші бұдақ бұлттарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Жұмбақ.<br>Қанаты жоқ ұшады, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жырадан өткен. (су)<br><br>**Бақылау.** Көктемдегі құбылыстар туралы білімдерін қалыптастыру. Жылғалардың пайда болуына назар аудару: неліктен су бір жерде ғана ағады, ал бір жерде ақпайтынын түсіндіру. Жинақталған тәжірибе арқылы табиғат құбылысының байланысын анықтау.<br><br>**Қимылды ойын: «Қармақ». (дене шынықтыру)**<br><br>Балалар шеңбер бойымен тұрады. Ортада тәрбиеші. Оның қолында «қармақ» (скакалка) қармақты төменнен айналдырады, ал балалар «қармаққа» түсіп қалмау үшін орында тұрып жоғары секіреді. Кімге қармақ тиіп кетсе, сол ойыннан шығады.<br><br>**Еңбек.** Аула маңын қоқыстан тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)**<br><br>Ұжымда еңбектене білуді қалыптастыру, жұмысты жоспарлау, бақылауды іске асыру. Ұқыптылық пен белсенділікке тәрбиелеу.<br><br>**Өз бетімен ойындар: «Қайық станциясы». (дене шынықтыру)**<br><br>Қайықшалар жіберуге ұсыныс | гүлдейтініне назар аудару.<br><br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** кіші топтың балаларына аланды былтырғы қоқыстардан тазартуға көмектесу. **(еңбек іс-әрекеті)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Өз бетінше кіші топтың балаларына көмектесуге үйрету.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарғалар мен торғайлар", "Мұқият бол". (дене шынықтыру)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Жан-жаққа шашырап жүгіруді, кеңістікті бағдарлауды дамыту.<br><br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** заттарды нысанаға лақтыру. **(дене шынықтыру)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Қолдың күшін және көзбен мөлшерлеуді дамыту. | Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсінік қалыптастыру; көктемнің келуімен торғайлардың мінез-құлқындағы өзгерістерді көруге үйрету;<br><br>құстарды бақылауға қызығушылықты ояту, оларды құрметтеу.<br><br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** гүлзарды былтырғы шөптен тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім жылдам?", "Әрі қарай және одан жоғары". (дене шынықтыру)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Жүгіру кезінде жаттығу, жылдамдықты дамыту; оңай, кедергіден оңай өтуге үйретуді | туралы түсінік беру; зейінді, есте сақтауды белсендіру.<br><br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** бұталар мен ағаштардың кесілген бұтақтарын тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Бірлесіп тату-тәтті жұмыс істеуге, істі соңына дейін жеткізуге, еңбек нәтижесіне қуана білуге үйрету.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім жылдам?", "Әрі қарай және одан жоғары". (дене шынықтыру)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Жүгіру кезінде жаттығу, жылдамдықты дамыту; кедергіден оңай өтуге үйретуді жалғастыру.<br><br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Алда кім бар?" (дене шынықтыру)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Орташа қарқынмен бір-бірден бағанда жүгіруді үйрету. | Аяғы жоқ, жетеді,<br><br>Ауызы жоқ ұлиды. (Жел)<br><br>**Бақылау.** Балаларға бұлтты бақылауды үйрету: олардың өте әдемі, бірегей негізді, күмбез тәрізді аппақ көлемнен түрлі болатынын; таңертен пайда болып кешке жоқ болтынын ескеру. Өлі табиғат құбылыстарына қызығушылығын, байқағыштығын дамыту.<br><br>**Қимылды ойын: «Түзу шеңбермен». (дене шынықтыру)**<br><br>Балаларға жаттығуларды шеңбер бойынша бірге орындауға үйрету. Қозғалыс келісімділігін жетілдіру.<br><br>**Еңбек.** Өсімдіктердің топырағын қопсыту. **(еңбек іс-әрекеті)**<br><br>Аулада еңбекпен айналысу. Балаларды өсімдіктерді күтуге үйрету.<br><br>**Өз бетімен ойындар. (дене шынықтыру)**<br><br>Әткеншек тебу.<br><br>Балалар арасында жақсы қарым-қатынасты қалыптастыру: достық қатынас, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасау. Өз еріктерімен пайда болған ойын тобын мадақтау. | | жалғастыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** бір орында жоғары секіру. **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Секіру қабілетін дамыту, күшін жылдамдықпен үйлестіру. | | өзара көмек. |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Көркем сөз*<br>М. Жаманбалиев "Екі қол".<br>Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз)<br>Келе қалды балақан.<br>Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз)<br>Алақанды алақан.<br>Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Тап-таза» деп қуанды.<br>Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді)<br>Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу)<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады)<br>Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру.<br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Дидактикалық ойын.**<br>**"Не, қалай естіледі?" (табиғат құбылыстары).**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат құбылыстарынан қандай дыбыстар естілетінін ажыратуға, табиғи дыбыстарды сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қолдану арқылы білдіруге ынталандыру; дыбыстарды есту, дыбыстардың артикуляциясын, елестету қабілеттерін дамыту; сезгіштікке, зеректікке тәрбиелеу.<br>Құралдар: табиғи құбылыстардың дыбыстық жазбалары, таңбалауыштары. | **Дамытушы ойын.**<br>**"Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту.<br>Шарты.<br>1-нұсқа.<br>Педагог жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді, балалар көрсетілген затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді.<br>2-нұсқа. | **Дидактикалық ойын.**<br>**"Дұрыс па? Бұрыс па?" (қажетті етістіктермен сипаттау)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға жан-жануардың (адамның, құбылыстың) қимыл-қозғалысын білдіретін сөздерді тыңдатып, сипаттаманың дұрыс немесе бұрыстығын анықтатқызу, дұрыс нұсқаны айтуға ынталандыру; қоршаған әлем | **Логикалық ойын.**<br>**"Келешекте неге айналады?"**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар, адам мен жан-жануарлар тіршіліктеріндегі білімдерін тиянақтау; логикалық ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; тапқырлыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Заттық суреттер немесе мнемокарточкалар болуы мүмкін. Педагог тапсырмаларды сөз арқылы ғана да беруі мүмкін. | **Дидактикалық ойын.**<br>**"Сөздер тізбегі".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын байыту, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; өзара жағымды қатынастарды нығайту.<br>Шарты.<br>Педагог балаларға қандай сала туралы сөздерді құрастыратындарын айтады. Осы жағдайда "Отбасы" тақырыбы.<br>Педагог "Отбасы" ұғымына байланысты сөздің бірін айтып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шарты.<br>Педагог балалардың алдына түрлі таңбалауыштарды қойып, өздеріне бір-бірден таңдап алуды ұсынады. Таңбалауыштағы құбылысты атап, оны дыбыстық жазбалардың арасынан тауып алу керегін айтады. Балалар табиғат құбылысы қалай естілетінін білгеннен кейін, оның дыбыстарын артикуляция арқылы білдіруге тырысады. Мысалы, "жел ш-ш-ш" немесе "у-у-у" деп дыбыстайды. Жаңбыр "там-там-там", "тақ-тоқ-тақ-тоқ" деп дыбыстайды т.б..<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Киімдер" дүкені".**<br>Мақсат-міндеттер. "Киімдер" дүкені, киім сатушысының жұмысының ерекшелігі туралы балалардың ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. | Белсенді балалар ортаға шығып, кезекпен қимылдарды көрсетеді.<br>3-нұсқа.<br>Шеңберде немесе тізбекте отырған (тұрған) әрбір бала кезек бойынша қимылдарды көрсетеді. Барлық балалар ойланып, жұмбақты шешуге тырысады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Кемемен саяхат".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға кемемен саяхаттау қалай өтетіні туралы, теңіз порты қандай орын екендігін түсіндіру; кеме капитаны, даяшы, күтушілер, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандықтар туралы ұғымдар қалыптастыру; кемедегі жолаушылар саяхат кезінде қандай тәртіпті ұстанатыны туралы жаңа білімдерін пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар. | заңдылықтары жайындағы білімдерін нығайту; сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту; дүниетанымын кеңейту.<br>Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Қасқыр шаңқылдамайды, ұлиды", "жел тамшыламайды, соғады, еседі", "құс жорғаламайды, ұшады", "балық ұшпайды, жүзеді", т.б.<br>Педагог жануарларға немесе құбылыстарға ғана сипаттама беруі мүмкін. Бұл ойынның нұсқалары көп болады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Дәріхана".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың дәріхана | Шарты.<br>Педагог атаған жанды немесе жансыз объектіге, көрсеткен суретке қарап, объектінің немесе құбылыстың келешекте неге айналатынын атау керек.<br>Педагог ойын шартын балаларға былай түсіндіруі мүмкін: "Мен атаған (көрсеткен) жанды немесе жансыз объект, құбылыс келешекте не болады?"<br>Педагог ұсынатын сөздер мен сөз тіркестері: жасыл жапырақ күзде; өзен қыста; бала өскенде; ұн; жауын қыста; балапан; бұзау; түн; күшік; іргетас; көшет; аяздың болуы; дән; жұмыртқа; қардың жауғаны; қар көктемде; желде сарғайған жапырақтар; кеш; көжек; көп еңбек; оқу оқу; адамдардың бір-біріне көмектесуі; сүт.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Жедел жәрдем".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың "жедел жәрдем" ұғымы жөніндегі түсініктерін тиянақтау; дәрігер, мейірбике (мейіраға), жүргізуші, телефонда отыратын оператор сияқты мамандықтар жайында ұғымдарды | кезекті келесі отырған балаға береді. Сөзді дәл уақытында таба алмаған бала өз қатесін өтейді, өнерін көрсетеді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>**Ұлттық ойын. Сиқырлы таяқ**<br>Ойнаушылар қол ұстасып, дөңгелене шеңбер жасап тұрады. Қолында таяғы бар ойын жүргізуші шеңбердің ортасына келеді де, ойынның ережесін түсіндіреді. Ойнаушыларды бірден бастап түгел нөмірлеп шығады. Ойынның шарты бойынша ойын жүргізуші қолындағы таяғын шеңбердің ортасында тік ұстап тұрады да, бір нөмірді атап, таяқты қоя береді. Аталған нөмір таяқты жерге құлатпай ұстап қалуы керек, ал таяқты ұстай алмай құлатып алса, онда айып тартады, яғни көптің ұйғаруымен ортаға шығып, өнер көрсетеді. Ойынға қатысушылардың бәрі бір-бір реттен міндетті түрде ойнап шығулары керек. Ал одан әрі ойынды жалғастыру-жалғастырмау ойнаушылардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Құралдар.<br>Сөрелер, қораптар, ілмектер, киім үлгілері (көрнекілік қуыршаққа арнайы тігілген), ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары, қуыршақтар.<br>Шарты.<br>Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен дүкенге саяхатты ұйымдастыруы мүмкін. Балалар дүкен жайында суретті, бейнежазбаны көрсетіп, "тауар" ұғымына киімдер де жататынын, киімдердің сыртқы киім, үстіге киілетін киім және іш киім болып бөлінетіні жайында түсіндіреді. Киімдердің үтіктелініп, әдемі күйінде сатып алушы алдына ұсынылу керектігі туралы да айтылуы тиіс.<br>Сатушылар өз қалаулары (немесе санамақ) бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады.<br>Сатушы тауарларды өз орындарына орналастырып, бағаларын анықтап, сатып алушыларға киім үлгілерінің ұтымды жақтарын айтып, оларды | Жасанды кеме бортын құрастыру үшін, орындықтарды екі бөлек қатарға тізу; капитан, күтуші, полицей, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері); капитанның алдында кемені жүргізуге қажет батырмалары бар панель; сусындар мен шырындардың бос ыдыстары; тағамдар макеттері; терминалда тұратын бақылау өткелінің макеті; сөмкелер мен қораптар, ойыншық чемодандар, ойыншық смартфондар; билеттер және жеке куәлікті білдіретін таңбалауыштар; мөр; қағаз бетіне салынған кемеде тәртіпті сақтау ережелерінің сызбалы суреті.<br>Шарты.<br>Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен кемеде саяхатқа шығу үшін, билеттерді салып алуы қажет; кемемен сапарға шығу алдында теңіз портында тіркеуден өтіп, кейін кеме бортына өтуге болатынын анықтайды.<br>Балалар дайындық барысында теңіз порты, кеме борты сияқты жерлерді сурет пен бейнежазбаны көру арқылы түсінеді.<br>Педагог кемедегі даяшы, капитан тағы басқа мамандық иелерінің қандай қызмет атқаратындарын біртіндеп түсіндіреді. | қызметкерлері (фармацевт, провизор) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Дәрі-дәрмектердің модельдері.<br>"Дәріхана" сөмкелері; ақ халаттар, төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен қаражаттың орнына қолданылатын таңбалауыштар.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен дәріханада қызмет ететін мамандар жөнінде әңгімелеседі. Балалар фармацевт, провизор сияқты мамандардың міндеттерін, дәріханада сатылатын дәрі-дәрмектер мен медициналық көмек жасау үшін қандай құралдардың қажет | пысықтау; медицинаның әлеуметтік маңыздылығын көрсету; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Дәрі-дәрмектер мен ойыншық медициналық құралдары бар сөмкесі; "жедел жәрдем" жазуы бар макет; ақ халаттар, руль, телефон, жазуға кітапша, қаламсап.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен жедел жәрдемде қызмет ететін мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі. Адамдардың жедел жәрдемді шақыру үшін қандай әрекеттерді жасау керектігін, жедел жәрдемнің телефон нөмірлерін анықтайды.<br>Балалар өзара дәрігер, мейірбике (мейіраға), жүргізуші, үй иесі және тұтынушы болып бөлініп, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады.<br>Педагог балалармен бірлесіп, ойын желісін жалғастырып, кейіпкерлерге көмекші сұрақтар қойып, барысын қадағалайды. Балалар біртіндеп ойын желісін меңгеріп алып, өздері басқарады.<br>Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: жедел жәрдемнің | өз еркінде. Ойнаушылардың саны көп болса, ойын қызықты өтеді.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Автобус".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың автобуста қызмет ететін мамандар: жүргізуші және кейбір көліктерде қызмет ететін бақылаушы туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық көлікте әдептілік және қауіпсіздік ережелерін меңгерту, оларды ұстануға ынталандыру; қарым-қатынасты сыпайылық негізінде құруға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Автобус салонының үлгісін білдіретін орындықтардың белгілі қатарларда тізіліп тұруы; билеттер жинақтамасы, ойыншық смартфондар (төлемдер жасау үшін); бақылаушыға, жүргізушіге киім үлгілері.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен жолаушыларды тасымалдау, жол ережелерін сақтаудың маңызы туралы ойынды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сатады.<br><br>Ойынды ұйымдастырғанда киімді өлшейтін орынды да ескеру керек. Балалар өз қуыршақтарын алып, белгілі жерде киім кигізіп жатады.<br><br>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.<br><br>Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, сапасы сақталып, жақсы сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы сөздерді қолданып, әдептілік ережелерін ұстанулары тиіс; сатушының еңбегін құрметтеу керек; сатып алушының таңдауын құрметтеу керек.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | Ойын кезінде тиянақтау сұрақтары ғана қойылып, балалардың арасынан тағайындалған (санамақ), кеме қызметкерлерінің міндеттері үлестіріледі.<br><br>Ойынға қатысушылар өз құрал-жабдықтарын алып, орындарына барады, ойынға дайын тұрады.<br><br>Педагог балаларға кемеде саяхаттау қызықты шара екендігін ойын барысында түсіндіруі тиіс.<br><br>Алғашында педагог балалардың жеке мамандар ретінде өз орындарында міндеттерін атқару барысын реттеп, қадағалап отырады.<br><br>Қажеттілік болса, педагог бетпердесіне де көңіл аударады.<br><br>Мамандар өз орындарына барған кезде балалар жолаушылар болып, билеттерін алады, тіркеуден өтеді содан соң кеме бортына шақырылады.<br><br>Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: кемеде саяхаттау үшін көптеген ерекше ережелерді орындау керек; тұтынушылардың демалыстары үшін көптеген адамдар қызмет етеді; теңіз порты мен кеме борты - қоғамдық орындардың бірі; кеме - су көлігі, оны басқарып, жүргізу үшін жақсы | болатынын анықтайды.<br><br>Балалар дәріханашы мен провизор рөлдерін кімнің ойнайтынын анықтайды, қалғандары тұтынушылар болады; өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады.<br><br>Педагог тұтынушылар дәріханаға келіп, ойынды бастайтынын айтады.<br><br>Алғашында педагог диалогтарды реттеп жатады, сұрақтарды тиянақты қоюға жаттықтырады.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | көмегі адамның денсаулығы жақсы кезде ғана қажет болмайды; жедел жәрдемде білікті мамандар еңбек етеді, олардың еңбегін құрметтеу керек.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | өткізуге дейінгі уақыттарда әңгімелеседі. Бұндай жұмыстар үнемі жүріп жатады, суреттер көрсетіліп, педагогикалық жағдаяттар шешіледі, бейнежазбалар талқыланады.<br><br>Балалар жүргізуші мен бақылаушыны санамақ арқылы таңдайды.<br><br>Педагог (бақылаушы) балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар (бұндай атауды қолдану туралы келісіп алады) салонға өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді.<br><br>Жүргізуші, "есік жабылды" сияқты сөздерді естігеннен кейін автобусты жүргізу қимылдарын көрсетеді (рульді бұрайды).<br><br>Педагог аялдамаларды жариялап жатады. Егер мүмкіндіктер туындап жатса, өз дауысымен айтылған қажетті хабарламаларды жазып алып, қолдануға болады.<br><br>Салоннан шыққан және ішіне кірген балалар жолаушы рөлдерін атқарады. Бұн жерде өз орындарын үлкендерге беру үлгісін көрсетуге болады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | оқып, көп дайындалу керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | | | Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін қосымша сұрақтар қояды.<br>Ойынның соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды. Автобусқа отырып, жол жүру кезінде көптеген жалпы ережелер болады, оның орындалуын қадағалау керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | «Жеті лақ» сахналық қойылым қоюуға үйрету. | Бала тілін дамыту. Жаңылтпаштар айтқызу. | **Санамақтар айтқызу.**<br>"Кел, санайық санамақ".<br>Бір, екі, үш,<br>Бір, екі, үш,<br>Ал, кәнеки, ұш!<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Мынау - ауыл шеті.<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Ал, кәнеки, қон!<br>Асықпа да саспа, | **Жұмбақтарды шешу. (ел аузынан)**<br>Кішкене ғана бойы бар<br>Тоғыз қабат тоны бар. (Жуа)<br><br>Аяғы жоқ жүреді,<br>Аузы жоқ сөйлейді. (Хат)<br><br>Ақ сандығым ашылды,<br>Ішінен жібек шашылды. (Күн)<br><br>Асты тас, үсті тас,<br>Ортасында жанды бас. (Тасбақа) | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Бірден қайта баста.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет)** | Жабықта жарты нан. (Ай)<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Көркем сөз*<br>М. Жаманбалиев "Екі қол".<br>Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз)<br>Келе қалды балақан.<br>Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз)<br>Алақанды алақан.<br>Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу)<br>«Тап-таза» деп қуанды.<br>Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді) | | | | |

| | |
|---|---|
| | Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу)<br><br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.<br><br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. Ертеңгілікке дайындық.<br><br>Өнер бұрышында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл») туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу.<br><br>Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау.<br><br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.<br><br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну. Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мерекелік мерекелердің Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Балалардың суреттерінен көрме.<br>«Анашым! Мен сізді жақсы көремін!»<br>«8-наурыз Аналар мерекесі». | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | | Кеңес.<br>"5-6 жастағы балаға қандай ойыншықтар пайдалы". | «Бүгін біз нені үйрендік?» ата-аналармен сұхбат жүргізу. |

**Бекітемін:**
**№17 "Шұғыла"бөбекжай-балабақшасы**
**әдіскері Ахметова Г.К**

# Циклограмма

**Білім беру ұйымы:** №17«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы
**Тәрбиеші:**Серғазықызы А.Оразғалиева Н.
**Топ:** №10 «Ақбота» мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 5 жас
***Жоспардың құрылу кезеңі:***ІІІ-апта 18.03-20.03 наурыз 2023-2024 оқу жылы

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күн тәртібі**<br>**Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,** | **"Өсімдіктерді құнарландыру".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, | **"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмедегі терезенің ернек тақтайларын дымқыл шүберекпен сүртеміз".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі | **"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".**<br>Мақсат-міндеттер. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету.<br><br>**(еңбек іс-әрекет)** | ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю.<br><br>**(еңбек іс-әрекет)** | тапсырманы жылдам, мұқият орындау.<br><br>**(еңбек іс-әрекет)** | | |
| | **Үстел үсті ойыны**<br><br>**«Мозаика»**<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Тапқырлыққа баулу.<br><br>**(танымдық іс-әрекет)** | **«Заттық фриздер» дидактикалық ойыны**<br><br>Ойынның мақсат-міндеттер: заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту; қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту; сөздік қорын молайту.<br><br>Ойынның көрнекілігі: ыдыс, көгөністер мен жемістер суреттері, көгөністер мен жемістер муляждары, қоржын.<br><br>Ойынның шарты: әртүрлі жемістер немесе көгөністер муляждары салынған ыдыстан бір затты алады. Содан соң сол затты жан-жақты | **Интеллектуалды карта негізінде заттарды топтастыруға арналған сөздік жаттығу. «Азық-түліктер».**<br><br>Мақсат-міндеттер. Негізгі азық-түлік түрлерін ажыратып, атауды үйретуді жалғастыру. Негізгі ерекшеліктері бойынша: сүт өнімдері, ұн тағамдары, ет тағамдары.<br><br>Ережесі. Әр бала кез келген азық-түлік бейнеленген бір карточканы таңдап | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады. Бала ыдыстан немесе қоржыннан алманы алып пішінін, түсін, дәмін және қасиеттерін айтады. Көзін байлап қойып, қоржыннан бір затты алғызады. Ол оны сипалап, не екенін ажыратады да сипаттайды, атын айтады.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | алып, неден дайындалғанын (ұн, ет, сүт) тауып, суреттегі орнын анықтайды. Ойын барысында әр бала азық-түлікті атап, неден жасалғанын айтады.<br><br>Барысы. Педагог заттық суретті таңбалауыштарды алдын ала дайындайды:<br><br>– сүт өнімдері - айран, қаймақ, май, ірімшік, сыр;<br><br>– ет тағамдары - шұжық, жіңішке шұжық (сосиска), қазы, кәуап, котлет;<br><br>– ұн тағамдары - нан, шелпек, тоқаш, бауырсақ, құймақ.<br><br>Топта балалар көп болса, онда педагог азық-түліктердің көшірмесін дайындайды, ең бастысы, әр балада бір таңбалауыштан болу | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (шығыршықтармен)**<br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты ортасынан екі қолымен алдына ұстау.<br>1 - 2 - шығыршықты қолымен аяғына дейін бұрап, айналдыру; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты ортасынан екі қолымен төменде ұстау.<br>1 - отыру, шығыршықты жоғары көтеру; 2 - бастапқы қалып (жаттығу 7-8 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейінде ұстап, шығыршықты оң қолымен төменде ұстау.<br>1 - қолдарын жанына жіберу; 2 - қолдарын жоғары көтеріп, шығыршықты екінші қолына салу; 3 - қолдарын жанына жіберу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды келесі қолымен орындау (жаттығу 6-8 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқты табан деңгейінде ұстап, шығыршықты оң қолымен төменде ұстау.<br>1 - сол аяғын бүгіп, көтеру, аяқтың астынан шығыршықты келесі қолға салу; 2 - қолын жіберіп, бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол жаққа қайталау (жаттығу 6 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейінде ұстап, шығыршықты ортасынан екі қолымен төменде ұстау.<br>1 - түзу қолдарын алға ұстау; 2 - еңкейіп, шығыршықты жерге тигізу; 3 - тіктеліп, шығыршықты алдына әкел; 4 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты басына, екі қолды беліне қою.<br>1 - оң аяғын жанына қою; 2 - сол аяғын орнына қою; 3 - сол аяғын жанына қою; 4 - оң аяғын орнына қою; 5-6 - бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады). | | | | |

| | |
|---|---|
| | 7. Бастапқы қалып: шығыршық жерде, аяқ бірге, қолды белге қою.<br><br>Шығыршықты айналып, 1-4-ке дейін оңға және 5-8-ге дейін солға секіру (жаттығу 3-4 рет қайталанады).<br><br>**(дене шынықтыру)** |
| | | | (карточка, арба, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады; кеңесшілер балаларға не таңдау керектігі туралы кеңес айтып жатады, есепшілер есептейді.<br><br>Педагог балалардың диалогтарын, қарым-қатынас үлгілерін, сөйлеу тізбектерін реттеп отырады, қосымша және тиянақтау сұрақтарын қойып жатады.<br><br>Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, сапасы сақталып, жақсы сатылады; супермаркет қоғамды орын болғандықтан, әдептілік ережелерін ұстану керек; супермаркетте жүрген барлық адам бір-бірінің уақытын, еңбегін бағалау керек.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-** | **әрекеті)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | **Ілияс Жансүгіров «Домбыра» өлеңін жаттау**<br><br>Тарт күйіңді, домбыра!<br><br>Төгіл, төгіл тәтті күй,<br><br>Тау суындай сылдыра,<br><br>Желпін, желпін жел соқтыр!<br><br>Тауда тұман тұрмасын,<br><br>Көкте бұлт ыдыра!<br><br>Тыңдамаған қоймасын,<br><br>Ойды-қырды қыдыра,<br><br>Құлшына тарт, домбыра!<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **"Артық құсты тап" дидактикалық ойыны.**<br><br>Мақсат-міндеттер.<br><br>Қыстайтын құстарды сыртқы түрінен тануға жаттығу; "жыл құстары" ұғымын нақтылау, олардың аттарын есте сақтау, қыстайтын құстарды ажырату, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту.<br><br>Барысы.<br><br>Педагог жыл құстарын жемшашарға ұшып келген қыстайтын құстардың арасына арнайы орналастырады. Балалар құстарды мұқият тексеріп, артық құстың атын атайды. Педагог балалардан өз таңдауын түсіндіруді сұрайды.<br><br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, | Өнер туралы мақал-мәтелдер жаттау.<br><br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | |
| **Серуенге** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын | | | | |

| | |
|---|---|
| **дайындық** | жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** |
| **Серуен** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br><br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br><br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br><br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br><br>*Салт-дәстүр. Жолаяқ.*<br><br>Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының бөлек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі.<br><br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. Балалардың |

| | |
|---|---|
| әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.<br><br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. Ертеңгілікке дайындық.<br><br>Өнер бұрышында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл») туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу.<br><br>Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау.<br><br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.<br><br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну. Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мерекелік мерекелердің Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | «Баланың демалысын дұрыс ұйымдастыру». | «Отбасындағы бала тәрбиесінің маңызы» тақырыбында ата-аналарға кеңес. | «Баланы ойлануға қалай үйретуге болады?» атты тақырыпта ата-аналарға кеңес. |

**Бекітемін:**
**№17 "Шұғыла"бөбекжай-балабақшасы**
**әдіскері Ахметова Г.К**

# Циклограмма

**Білім беру ұйымы:** №17«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы
**Тәрбиеші:**Серғазықызы А.Оразғалиева Н.
**Топ:** №10 «Ақбота» мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 5 жас
***Жоспардың құрылу кезеңі:***сәуір айы 1 апта **01.04-05.04.2024ж**

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күн тәртібі**<br>**Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тек еру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеу і дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балаларды тәрбиелеуде қиын мәселелері бар ата-аналарға арналған кеңестер беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".**<br>Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау; сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауға үйрету.<br>**(еңбек іс-әрекеті)** | | **"Асхана бойынша кезекшілік".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп"**<br>(тәрбиешінің көмекшісімен бірге).<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрену. Еңбектенуге ниетін тәрбиелеу, ересектерге көмектесу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу.<br><br>**(еңбек іс-әрекеті)** | киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымдағы тату-тәтті еңбек етуге үйрету.<br><br>**(еңбек іс-әрекеті)** | **(еңбек іс-әрекеті)** |
| | Жиі қайталанатын сөздерді дыбыстау негізінде сөзді-ырғақты жаттығу. «Біз ғарышкерміз».<br><br>Педагог балаларды ашық алаңға шақырады.<br><br>- Балалар, бүгін ғарышкер боламыз! Барлықтарың ұшуға дайындалыңдар.<br><br>- Алдымен, тыңдап аламыз, маған қосылып қайталаңдар.<br><br>Көкке ұшамын - (аяқтың арасы алшақ, қолды алдыға айқастыру)<br><br>Ұшқыш болар баламын. (теңселу)<br><br>Соңына ерем. (екі қолды жоғары созу, аяқтың ұшына тұру)<br><br>Ер ғарышкер ағаның.<br><br>Батыр болам - (қолды иыққа | | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br><br>"Зымыран ұшар ғарышқа"<br><br>Мақсат-міндеттер: балаларды есу, созу, тегістеу әдістерін қолдана отырып зымыранды мүсіндеуге үйрету.<br><br>**(шығармашылық іс-әрекет)** | **Вариативті компонент - Жас зерттеуші**<br><br>**"Жұлдыздар әлемі"**<br><br>Мақсат-міндеттер: өлі табиғаттың түрлі нысандарын бақылау; балаларға жұлдыздар әлемі туралы жалпы түсінік беру.<br><br>**Сурет салудан ойын-жаттығу**<br><br>"Біздің ғарышқа саяхатымыз"<br><br>Мақсат-міндеттер: балаларды "ғарышқа саяхат" тақырыбы аясында қарапайым сюжетті құрастыруға баулу; өз қиялдарына, ғарыш кемелері мен денелері, ғарышкерлер туралы түсініктеріне сүйеніп қағаз бетіне жоспарлап, орналастырып, салу дағдыларын жетілдіру.<br><br>**(шығармашылық іс-әрекет)** | **"Скафандр киеміз" саусақ жаттығуы.** (педагог сөздерін өзі айтып, қимылдарын балалармен бірге жасайды).<br><br>Арманшыл баламыз, (бас бармақтар жоғары)<br><br>Ғарышкер боламыз. (жұдырықтарды түйіп шынтақты бүгу)<br><br>Бір аяқты өткізіп, (қол белде, аяқ көтеріліп, орнына тұрады)<br><br>Екіншіні саламыз. (қол белде, екінші аяқ көтеріліп, орнына тұрады)<br><br>Қолды жеңге өткізіп, (бір қолды бүгулі қалыптан ашып, созу)<br><br>Қолды жеңге өткізіп, (екінші қолды бүгулі қалыптан ашып, созу)<br><br>Сыдырманы жүргізіп, (бір |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қойып айналдыру)<br><br>Көк аспанды сүйемін. (белді айналдыру)<br><br>Жұлдыздарға (аяқтың арасы алшақ, қолдарды екі жаққа созу, алақанды ашу, жабу)<br><br>Барып келіп жүремін.<br><br>(Т. Молдағалиев)<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)** | | | | қолдың саусақтарын жинақтап, дене ортасы бойымен төменнен жоғарыға жүргізу)<br><br>Киеміз скафандрды. (екі қолды жоғары көтеріп, бас төбесіне жауып салу, екі бетті екі алақанмен тіреп, баспен шайқау)<br><br>Алақай! Алақай!<br><br>Ғарышкерміз, балақай!<br><br>Алақай! Алақай!<br><br>Ғарышкерміз, балақай!<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен)**<br><br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде.<br><br>1-таяқшаны екі қолдарымен көкірек тұсына қояды; 2-таяқшаны жоғары көтереді; 3-көкірек тұсына қояды ; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады.<br><br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде.<br><br>1-таяқшаны жоғары көтереді; 2-таяқшаны түзу ұстап, оң аяққа иілу; 3-таяқшаны жоғары көтереді; 4-бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br><br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқшаны иыққа қою.<br><br>1-отырып, бас пен арқаны тік ұстау; 2-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br><br>4. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде. | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">1-таяқшаны жоғары көтеру; 2-таяқша ұстаған қолымен оңға (солға) иілу; 3-таяқшаны жоғары ұстап, тіктелу; 4-бастапқы қалып. Жаттығу 6-8 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: жерге ептетінен жатып, таяқшаны бүгілген қолдарымен алдына қою.<br>1-2-таяқшаны жоғары көтеріп, артқа бүгілу; 3-4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: таяқшаның алдында тұрып, қолды төменде ұстау. Таяқшаны айналып, оңға-солға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша жерде.<br>Таяқшаны аттап, оңға-солға секіру. Жаттығу 3-4 рет қайталанады.<br>(дене шынықтыру)</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>Көркем сөз<br>Ыстық құймақ пісірдім,<br>Тәрелкеме түсірдім.<br>Дәмді болды құймағым,<br>Құйып жедім қаймағын.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</td><td></td><td>Шона Смаханұлы «Космосқа ұшамын».<br>«Сәт сапар!» деп, достар берген<br>Гүлге толып құшағым,<br>Асамын да асқар өрден,</td><td>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</td><td>«Көңіл - күйдің кездесуі»<br>Ойынның мақсат-міндеттері: мейрімділікке, өзгенің көңіл-күйін түсінуге тәрбиелеу.<br>Педагог эмоциялар бейнеленген карточкалардың екі тобын (пиктограммалар)</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жарқырады күніміз.<br>Жарқырайды даламыз.<br>Қайырлы таң,<br>Қайырлы күн, балалар!<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | Космосқа ұшамын.<br>Болса-дағы қанша көркем,<br>Көкте қайтіп жай табам?!<br>Ораламын асыл өлкем -<br>Отаныма қайтадан.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік!<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | орналастырады және балалардан әртүрлі эмоциялар қалай кездесетінін, жағымды және жағымсыз эмоцияларды елестетуді сұрайды. Тәрбиеші «жағымды» эмоцияны, ал бала «жағымсыз» эмоцияны көрсетеді, содан кейін карточкалардың орнын ауыстырады. Эмоцияларды қалай татуластыруға болатындығы туралы талқылайды.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі**<br>**бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Көркем әдебиет**<br>"С.Қалиев «Тұңғыш қазақ ғарышкері» өлеңін жаттау".<br>Мақсат-міндеттер: балаларға ғарыш туралы түсінік беру, өлеңнің мазмұнын түсіне білуге үйрету.<br>**Дидактикалық ойын**<br>**«Интервью»**<br>**Мақсаты:** Балаларды "Мен ғарышкер болсам" атты байланыстыра сөйлем құруға үйрету". Туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру, сенімділікке, достарымен | | **Математика негіздері**<br>"Өрістегі төлдерді санадың ба?" (пысықтау)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды салыстыру негізінде тең бөліктерге бөліп сандық мөлшерін теңестіруді меңгерту; сандар құрамын жылдам анықтауға жаттықтыру; есептерді шығару барысында қосу ("+"), "алу" ("-") және "тең болады" ("=") белгілерін дұрыс пайдалану білігін жетілдіру.**Сауат ашу негіздері**<br>"[в] дыбысы және Вв әрпін қайталау".<br>Мақсат-міндеттер: В дыбысы | **Сауат ашу негіздері**<br>"[в] дыбысы және Вв әрпі".<br>Мақсат-міндеттер: В дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыра отырып, балалардың ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту.<br>**Сөз құра»**<br>Мақсаты: сөздік қорын молайту, берілген дыбыстарға сөз құрауға үйрету, қойылған дыбыстарды сөзде бекіту.<br>Шарты: берілген дыбысқа сөз құрау.<br>**«Көпір»** | **Көркем әдебиет**<br>"С.Қалиев «Тұңғыш қазақ ғарышкері» өлеңін жаттау".<br>Мақсат-міндеттер: балаларға ғарыш туралы түсінік беру, өлеңнің мазмұнын түсіне білуге үйрету.<br>**Дидактикалық ойын**<br>**«Интервью»**<br>**Мақсаты:** Балаларды "Мен ғарышкер болсам" атты байланыстыра сөйлем құруға үйрету". Туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру, сенімділікке, достарымен  сырласуға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сырласуға тәрбиелеу.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"«Түлкі мен қоян» орыс халқының ертегісі"<br>Мақсат-міндеттер: ертегіні оқу барысында оқиға желісі мен кейіпкерлерді белгілер арқылы сызып көрсетіп, әр белгінің нені бейнелейтінін түсіндіру<br>**Дидактикалық ойын**<br>**«Мен бастаймын, сен аяқта»Мақсаты:** Есте сақтау және ойлау қабілеттерін дамыту. Шарты:Тәрбиеші ертегіден бір сөйлемін оқиды, балалар жалғасын табады.<br><br>**Музыка.**<br>**(**музыка жетекшісі жоспарымен)<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Отан деген не? А.Пушкинннің "Балықшы мен балық" туралы ертегісін әңгімелеу".<br>Мақсат-міндеттер: "Отан оттан да ыстық "мақалы, суреттерге | | және оның әріп таңбасымен таныстыра отырып, балалардың ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту.<br>**Кім көп сөз біледі?»**<br>**Мақсаты:** балалардың сөздік қорын молайту, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Шарты: В,Р,Ш,Л дыбыстарына байланысты сөздер айтып, пришепканы бір-біріне қыстыру.<br>**Балық аулайық»**<br>**Мақсаты:** берілген суреттерді атап, сөйлем құрауға үйрету.<br>Шарты: балықты аулап, ондығы берілген суреттерді байланыстырып сөйлем құрау.<br><br>**Музыка.**<br>**(**музыка жетекшісі жоспарымен)<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру** | Мақсаты: сөздік қорын, логикалық ойлауын дамыту, байланыстырып сөйлем құрауға үйрету.<br>Шарты: заттар бейнеленген суретті карточкаларды кезекпен көрсетеді. Балалар екі суреттің арасындағы байланысты орнататын бір сөз ойлау керек. Ол сөз екі затты «байланыстыратын көпір» секілді. Әр бала кезекпен жауап береді.<br><br>**Математика негіздері**<br>«Қиындыларды дұрыс бөл»<br><br>Мақсаты: Қиындыларды түсі мен ұзындығы бойынша айыра білуге жаттықтыру.<br>Көрнекілік: Әрбір балаға ұзындықтары мен түсі әртүрлі, мысалы: 2 қызыл, 1 жасыл, 2 сары, ең ұзын-сары, ең қысқа-қызыл, ұзындықтары бірдей: қызыл, жасыл, сары қиындылар жиынтығы.<br>Барысы: бірнеше тапсырмадан тұрады.<br>1- тапсырма: балаларға барлық қызыл қиындыларды сол жаққа, сары қиындыларды оң жаққа, жасыл қиындыларды ортаға | тәрбиелеу.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"«Түлкі мен қоян» орыс халқының ертегісі"<br>Мақсат-міндеттер: ертегіні оқу барысында оқиға желісі мен кейіпкерлерді белгілер арқылы сызып көрсетіп, әр белгінің нені бейнелейтінін түсіндіру<br><br>**Дидактикалық ойын**<br>**«Мен бастаймын, сен аяқта»Мақсаты:** Есте сақтау және ойлау қабілеттерін дамыту. Шарты:Тәрбиеші ертегіден бір сөйлемін оқиды, балалар жалғасын табады.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>***( жетекшісі жоспарымен)*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сүйене отырып, диалогтарда қарапайым сөйлемдер құруға жаттықтыру; А.С. Пушкиннің "Балықшы мен балық" ертегісінің негізгі мазмұнын мұқият тыңдауға үйрету.<br><br>**"Мінездемепортреті"Салыстыру (ертегіперсонаждарыбойынша)**<br><br>**Мақсаты:**Затесімге сын есім мен етістіктердісөздерінқатыстырыпауызекісөйлеуқолданысындапайдалануғаүйрету<br><br>**Сурет салу** | | "Төрт түлік мал"<br><br>Мақсат-міндеттер: балалардың Қазақстанда қолда өсірілетін түлік түрлері, үй жануарларына күтім жасау, олардың тіршілік қалпы туралы түсініктерін кеңейту.<br><br>**"Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз".**<br><br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту.<br><br>Шарты.<br><br>1-нұсқа.<br><br>Педагог жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді, балалар көрсетілген затты, жан-жануарды немесе құбылысты көрсетеді.<br><br>2-нұсқа.<br><br>Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезекпен қимылдарды көрсетеді.<br><br>**Дене шынықтыру** | қоюды тапсырады.<br>2- тапсырма: бірдей қиындыларды бірінің үстіне бірін тізіп қою.<br>3- тапсырма: оң жаққа ең ұзын, сол жаққа ең қысқа қиындылар қою.<br>4- тапсырма: қиындылардың ең қысқасынан бастап, ең ұзынына қарай реттеп, бір қатарға қою "<br><br>**Дене шынықтыру**<br><br>**(**жетекші жоспарымен**)**<br><br>**Қазақ тілі**<br><br>"[И] дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)".<br><br>Мақсат-міндеттер: [И] дыбысын сөздің басында, ортасында кездесетінін ұғындыру, айтылуын дұрыс меңгерту, көру және есту қабілетін дамыту.«Сиқырлы қалта» ойыны<br><br>«Сиқырлы қалтаның» ішіне мамандық иелері бейнеленген кесте суреттер салынады. Тақтаға | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br><br>"Жер - ортақ үйіміз!"<br><br>Мақсат-міндеттер: Жер планетасы және ғаламшардағы адамдардың өмірі туралы түсініктерін қалыптастыру, әртүрлі елдер мен ұлттарға қызығушылық пен құрмет сезімін ояту; балалардың сөздік қорын кеңейту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **(Таза ауада)** | шыққан оқушы өзі жақсы көретін мамандығы бейнеленген суретті таңдап алады. Ойынға қатысушы оқушылар «Бұл кім? Не істейді?»-деген сұраққа жауап береді | |
| **2- таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Торғай, көгершін, үйрек құстарын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)**<br><br>Тақпақ.<br><br>Ұшып, қонып жүр торғай,<br><br>Жем іздейді.<br><br>Серігіне табасын жегізбейді,<br><br>Құттай дәнді қиядан көзі шалып,<br><br>Байғұс сірә көрмейді өгіздерді.<br><br>Бақылау. Құстардың көлеміне, түрі-түсіне, шығарған дыбыстарына қарай, аттарын айыра білуге, қимыл іс-әрекетіне назар аудару, қимылдарын салыстыру. Торғай секіреді, ал көгершін | | **Құстардың ұяларын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)**<br><br>Жұмбақ.<br><br>"Шым тостаған".<br><br>Далаға кім тастаған?<br><br>(Құстың ұясы)<br><br>**Бақылау.** Тұмсығымен тістеген шөп, жүн-жұрқаны ұясына алып келген қараторғайды бақылау. Үй алдында ән салуын, қанат қағысын, басын шұлғып тұмсығын кеңінен ашады. Құс үйшігінің жанында, балаларды өзін байсалды ұстай білуге тәрбиелеу.<br><br>**Қимылды ойын. «Өрт** | **Ұяны бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)**<br><br>Жұмбақ.<br><br>Ши түбінде шым кесе.<br><br>(Ұя)<br><br>Тақпақ.<br><br>Құстар ұя салады,<br><br>Жасауға жұмсақ ұяны.<br><br>Жабағы жүнді жияды,<br><br>Жайлы қып жасап ұяны<br><br>Жұмыртқасын салады.<br><br>**Бақылау.** Шатыр астындағы ұяны бақылау, ағаштағы құстардың ұяларының ерекшелігін белгілеу. Құстар | **Өсімдіктердің бірінші көктеуін бақылау (Ақселеу). (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)**<br><br>Тақпақ.<br><br>Үлбіреген бақбақ,<br><br>Үлпілдеген аппақ.<br><br>"Уф!"-десем бақбақ,<br><br>Ұшасың ғой қаптап.<br><br>**Бақылау.** Назар аударыңыздар: жердің жылуымен жаңа өсімдіктер пайда бола бастайды. Өсімдіктер алдымен күннің жылы қызуымен өседі. Бір-екі өсімдіктерді айыра білу. Өсімдіктерді аялауға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүреді.<br>**Қимылды ойын. «Көптерді қуып жет». (дене шынықтыру)**<br>Жарысуға үйрете отырып, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбексүйгіштікке баулу.<br>**Еңбек.** "Құстарды тамақтандыр". **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Құстарды тамақтандыруға және олардың қасында өзін-өзі ұстай білуге және құстарға қамқор бола білуге баулу.<br>**Өз бетімен ойындар.** Әр балаға өзіне ұнайтын ойынды ойнауға мүмкіншілік беру. **(дене шынықтыру)** | | **сөндірушілер». (дене шынықтыру)**<br>Гимнастика баспалдағынан жүру, балалардың өздерінің қимыл қозғалыстарын үйлестіре алуы. Сорғышты шайқау. Балалардың белгі бойынша қимыл әрекетін дамыту.<br>**Еңбек.** Жер қазу жұмысы (ағаштардың түптерін қопсыту, құрғақ жапырақтарды жинау).<br>Балаларды құрғақ жапырақтарды жинауға қатыстыру, белгілі бір жерге апарғызу. Балаларды тазалықты сақтауға және еңбек етуге тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>**Өз бетімен ойындар. «Гараж».**<br>Балалардың құралдарды дұрыс пайдалана білуге үйрету. Ойын барысында «жол» салуға басшылық жасау. Танымал ойындарды өз қатарларымен ұйымдастыру қабілетін арттыру. | ұяны жасайды. Өздері ағаш бұтақтарынан, жүннен, шөптен құрайды. Балапандарын ұрғашы құс басады, ал еркегі тамақ тауып, ұяның жанында ән айтып отырады.<br>**Қимылды ойын. «Кім шақырды?» (дене шынықтыру)**<br>Белгі арқылы шеңберге тұруға дағдыландыру. Жолдасының дауысын тануға үйрету, ойын шартын орындату. Жануардың дауысын салу, бұйрықсыз бұрылмау. Есте сақтау мен төзімділік қабілетін арттыру.<br>**Еңбек.** Жер қазу жұмысы. Гүлзарлар қазу. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Гүлзар жұмысында тәрбиешіге көмектесу, еңбек ету тапсырмаларын орындату. Ересектерге көмектесу, бастамасын мадақтау.<br>**Өз бетімен ойындар. «Ғарышкер». (шығармашылық іс-әрекет)**<br>Балалар құрылыс ойынында зымыран құруға үйрету, жағдай жасау, керек заттар мен ыңғайлы орын дайындау. Ойында татулық қарым-қатынасын тәрбиелеу. | тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Күшік пен мысықай». (дене шынықтыру)**<br>Гимнастикалық қабырғада 4 аяқтап өрмелеу қабілетін арттыру. Ептілік пен төзімділікке тәрбиелеу.<br>**Еңбек.** Гүлзарға гүл тұқымын себу. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Өз еркімен таяқшамен қуыс жасауды және суаруды үйрету. Өз еңбегіне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.** Құммен ойын.<br>Алдын ала келісім арқылы өзара жұмыстарды бөлісу, бір-бірінің жұмысын үйлестіру және біріккен жігермен нәтижеге жетуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br><br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br><br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br><br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br><br>*Көркем сөз*<br><br>Ыстық құймақ пісірдім,<br><br>Тәрелкеме түсірдім.<br><br>Дәмді болды құймағым,<br><br>Құйып жедім қаймағын.<br><br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | "Мысықтың ызалануы" жаттығуы (тізомен тұрып, белді бүкірейтіп, басты төмен түсіру).<br><br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br><br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br><br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел | **"Домино" дидактикалық ойыны.**<br><br>Мақсат-міндеттер: баланың | | **"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br><br>Мақсат-міндеттер: балаларды | **Ұлттық ойын. Асықты тігіп ойнау**<br><br>Бір топ бала, жастар жиылып | **Сюжетті-рөлдік ойын.**<br><br>**"Ұшақпен сапар".**<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру.<br>Ойын шарты.<br>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>**"Сөйлемді аяқта" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: құбылыстар арасындағы себептік байланысты түсінуге үйрету; сөздерді дұрыс таңдауға жаттығу жасау.<br>Міндеттері: балаларға сөйлем | | жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды.<br>"Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі.<br>Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды:<br>- Сәлеметсіз бе! Кім боласыз?<br>"Бояушы":<br>- Мен бояушымын,<br>Үстімде боялған киімім.<br>Алыстан келемін,<br>Бояу үшін теңге беремін.<br>"Бояуды сатушы":<br>- Түсі қандай бояуды қалайсыз?<br>Осы кезде "бояушы" кез келген | келіп, тегіс жерді таңдап алады да оны тазартып, ортадан төрт бұрышты сызық сызады. Сол төрт бұрышты ортасынан тең етіп екіге бөледі. Әр жағының қашықтығы балалардың жас мөлшеріне қарай белгіленеді. Сонда 1-1,20 см немесе 1,5 метрге дейінболады. Мұны «көн» деп атайды. Сонда ойнаушылардың өзара келісімі бойынша көннен 4-5 метр не одан да көп мөлшерде асық ататын орын белгіленеді. Оны сызықпен белгілейді. Ойыншылар осы жерден тұрып көндегі асықты ататын болады. Ойынды кім бірінші болып бастайтынын сақа иіру арқылы анықтайды. Сақасы алшы түскен ойыншы бірінші болып ату кезегін алады.<br>Ойыншы асыққа дәл тигізіп, оны көнбе сызығынан шығарса, оны алады да, сақасы түскен жерден қайта атады. Сөйтіп көннен шығарғандарын ала береді. Егер оның сақасы көндегі асыққа тимей кетсе, асықты келесі ойыншы атады. Ал тігілген асықтарды бұзып, бірақ көннен шығара алмаса, қалған ойыншылар асықтарды сол жатқан қалыбында атып, көннен шығарып алуға тиіс. Ойын көндегі асықтар бойынша | ұшақпен сапарға шығу қандай әрекеттерден тұратынын, әуежайдың қандай орын екендігін түсіндіру; ұшқыш-пилот, стюардесса, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандар туралы ұғымдар қалыптастыру; ұшақтарда жолаушылардың қандай тәртіп бойынша саяхаттай алатыны жайлы жаңа білімдерді пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар: "ұшақтың борты" - орындықтарды екі қатарға тізу; ұшқыш, стюардесса, полицей, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері); ұшқыш-пилоттың алдында тұратын ұшақты жүрзуге арналған батырмалары бар панель; сусындар мен шырындардың бос ыдыстары; тағамдар макеттері; терминалда тұратын бақылау өткелінің макеті; сөмкелер мен қораптар, ойыншық чемодандар, ойыншық смартфондар; билеттер және жеке куәлікті білдіретін таңбалауыштар; мөр; қағаз бетіне салынған ұшу алдында, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құрауға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, келісілген сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Дидактикалық ойынға қызығушылықты тәрбиелеу.<br><br>Ойын барысы. Тәрбиеші сөйлемді бастайды: «Мен жылы тон кидім, өйткені…», «Балалар бастарына панама киді, өйткені…», «Далада жаңбыр жауып тұр, өйткені…»<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады:<br><br>- Бояудың бағысы қанша?<br><br>- Бағасы бес (он, он бес, сегіз, бағасы тағы басқа) теңге.<br><br>"Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап кетеді.<br><br>Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады.<br><br>"Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.<br><br>**(дене шынықтыру)** | біткенше ойнала береді. Көндегі асық біткен соң, ойынға қатынасушылар бір-бірден көнге қайта асық тігіп, ойын қайта басталып, жалғаса береді.<br><br>**(дене шынықтыру)** | ұшу барысында және аяқталған кезде тәртіпті сақтау ережелерінің сызбалы суреті.<br><br>Шарты.<br><br>Педагог дайындық жұмысында ұшақпен сапарға шығу үшін, билеттерді салып алу қажеттілігі; ұшақпен ұшу алдында әуежай терминалында тіркеуден өтіп, содан соң ұшақ бортына өтуге болатынын анықтайды.<br><br>Балалар әуежай, ұшақ салоны сияқты жерлерді суреттер және бейнежазбалардан алдын-ала көріп түсінеді.<br><br>Педагог стюардесса, пилот, бақылаушы полицей, есепші мамандарының адамдарды ұшақпен тасымалдау үшін қандай әрекеттер жасайтынын біртіндеп түсіндіреді.<br><br>Ойын кезінде тек тиянақтау сұрақтары қойылады, балалардың арасынан тағайындалған (санамақ) мамандардың міндеттері үлестіріледі.Ойынға қатысу-шылар өз құрал-жабдықтарын алып, орындарына барады, ойынға дайын тұрады.<br><br>Педагог балаларға ұшақпен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | саяхаттау өте қызықты болатынын ойын барысында жеткізіп отыруы тиіс.<br><br>Алғашында педагог балалардың мамандар ретінде өз орындарында міндеттерін атқару барысын реттеп, қада-ғалап отырады.Қажеттілік болса, педагог бетпердесіне де көңіл аударады.<br><br>Мамандар өз орындарына барған кезде, балалар жолау-шылар болып, билеттерін алады, тіркеуден өтіп, содан соң ұшақ салонына шақыры-лады.Стюардессалар көпші-лікке жариялайтындай бір-неше ережені ескеруі керек: қол жүгін орнына салу; смартфондарды өшіру; қауіпсіздік белбеуін тағу; салонда шуламау, көршісіне кедергі жасамау; ұсынған тағамды алу; демалу; ұшақ қонғаннан кейін белбеуді шешу, қол жүгін алып шығу.<br><br>Стюардессалар мен ұшақтың пилотына қажетті нұсқау-ларды беріп жүргені дұрыс; балалар өз рөлдерін міндет-терін біртіндеп меңгеріп алады.Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: ұшақпен сапарға шығу кезінде көптеген ерекше |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ережелерді орындау керек; жолаушылардың демалыс-тары үшін көптеген адамдар қызмет етеді; әуежай мен ұшақ салоны - қоғамдық орын; ұшақ - ерекше әуе көлігі, оны басқарып, жүргізу үшін жақсы оқып, көп дайындалу керек.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.<br><br>Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей | | **Өлең жаттау.**<br><br>Бала тілін дамыту.<br><br>Көкке ұшамын -<br><br>Ұшқыш болар баламын.<br><br>Соңына ерем<br><br>Ер ғарышкер ағаның.<br><br>(Тұманбай Молдағалиев)<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **"Мен ғарышкер боламын" өлеңін жаттау.**<br><br>Аспан, аспан, арайлым,<br><br>Саған жиі қараймын.<br><br>Сені көзбен шоламын...<br><br>Мен ғарышкер боламын.<br><br>Ж.Смақов<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Сергіту сәті.**<br><br>"Ғарышқа самғап ұшайық."<br><br>- Балалар, бәріміз орнымыздан тұрып, ұшақ болып ұшып, біраз сергіп алайықшы!<br><br>Ғарышқа самғап ұшайық (саусақтарын бүгіп, қолдарын жоғары-төмен қозғау),<br><br>Аспан төсін құшайық (кеуде алдында бүгілген қолдарымен өзін құшақтау).<br><br>Қанаттарды кең жайып (қолдарды жан-жаққа тік жаю),<br><br>Ұшақ болып ұшайық (жайылған қолдармен ойын алаңында жан-жаққа жүгіріп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | салу.<br><br>**(шығармашылық іс-әрекет)** | | | | "ұшу")<br><br>- Зуууу! Зуууу!<br><br>Балалар педагогке еліктеп әуен ырғағына, сөздерге сай қимылдайды. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br><br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br><br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br><br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br><br>*Көркем сөз*<br><br>Ыстық құймақ пісірдім,<br><br>Тәрелкеме түсірдім.<br><br>Дәмді болды құймағым,<br><br>Құйып жедім қаймағын.<br><br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы | | | | |

| | |
|---|---|
| ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.<br><br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Қазақ халқынының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға "Қаражорға" биін билету. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br><br>Өнер бұрышында қоршаған орта тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу.<br><br>Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу. Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу. Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.<br><br>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.<br><br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.<br><br>Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.<br><br>Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құрылғыларды қолдану).<br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу ); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Баланы ойлануға қалай үйретуге болады?» атты тақырыпта ата-аналарға кеңес. | | «Баланың демалысын дұрыс ұйымдастыру». | «Отбасындағы бала тәрбиесінің маңызы» тақырыбында ата-аналарға кеңес. | Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу. |

**Бекітемін:**
**№17 "Шұғыла"бөбекжай-балабақшасы**
**әдіскері Ахметова Г.К**

# Циклограмма

**Білім беру ұйымы:** №17«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы
**Тәрбиеші:**Серғазықызы А.Оразғалиева Н.
**Топ:** №10 «Ақбота» мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 5 жас
***Жоспардың құрылу кезеңі:*** сәуір айы 2 апта **08.04-12.04.2024ж**

| Күнтәртібі | Дүйсенбі 08.04.2024 | Сейсенбі 09.04.2024 | Сәрсенбі 10.04.2024 | Бейсенбі 11.04.2024 | Жұма 12.04.2024 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Балаларды қоңыраумен қарсы алу. Сылдырлатып қоңырауын соғып кіріп,келесі балаға береді | Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б) | Достық эстафетасы арқылы қарсы алу | Көңілді күн әнімен қарсы алу | Қонаққа келген қуыршақпен қарсы алу |
| **Ата-аналарменәңгімелесу, Кеңесберу** | Баланың көңіл күйі жайлы әңгіме | Баланың денсаулығы жайлы әңгіме | Баланың басқа балалармен қарым – қатынасы жайлы әңгіме | Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме | Баланың көңіл күйі туралы әңгімелсу |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | **Үстел-үсті ойын:** «Нан қайдан пайда болады?» **Мақсаты:** «Нан қайдан пайда болады?» ертегісі желісімен танысады. (қоршаған ортамен | нан түрлерін ата» **Мақсаты:** Нан түрлерімен танысады. Нанның түрлерін ажыратады. Нанды | **Үстел-үсті ойын: «Нанның пайдасы» Мақсаты:**сурет бойынша нанның пайдасын топтастыра алады. (қоршаған ортамен таныстыру) | **Үстел-үсті ойын:** «Не артық?» **Мақсаты:** шапшаңдыққа бейімделеді, нан түрлері арасындағы артық затты тауып, қоршай алады (қоршаған ортамен таныстыру) | **ойын:**«Диқаншы еңбегі» **Мақсаты**: Диқан еңбегімен танысады, еңбекті бағалауға, нанды қастерлеуге тәрбиеленеді. (қоршаған ортамен таныстыру) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таныстыру) | | | | |
| **Таңертенгіжаттығу** | Сәуір айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғыас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке Дайындық** | Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. | | Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру тәсілдерін меңгерту | Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылауды үйрету. | Ойлау мәдениетін, таным процесін еркті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. |
| **Білімберуұйымыныңкестесі бойыншаұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** «Мен ғарышкер боламын» қазақтан шыққан ғарышкерлер туралы білімдерін кеңейту. | | **Математика негіздері** **Тақыры"Бөтен планеталыққа зымыран ал"Мақсаты:** пішін, түс, өлшем, | **Математика негіздері "Ғарышқа қашан барамыз. Объектілердің теңдігі мен теңсіздігі"** **Мақсаты:** Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», | **Сөйлеуді дамыту "Күн, ауа және су-,жер біздің ең жақсы достарымыз!»** **Мақсаты:**Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | «Ауа-райы» сөзіне анықтаманы іріктe» (Жаңбырлы, күн ашық, суық,күн шуақты, желді,ыстық және т.б.) **Тапсырма.** Балалар көктем мезгіліндегі құбылыстарды әр түрлі дыбыстармен ұқсата біледі,қимыл жасайды. (дене шынықтыру) | «Қайсысы қайда тіршілік етеді?» **Мақсаты:** суреттен көрген заттарының аттарын тауып, олардың қайда өмір сүретінің айта алады (дене шынықтыру) | «Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата» **Мақсаты:**Қассиетіне қарай:қар мен жаңбырды ажырата біледі. табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекітіп, қатты,жұмсақ,ериді,буға айналатынын түсінеді. (дене шынықтыру) | «Су қалай айналады» **Мақсаты:** Судың пайдасын түсіндіру. Олардың айнылымы туралы, қоршаған ортамен таныстыру. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу(дене шынықтыру) | «Табиғи оркестр». **Мақсаты**«Табиғаттың жас досы бол!»Табиғат дыбысын, яғни судың сылдырын, желдің, жаңбырдың дыбысын және жан-жануарлардың дауыстарын естиді,таниды. (дене шынықтыру) |
| **Серуенненоралу** | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Түскіас** | Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күндізгіұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдаояту, сауықтырушаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесінас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**<br>Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітап тарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | «Артығын тап»<br>Мақсаты: Берілген тізбектен артық затты таба алады.<br>(сөйлеуді дамыту,) | «Көңіл-күйді бейнеле»<br>Мақсаты: Көңіл-күй суреттерін таба алады.<br>(қоршаған ортамен таныстыру) | «Ретімен әңгімеле»<br>Мақсаты: Балалар суреттер бойынша әңгімелеп құрастыра алады. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) | «Шытырман»<br>Мақсаты: Суретті қателерді табады.<br>(сөйлеуді дамыту, сурет салу) | **:«**Қай мезгілде болады?<br>Мақсаты: Суреттен мезгіл құбылыстарын айта алады.<br>(қоршаған ортамен таныстыру) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | Гүлдер туралы сұрау | Бөлме гүлдеріне күтім жайлы әңгіме | Тілдік жаттығулар | Жаңылтпаш үйрету | Санауға үйрету |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | Бақылау: Табиғат өзгерістерін бақылау. Жел соғады, күннің көзі жылытады, қар ериді.<br>Үлескедегі еңбек: Жолды тазалау. Аула сыпырушының еңбегін бағалау.<br>Қимылды ойын: «Аю мен балалар», «Қолғап» аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу.<br>Жеке жұмыс: Көктем туралы өлең, тақпақтар жатқа айту:<br>Сәуір болса,<br>Күн күркірер<br>Күн күркіресе<br>Көк дүркірер.<br>Өзіндік іс – әрекет: үлкен топтың балалары қардан жолды қалай тазалар екен соны тамашалау. | Бақылау: Көктемгі желді бақылау.<br>Жел соғады бетіме,<br>Тербеледі ағаштар<br>Кіп – кішкене ағаштар<br>Үлкен болып өседі.<br>Үлескедегі еңбек: Қалған қарлардан тау жасауға болатынын көрсету. Еңбектенуге үйрету.<br>Қимылды ойын: «Алып қаш», «Шеңберге түсір» шапшаңдыққа, | Бақылау: Көктемгі алғашқы гүлдерді бақылау.<br>Бар табиғат нәр алып,<br>Шыға келер жаңарып<br>Қызғалдақ боп құлпырған<br>Көктем біздің балалық.<br>Үлескедегі еңбек: Үлескедегі бассейн орнын тазалау. Еңбектенуге талпындыру.<br>Қимылды ойын: «Қаздар – қаздар», «Торғайлар мен машина»<br>Жеке жұмыс: Тақпақтар айту.<br>Сылдыр – сылдыр тап – таза<br>Мөлдір бұлақ басталды.<br>Өзіндік іс – әрекет: | Бақылау: Бұталарды бақылау. Үлескедегі әдемі бұталарды сындырмай сақтай білу және қорғау.<br>Үлескедегі еңбек: Түскен ағаш бұтақтарын жинау. Өз үлескелерін таза ұстауға үйрету.<br>Қимылды ойын: «Қасқырды ұста», «Допты жоғары көтер» шапшаңдыққа баулу.<br>Жеке жұмыс: Бір тізбекпен жүріп үйрену. Кедергілерден қорықпаймыз, жылдам өте шығамыз.<br>Өзіндік іс – әрекет: ойын құралдарын таңдай біліп, өздері ойнай білу. | Бақылау: Көктем мезгіліндегі аңдардың тіршілігін бақылау. Балаларға сурет арқылы (аю, кірпі, тиіннің қалай оянатыны туралы әңгімелеу.)<br>Үлескедегі еңбек: Күректі қалай пайдалану керек екені түсіндіріледі. Үлкен адамдар еңбегін бағалау.<br>Қимылды ойын: «Ормандағы аю», «Қорқақ қоян»<br>Жеке жұмыс:<br>Секірейік, секірейік<br>Ұзын құлақ қоянша<br>Шаршағанды кетірейік<br>Болар сонда тамаша.<br>Өзіндік іс – әрекет: «Дауысты таны» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дәлдікке үйрету. Жеке жұмыс: Саппен дұрыс жүре білуге дағдыландыру. Өзіндік іс – әрекет: жаттығуларды өз еріктерімен орындау. | ағаштардың бүршік жарғанын тамашалау. | | аңдардың дауыстарынан, жүрістерінен айыру. |
| | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Кешкі ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | **Шарлармен жаттығулар орындау.** Мақсаты: жаттығуларды орындайды. қызығушылығын білдіреді. (Топпен) | **Дидактикалық ойын«Кімде не бар?»** Мақсаты:аттардың(шкаф,орындық т.б) аттарын дұрыс атай біледі. | **Дидактикалық ойын "Ғажайып қапшық"** Мақсаты: балалар ойыншықтардың атауларын айтады. | **Әңгімелесу "Менің ойыншығым"** Мақсаты: Балалар тәрбиешінің сұрағына жеңіл сөздермен жауап береді. | **Дидактикалық ойын. «Атын атап бер»** Мақсаты: түсі мен көлеміне қарамастан таныс заттарды таниды және көрсетеді. |
| **Балалардыңүйге қайтуы** | Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру. | Ата –аналарға бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту. | Бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу. | Әңгімелесу әдептілік сөздерді үйретуін ескерту. | Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету. |

**Бекітемін:**

**№17 "Шұғыла"бөбекжай-балабақшасы**

**әдіскері Ахметова Г.К**

# Циклограмма

**Білім беру ұйымы:** №17«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы
**Тәрбиеші:**Серғазықызы А.Оразғалиева Н.
**Топ:** №10 «Ақбота» мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** сәуір 5 апта 29.04-03.05.2024 .

| Күнтәртібі | Дүйсенбі 29.04.2024 | Сейсенбі 30.04.2024 | Сәрсенбі | Бейсенбі 02.05.2024 | Жұма 03.05.2024 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Балбырауын күйімен қарсы алу | Балалық шақ күйімен қарсы алу | | Смайликтер арқылы қарсы алу | Әсем әуенмен қарсы алу |
| **Ата-аналарменәңгімелесу, кеңесберу** | Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | | Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | «Сиқырлы суреттер» Мақсаты: Логикалық ойлау қабілеттері, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамытады. Құрастыру дағдыларын | «Ою құрастыру» Мақсаты: Сандардың ретін, құрамын оңай табады, таңбаны айыра біледі. (құрастыру, жапсыру әрекеті) | | «Әр ұлттардың билерінің элементтері» Мақсаты: Бірнеше ұлт өкілдерінің биімен таныс. Би қимыл дағдыларын бекітеді. (қоршаған ортамен таныстыру) | «Не деу керек?» Мақсаты: Ғажайып сөздерді қолдана біледі. (сөйлеуді дамыту) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жетілдіреді. (математика негіздері) | | | | |
| **Таңертенгіжаттығу** | Сәуір айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғыас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық** | Қазақ ою-өрнектерінің түрлері «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл»туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояуды пысықтау | Біртекті заттардан сюжеттер құруды, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыруды, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білуді, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеуді үйрету | | Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қиюды үйрету. | Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіру. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдауды дамыту |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білімберуұйымыныңкестесі бойыншаұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**«Қасқыр мен түлкі» ертегісі**<br>**Мақсаты** Бала бойындағы шешендік қасиетті, сөздік қорларын дамыту Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану<br>.<br>Дидактикалық ойын:<br>«Түлкінің құйрығын тап».<br>Ойын шарты: балалар қима суретерден Түлкінің құйрығын тауып көрсетеді.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Мақсаты** әдеби кейіпкерді адамгершілік ережелері тұрғысынан бағалауға | **Сауат ашу негіздері**<br>**Мақсаты:** алдыңғы оқу қызметтерінде алған білімдерін пысықтау. Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру<br><br>**Дидактикалық ойын: «Эстафета».**<br>Педагог сөйлемді айтады, оны қайталайды, сөйтіп бірінші баланың алдына текше немесе кішкене зат қояды, ол дереу бірінші сөзді айтады. Педагог келесі балаға текше бергенде, ол екінші сөзді айтуы керек **...**<br><br>**Математика** | **Математика негіздері**<br>**Міндеті** Қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа<br>**Мақсаты** кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру<br>**«Фигура қайда жасырынды?»дидактикалық ойыны**<br>Педагог елестетілген шаршының бұрыштары мен қабырғалары және оның ортасында еденге ойыншықтарды жайып қояды. Жетекші бала кез келген ойыншықты шаршыдан алып, басқа балалардан қай заттың артында, алдыңғы жағында, оң жағында және т.б. орналасқандығын атауға шақырады. Балалар фигураны атамай, оның орналасуын сипаттайды | **Математика негіздері**<br>**Мақсаты:** кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру Қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа<br><br>**Топтық жұмыс.**<br>Балаларды топқа бөлу үшін педагог санамақ ұсынады.<br>Топтардың әрқайсысына әртүрлі заттар (кестеге ұқсас) бейнеленген жұмыс парақтары таратылады. Педагог ойын жағдаятын ұйымдастырады (ойыншықтарды табуға көмектеседі).<br>Педагог карточкадағы суреттің орналасуын айтады, мысалы, жоғарғы сөренің оң жағы. Балалар осы жерде бейнеленген затты атайды. Оған керісінше затты атайды, балалар оның да орналасуын атайды | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Мақсаты:-** Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.<br><br>**«Кім шебер» дид/ойын**<br>**Мақсаты:** балалардың таңдау еріктерін қалыптастыру, театрлық өнерге баулу.Байланыстыра сөйлеуін дамыту.<br>Балалар таңдаған ертегіні сахналау<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Мақсаты** әдеби кейіпкерді адамгершілік ережелері тұрғысынан бағалауға дағдыландыру Диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру<br><br>Педагог балаларға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдыландыру<br>Диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру<br><br>**«Суретке қарап, әңгімеле»**<br>**Барысы:** Суреттегі төлдердің көңіл күйі қандай? Көжекті қандай төлдер құттықтады?<br>2. Ұйқасын тап. Дамыл таппай бір мезет,<br>Жортумен жүр ақ ... . (көжек)<br>3. Сен досыңның туған күніне не сыйлағың келеді? Суретін сал.<br>4. «Туған күніңмен құттықтаймын!» деген сөйлемді түрлі екпінде айт. Қалай айтқан дұрыс?<br><br>Музыка | **негіздері**<br>**Міндеті:** Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде);<br>**Мақсаты** кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру<br><br>**«Қайда барасың, нені табасың?»** **атты** дидактикалық ойын.<br>**Ойын мақсаты:** ойын балаларды негізгі кеңістіктік бағыттарды (алға, артқа, оң жақ, сол жақ) анықтау және сөзбен айтуға, заттың кеңістікте орналасуын белгілеу үшін әртүрлі | **Сауат ашу негіздері**<br>**Мақсаты :** алдыңғы оқу қызметтерінде алған білімдерінпысықтау . Сөйлем құрау, дауысты дыбыстардың түрлерін анықтай отырып, буынға бөлу дағдыларын жетілдіру<br><br>Ойын: «Сөздер тізбегі»(доппен)<br>Педагог балаға допты беріп сөз айтады. Бала айтылған сөздің соңғы дыбысына сөз айтып, допты әрі қарай береді. Сөзді айтқанда бастапқы және соңғы дыбысты анық айту қажет.<br>Сөздер тізбегін айту барысында нені анық айтып, нені мұқият тыңдадыңдар? (Дыбысты)<br>Мысалы: шар-радио-ожау-уылдырық-қымыз-зәкір-рауғаш-шалма-алма-алтын-нан- | **Сауат ашу негіздері**<br><br>**Міндеті: -**Сөзде түсіп қалған тиісті дыбысты табу, қандай да бір дыбысқа сөз құрау секілді тапсырмалар арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру<br>**Мақсаты С**ызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағыларын жетілдіру.<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Мақсаты:** сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, үй жануарлары мен төлдерін топтай алуға жаттықтыру, - Өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыр<br><br>Үнтаспадан жануарлардың дауыстары естіледі.<br>– Балалар бұл ненің | жұмбақ жасырады.<br>Көлеңкесінен қорқып, безектейді,<br>Ал оның баласын көжек дейді. Ол не? (Қоян)<br>– Балалар, көжек деген не? (Қоянның төлі)<br>– Көжек қандай болады? (Көжек кішкентай, жүні жұп-жұмсақ, сүйкімді болады)<br>– Бүгін Ботан Қошымовтың «Аққөжектің достары» ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Ертегіні ойдан, қиялдан шығарады. Педагог ертегіні оқып, мазмұнын ашады<br><br>**Қоршаған орта**<br>**Міндеті:** Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қазақ тілі**<br>**Мақсаты:**<br>Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету<br><br>**"Отбасы мүшелерінің есімдері кім?".**<br>**Мақсаты:**<br>Балалардың өз отбасы мүшелерін нақты атай білу қабілетін бекіту; есте сақтау қабілетін, үйлесімді сөйлеуін дамыту; отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | кеңістіктік терминдерді (іші, үсті, арты, асты және т.б.) пайдалануға жаттықтыру үшін жүргізеді. | нар-риза-алмұрт-тас-сағат-тарақ-қасық-қант-табақ-қалам-мама-апельсин-нағашы-ыдыс-<br><br>**Музыка**<br>**Қоршаған орта**<br>**Мақсаты** алалардың туған жерін сүюге тәрбиелеу, қоршаған ортаға және отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. . -Ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту<br><br>**Дене шынықтыру (таза ауада)** | даусы? Мәтін оқу. «Адам жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі, ит, мысықты күтіп-баптап өсіреді. Сол үшін үй жануарлары деп аталады. Үй жануарлары адамға көп пайда келтіреді. Жылқы – көлік, оны арба мен шанаға жегеді. Жылқының сүтін ашытып, қымыз жасайды. Қымыз – сусын. Сиыр, қой, түйе, ешкінің сүті мен еті – тамақ. Қой, түйе, ешкі жүнінен киім және тағы да басқа тұрмыстық заттар жасалады». – Мәтінде қандай таныс сөздер бар? – Қой, түйе, сиыр, ешкі, жылқы. – Үй жануарларының пайдасы қандай? – Үй жануарларының еті мен сүті бізге тамақ болады. Жүнінен киім т.б. заттар жасалады. – Адамдар үй жануарларын қалай күтеді? – Адамдар қойға, түйеге, сиырға, ешкіге, жылқыға шөп, су береді | **Мақсаты** Балалард ың бойына халқымыздың рухани байлығын сіңіре отырып, ата дәстүрін танып білуге, ардақтауға құрметтеп мақтан тұтуға тәрбиелеу**.**<br><br>**«Мен сүйінші сұраймын» дид ойын**<br>**Мақсаты: балаларға сүйінші, асар деп аталатын салт-дәстүрлерімен таныстыру.**<br><br>**Дене шынықтыру** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **дене шынықтыру** | |
| **Екінші таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Серуенгедайындық** | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Серуен** | Бақылау: Балабақша ауласын бақылау. Балабақша үлескесіндегі қандай өзгерістер болғанын әңгімелеп бақылату. Үлескедегі еңбек: Балабақша үлескесіндегі тас жолдарды тазарту. Сыпырғышпен тазалауға үйрету. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Кім жүйрік», «Сап құру» жылдамдықпен ойнауға үйрету. Жеке жұмыс: жұмбақтар шешу: | Бақылау: Күнді бақылау. Балаларға күннің қызуын бақылай отырып, сипаттай білу. Күнім – ау, күнім- ау Тұрасың күліп – ау Жылуың шашырап. Үлескедегі еңбек: Ауланы жинау. Балаларды айналаны таза ұстауға, тазалықты сүйе білуге үйрету. Қимылды ойын: «Соқыр теке» Мақсаты: | | Бақылау: Құстың ұясын бақылау. Тал басында бір отау (Ұя) Балаларды құстың ұясын бұзбауға, оған қамқор болуға , жанашырлық жасауға үйрету. Үлескедегі еңбек: Жыра жүргізу. Күннің көзіне еріп жатқан қарлардан жыра арқылы жүргізу. Қимылды ойын: «Тақия тастамақ». Қимыл – іс әрекетін дамыту, аңғарымпаздылыққа, ептілікке тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Балалардың тілін дамыту. 1 дегенім – біреу, 2 дегенім – егеу, 3 дегенім – үсік, 4 дегенім – төсек | Бақылау: Аспан әлеміне бақылау жасау. Аспан әлеміндегі бұлт, күн, ай, жұлдыздар туралы әңгімелеу. Көгілдір түстің біздің туымызбен бірдей екенін сезіну. Көктемгі көріністі байқау, бұлттың түсін, көлемін анықтау. Үлескедегі еңбек: Ойын құралдарын тазалау. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ұқыптылыққа баулу, өз заттарын таза ұстауға үйрету. Қимылды ойын: «кім бірінші жетеді», «Ине |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Екі айыр құйрығы, Қияқ мұрт қанаты Ұшқырлардың жүйрігі (Қарлығаш) Өзіндік іс – әрекет: балабақша үлескесіндегі ағаштардың аттарын атай білуге дағдыландыру. | балалардың тілін дамыту, ептілікке баулу. Жеке жұмыс: Тіл ұстарту. Ауыл маңын араларда Мысық көрсе анық танып, Дабыл қағар қара қарға Қар – рық Қар – рық, қар – рық... Өзіндік іс – әрекеті: күн туралы тақпақтар жаттату. | | Өзіндік іс – әрекет: құстың ұясын жасап үйрену. | мен жіп». Мақсаты: тапқырлыққа, жылдамдыққа, бірлесіп ойнауға үйрету, ептілікке баулу. Жеке жұмыс: Сан таңбаларын қайталау. Үлкен санға дейін санау таңбасын таба білуге үйрету. Өзіндік іс – әрекет: Бұлттардың қалай қозғалатынын байқау. |
| **Серуенненоралу** | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Түскіас** | Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгіұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтырушаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |
| **Бесінас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**<br>Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)** | **Арт-терапия Тақырыбы: Түстер әлемі**<br>**Мақсаты:** Түрлі түсті краскаларды пайдаланып, дала гүлдерінің суретін салады.<br>(сурет салу) | «Ойыншықты тап»<br>Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай біледі. Ұқыптылыққа тәрбиелейді.<br>(математика негіздері) | | «Сипап сезу арқылы санау»<br>Мақсаты: Сипап сезу арқылы санай біледі. Ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа, үлкен-кіші ұғымдарын біл еді.<br>(сөйлеуді дамыту) | «Сөйлемді аяқта»<br>Мақсаты: Есте сақтау және ойлау қабілеттерін дамытады. (сөйлеуді дамыту) |
| **Балалрменжекежұмыс** | ***Жеке жұмыс:***<br>Тимурмен жұмыс жасалады. Серуен барысында айтылған ағаштар жайлы ауызша сұралады.<br>Мақсаты: Сөздік қорын молайту. | ***Жеке жұмыс:***<br>Саусақтар үшін ойын: «Ғажайып дорба»<br>көру арқылы қабылдауды дамытады. | | ***Жеке жұмыс:***<br>Саусақтарға гимнастика «Достық»<br>Балаларға<br>сұқ саусақ пен бас бармақ арқылы шымшып ұстауды дамытады. | ***Жеке жұмыс:***<br>«Жәндіктер» туралы әңгімелесу<br>Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап береді. |
| **Серуенгедайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | **Еңбек:** Асбұршақ тұқымын отырғызу. Мақсаты: - асбұршақ тұқымын отырғызу дағдыларын қалыптастырады; **Педагог жетекшілігімен ойын:**«Алакүшік» Мақсаты: -жылдамдыққа, тез шешім қабылдай білуге, сергектікке үйретеді. (жанама бақылау) | **Еңбек:** Гүлдер отырғызу. Мақсаты: - тәрбиешінің берген тапсырмасын орындайды, топпен жұмыс жасай алады. -өсімдіктің өсуі мен дамуы туралы білімдерін бекітеді; **Педагог жетекшілігімен ойын:**«Хан алшы» **Мақсаты:** - қазақ халқының әдет-ғұрыпымен, салт-дәстүрімен танысады - еңбекқорлыққа, мәдениеттілікке тәрбиелейді; (жаппай | | **Еңбек:** Қураған ағаштарды жинау. Мақсаты: -еңбек етуге, тапсырманы орындағанда жауапкершілікке тәрбиелеуйді; **Еркін ойын:**«Қуалап соқ» Мақсаты: Жылдамдыққа, шапшандыққа баулиды. (тікелей бақылау) | **Еңбек:** Алаңдағы сынған бұтақтарды жинау. Мақсаты: -еңбекке оң көзбен қарауға тәрбиелейді, тапсырманы жауапкершілікпен орындайды. **Еркін ойын:**«Ақсерек» Мақсаты: Жылдамдыққа, шапшандыққа баулиды. Ұжымшылдыққа тәрбиелейді. (тікелей бақылау) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бақылау) | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Кешкі ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | **«Ауызша әңгімеле»** **Мақсаты:** «Бейбітшілік» тақырыбындағы суреттерге қарап, ауызша әңгіме құрап айта алады. Өз ойларын еркін жеткізе білуге үйренеді. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) | «Көктемгі көрініс» Мақсаты: Балалар екі топқа бөлініп, көктем мезгіліне байланысты суреттердің бөлшектерін реттеп, үйлестіріп, орындарын тауып, «Қысқы көрініс» тақырыбындағы суретті (пазл) құрастырады. Құрастырған суретке қарап, ауызша әңгіме құрап айтады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған | | Еркін ойын: **Сюжетті-рөлдік ойын «Дүкенші»** Мақсаты: Сатушының ролін ойнайды және қанша? неше? деген сұрақтарға жауап береді. | Еркін ойын: «Менің балабақшам» Мақсаты:тақырыптар бойынша картиналар қарастырады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ортамен таныстыру) | | | |
| **Балалардыңүйгеқайтуы** | Кеңес «Егер бала бұзық болса» | Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | | Ата- аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | Ата-аналармен балаларының тазалықтары жайлы әңгімелесу. |

**Бекітемін:**
**№17 "Шұғыла"бөбекжай-балабақшасы**
**әдіскері Ахметова Г.К**

# Циклограмма

**Білім беру ұйымы:** №17«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы
**Тәрбиеші:**Серғазықызы А.Оразғалиева Н.
**Топ:** №10 «Ақбота» мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 5 жас
***Жоспардың құрылу кезеңі:***мамыр айы 1 апта **06.05 -10.05.2024ж**

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі***<br>***06.05*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма***<br>***10.05*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күн тәртібі**<br>**Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың үйде күн тәртібін сақтауларын және уақтылы ұйықтау керектігін талап ету. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".**<br>Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың түсінігінде жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы ұғымдарын бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Оларды | | | | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. Еңбектенуге, үлкендерге көмектесуге тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.<br><br>**(еңбек іс-әрекеті)** | | | | **(еңбек іс-әрекеті)** |
| | **"Қонақ қай елден?" заттармен ойналатын ойын.**<br><br>Дидактикалық міндеті.<br><br>Балалардың басқа ел тұрғындары туралы білімдерін бекіту; басқа ұлт өкілдеріне қызығушылықты, оларды құрметтеуге тәрбиелеу, өмірі туралы білуге ынталандыру.<br><br>Ойын ережесі.<br><br>Суретке сәйкес басқа ұлт өкілінің ұлттық киімін таңдау; қуыршаққа ұлттық киімді киіндіру; кім ұлттық киімді дұрыс және жылдам киіндірсе, сол жеңеді.<br><br>Ойын әрекеттері: қуыршақты киіндіру; ұлттық би немесе өлең орындау.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** | | | | «Бәріне ортақ мереке» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Таңертеңгі** | **Жалпы дамыту жаттығулары (құрсаумен)** | | | | |

| | |
|---|---|
| **жаттығу** | 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау).<br><br>1-құрсауды екі қолдарымен алдына қояды; 2- құрсауды жоғары көтереді; 3-құрсауды алдына қояды ; 4- бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br><br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде.<br><br>1-құрсауды жоғары көтереді; 2-қолды түзу ұстап, оңға иілу; 3-құрсауды жоғары көтереді; 4-4-бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br><br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, құрсауды бүгілген қолымен көкірегіне қою.<br><br>1-2-отырып, құрсауды алдына шығару; 3-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br><br>4. Бастапқы қалып: еденге отыру, құрсауды бүгілген қолымен көкірегіне қою.<br><br>1-құрсау ұстаған қолымен оң аяғына иілу; 2-бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br><br>5. Бастапқы қалып: жерге арқасымен жатып, құрсауды түзу ұстап, басынан асыра қою.<br><br>1-2-тізені бүгіп, құрсаудың шетіне тигізу; 3-4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br><br>6. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде тұру.<br><br>Педагогтің 1-8 дейін санауы бойынша құрсаудан шығып секіру, қайтадан құрсауға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.<br><br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау).<br><br>1-құрсауды алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2-бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br><br>**(дене шынықтыру)** |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br><br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br><br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br><br>*Көркем сөз*<br><br>Тиін жаңғақ жарады, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ешкі шөп жеп барады.<br>Құстар дәнді шоқиды,<br>Ұлу отыр қоқиып.<br>Сүйекті жеп күшігім,<br>Ара балды сорады.<br>Жемге тойған бұзауым,<br>Қамаулы тұр қорада.<br>Ботқа жеймін дейсің бе?<br>Қазір жасап беремін.<br>Сүт ботқасын көп жесең,<br>Жылдам өсіп кетесің.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | "Бейбітшілік қорғанында" тақырыбында әңгімелесу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Көңілде көп қуаныш,<br>Әр көңілде жақсы үміт.<br>Келетін жылға мың алғыс,<br>Әкелген көп жақсылақ.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі**<br>**бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Көркем әдебиет**<br>"С.Оспанов «Тілегіміз - бейбіт күн» (жаттау)" (пысықтау)<br>Мақсат-міндеттер: балаларға С. Оспанов туралы мәлімет беру. Өлең жолында кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіру. Байланыстыра сөйлеуге өз ойларын жеткізе білуге үйрету<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"Таңғажайып гүлдер" (пысықтау)<br>Мақсат-міндеттер: ғажайып гүлдер туралы білімдерін кеңейтіп, гүлдердің ерекшеліктерін түсіндіру.<br>**Сурет**<br>"Атқа мінген шабандоз"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды атқа мінген шабандоз баланың суретін салуға үйрету; баланың дене бітімі мен аттың дене көлеміне сәйкестендіру | | | | **Көркем әдебиет**<br>**Мақсаты**:Шешендікке, сөз өнеріне баулу.Қазақтың батыр қыздары туралы кітаптар қарату. олардың ерлігін айтуын дамыту<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Мақсаты**: Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдануды дамыту: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. Қазақ батырларының суреттеріне қарап оларды тану, сипаттау әңгімелеуді жетілдіру<br>**Қоршаған ортамен таныстыру Жеңіс күні**<br>**Мақсаты**: Өз Отанын жақсы көру, оны қорғауды, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіну. Ұлы Отан соғысы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білігін<br><br>**Музыка**<br>**(жетекші жоспары бойынша)**<br><br>**Қазақ тілі**<br>Жеңіс күні<br>Мақсаты: Жеңіс күнін қалай тойлағаны туралы сұрау. Бұл мерекенің негізгі ерекшеліктерін өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру"Мемлекеттік мерекелердің Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, Отан қорғаушы күні маңыздылығын түсінуін дамыта, оларға белсенді қатыстыру. | | | | жылдарында Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің - Кеңес Одағының батырлары Бауыржан Момышұлының, Әлия Молдағұлованың, Мәншүк Мәметованың, Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың ерліктері туралы жаттықтыру. Қазақ тілі Сөздер Міндеттері: Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру.<br><br>**Дене шынықтыру.**<br>**(**жетекші жоспарымен**)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **2- таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Бақбақты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Бақбақ туралы білімді нақтылау; табиғатты белсенді түрде қорғауға ұмтылысты қалыптастыру; дәрілік өсімдіктер туралы білімдерін бекіту.<br><br>**Зерттеу.**<br><br>Қай дәрілік өсімдік тұқымын бақбақ сияқты алып жүретінін анықтау.<br><br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ауланы қоқыстар мен құрғақ бұтақтардан тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Өз жұмысының нәтижесін көруге үйрету. | | | | **Ауа райын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Көктемнің аяғында жансыз табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы жалпылама түсініктер қалыптастыруды жалғастыру.<br><br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ауланы көктемгі қоқыстардан тазарту.<br><br>Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу, кішіге көмектесуге үйрету. **(еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Тамшылар". (дене шынықтыру)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Екі қатар құруға, кең шеңбер құруға, ұжымдық іс-әрекеттің келісімділігіне, реакциялардың жылдамдығына және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Гүлшанақты тап". (дене шынықтыру)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Гүлдерді ажырата білуге, белгі бойынша әрекет етуге үйрету; жүгіру кезінде жаттығу; бақылауды дамыту.<br><br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту.**<br><br>Мақсат-міндеттер. Қимыл-қозғалыс көмегімен табиғатты аялауға тәрбиелеу; бөренелерден, тастардан секіру жаттығулары. | | | | тапқырлыққа үйрету.<br><br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** қозғалыстарды дамыту. **(дене шынықтыру)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Допты берілген бағытта оң және сол қолмен лақтыруға жаттығу; қимылдарды үйлестіруді дамыту; ұжымдық іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру. |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br><br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br><br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br><br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br><br>*Көркем сөз*<br><br>Тиін жаңғақ жарады,<br><br>Ешкі шөп жеп барады.<br><br>Құстар дәнді шоқиды, | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">Ұлу отыр қоқиып.<br>Сүйекті жеп күшігім,<br>Ара балды сорады.<br>Жемге тойған бұзауым,<br>Қамаулы тұр қорада.<br>Ботқа жеймін дейсің бе?<br>Қазір жасап беремін.<br>Сүт ботқасын көп жесең,<br>Жылдам өсіп кетесің.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</td></tr>
<tr><td>Күндізгі ұйқы</td><td colspan="5">Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.</td></tr>
<tr><td>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</td><td colspan="5">Ұйқыашар жаттығулары.<br>Керует жанындағы жаттығулар<br>"Құстар"<br>1. "Құстар оянды". Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».<br>2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту.<br>3. "Құстар жем шұқып жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу.<br>4. "Құстар көңілденіп жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру.<br>(дене шынықтыру)</td></tr>
<tr><td>Бесін ас</td><td colspan="5">Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</td></tr>
<tr><td>Балалардың</td><td>Сауат ашу негіздері</td><td></td><td>.</td><td></td><td>Қазақ тілі</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"ь,ъ әріптерді қайталау".**<br><br>Мақсат-міндеттер: оқушыларды ъ белгісімен таныстыру, оның дыбысталмайтынын түсіндіру, ъ белгісі бар сөздерді дұрыс оқуға және жазуға, есте сақтауға, дыбыстық талдау жасауға үйрету.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br><br>**"Спорттық жаттығу залы".**<br><br>Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі спорттық жаттығу залы жайындағы ұғымдарын нығайту; спорт жаттықтырушы жайында, оның атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; тәртіптілікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.<br><br>Құралдар.<br><br>Спорт киімдері, ойыншық спорт жабдықтары немесе макеттері.<br><br>Шарты.<br><br>Педагог балалармен бірлесіп дайындық жұмыстары ретінде спорттық жаттығулардың маңызы, жаттықтырушы | | | | "[Я] дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)".<br><br>Мақсат-міндеттер. [Я] дыбысының артикуляциясын нақтылай отырып, сауат ашу.<br><br>**Дене шынықтыру**<br><br>"Кім жылдам?"<br><br>Мақсат-міндеттер: балаларды екпінмен биіктікке секіру; бір-бірінің қолдарынан ұстап жұптасып айналуға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызметінің мәні неде екендігін суреттер, бейнежазбалар бойынша әңгімелейді.<br><br>Балалар жаттықтырушы жұмысын қалай атқарып (адамдарға түрлі жаттығуларды көрсетіп, үйрету, жаттықтыру), қандай жабдықтарды ұсынатыны, адамның қандай таңдау жасайтыны туралы біліп алуы тиіс. Міндетті түрді спорттық жабдықтардың атауларын айтқызу керек (штанга, гір, жүгіру жолы, созу жабдықтары), балалар ойын барысында осы сөздерді еркін қолдана алады.<br><br>Балалардың арасынан ниетін білдірген бірнешеуі жаттықтырушы рөлін атқарады, кейін балалар рөлдерді бөлу үшін санамақты қолданады.<br><br>Алғашында педагог ойын барысын сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша, әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады. Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады.<br><br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | денсаулығың мықты, денең шымыр болу үшін жаттығуларды ерінбей жасау керек; жаттығу залында қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Өлең жаттау.**<br><br>Жұматай Жақыпбаев "Бейбіт күн".<br><br>Алаулап гүл тұрады,<br><br>Туған жер құлпырады,<br><br>Бейбітшілік болса!<br><br>Түрленіп бақша, бағы,<br><br>Тірлік те жақсарады,<br><br>Бейбітшілік болса!<br><br>Балалар, болады аман,<br><br>Аналар болады аман,<br><br>Бейбітшілік болса!<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | **Дидактикалық ойын.**<br><br>**"Дұрыс па? Бұрыс па?" (етістіктер арқылы сипаттау)**<br><br>Мақсат-міндеттер.. Балаларға белгілі жан-жануардың (адамның, құбылыстың) қимыл-қозғалыстағы ерекшелігін сөздермен сипаттауды тыңдатып, сипаттаманың дұрыстығын немесе бұрыстығын анықтату, дұрыс нұсқаны айтуға ынталандыру; қоршаған әлем заңдылықтары жайындағы білімдерін нығайту; сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту; дүниетанымын кеңейту.Балалардың жауап-тары мынадай болуы мүмкін: "Қасқыр шаңқылдамайды, ұлиды", "жел тамшыламайды, соғады, еседі", "құс жорғала-майды, ұшады", "балық ұшпай-ды, жүзеді", т.б..Педагог тапсырмаларды жануарларға немесе құбылыстарға ғана |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | байланысты бере алады. Бұл ойынның нұсқалары көп.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Көркем сөз*<br>Тиін жаңғақ жарады,<br>Ешкі шөп жеп барады.<br>Құстар дәнді шоқиды,<br>Ұлу отыр қоқиып.<br>Сүйекті жеп күшігім,<br>Ара балды сорады.<br>Жемге тойған бұзауым, | | | | |

| | |
|---|---|
| | Қамаулы тұр қорада.<br><br>Ботқа жеймін дейсің бе?<br><br>Қазір жасап беремін.<br><br>Сүт ботқасын көп жесең,<br><br>Жылдам өсіп кетесің.<br><br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.<br><br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Қазақ халқынының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға "Қаражорға" биін билету.<br><br>Өнер бұрышында аңдардың қысқы тіршілігі тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру.<br><br>Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау. Жұмысты ұқыпты орындау, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.<br><br>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.<br><br>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау.<br><br>Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау.<br><br>Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.<br><br>Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.<br><br>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу ); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.<br><br>Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану). | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Майдангер аталар» тақырыбында суреттер көрмесін ұйымдастыру. | | | | Кеңес беру.<br><br>«Бала мен ата-ананың демалысының түрлері». |

**Бекітемін:**
**№17 "Шұғыла"бөбекжай-балабақшасы**
**әдіскері Ахметова Г.К**

# Циклограмма

**Білім беру ұйымы:** №17«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы
**Тәрбиеші:**Серғазықызы А.Оразғалиева Н.
**Топ:** №10 «Ақбота» мектепалды ттобы
**Балалардың жасы:** 5 жас
***Жоспардың құрылу кезеңі:*** мамыр айы ІІ апта13.05.-17.05.2024

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күн тәртібі**<br>**Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | "Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" тақырыбына әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Дөңгелек және сопақша»**<br>Мақсаты:Геометриялық пішіндерді ажырата білуге, оларға ұқсас заттарды топтай білуге, түстерін | **«Аңдар қысқа қалай дайындалады?»**<br>Мақсаты: Жануарлардың қысқа қалай дайындалатынын әңгімелеу. | **"Біз орындықтарды орнына қоямыз".**<br>Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау.<br>**(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **"Кітап бұрышындағы еңбек".**<br>(кітаптарды қалпына келтіру).<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты ұстауға, еңбектенуге, тәртіп | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың өз төсегін жинастыру дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға, еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айта білуге үйрету.<br>Суреттегі заттарды санауға, оларды сызып қосуға үйрету. Логикалық ойларын,есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ойшылдыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Математика негіздері**<br>Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет | **Қоршаған ортамен танысу**<br>Қарым- қатынас<br>іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті | | сақтауға тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | дағдыларын дамыту.<br>**(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| | **"Қонақ қай елден?" заттармен ойналатын ойын.**<br>Дидактикалық міндеті.<br>Балалардың басқа ел тұрғындары туралы білімдерін бекіту; басқа ұлт өкілдеріне қызығушылықты, оларды құрметтеуге тәрбиелеу, өмірі туралы білуге | Бәріне ортақ мереке» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті** | **Фотосуреттер қарастыру «Ұлы Отан Соғысының ардагерлері».**<br>Фотосуретте бейнеленген Ұлы Отан Соғысының ардагерлері туралы әңгімелеу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** | **"Ағаш, бұта, гүл" дидактикалық ойын.**<br>Мақсат-міндеттер. Өсімдіктер туралы білімдерін бекіту, балалардың ой-өрісін кеңейту, сөйлеу, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Барысы. Жүргізуші "Ағаш, бұта, гүл ..." сөздерін айтады және балаларды айналып өтеді. Тоқтатып, бір баланы көрсетіп, үшке дейін санайды, бала жүргізушінің тоқтаған жерін тез атауы керек. Бала айтып үлгермесе | **"Бұл қай кезде болады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың тәулік бөліктері туралы білімдерін бекіту, сөйлеу, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Барысы. Педагог балабақшадағы балалардың өмірін бейнелейтін суреттерді салады: таңертеңгілік жаттығулар, таңғы ас, ұйымдастырылған іс-әрекет |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ынталандыру.<br><br>Ойын ережесі.<br><br>Суретке сәйкес басқа ұлт өкілінің ұлттық киімін таңдау; қуыршаққа ұлттық киімді киіндіру; кім ұлттық киімді дұрыс және жылдам киіндірсе, сол жеңеді.<br><br>Ойын әрекеттері: қуыршақты киіндіру; ұлттық би немесе өлең орындау. | | | немесе қате жауап айтса ойыннан шығады. Ойын барлық ойыншылар ойыннан шыққанға дейін жалғасады.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | және т.б.. Балалар кез келген суретті өздері таңдайды, тексереді. "Таң" деген сөзге барлық балалар таңмен байланысты суретті көтеріп, өз таңдауын түсіндіреді. Содан кейін тәуліктің басқа бөліктері бейнеленген суреттерді көрсетеді.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | ***Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)***<br><br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау.<br><br>1-допты оң қолымен ұстап, қолдарын жанына жіберу; 2-допты жоғары көтеріп, келесі қолына салу; 3-қолдарын жанына жіберу; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6-7 рет қайталау.<br><br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау.<br><br>1-оң аяққа иілу; 2-3-допты оң аяққа, содан кейін сол аяққа домалату; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6 рет қайталау.<br><br>3. Бастапқы қалып: тіземен тұру, допты екі қолымен ұстау.<br><br>1-2-өкшеге отырып, денесін оң жаққа бұру және допты еденге тигізу; 3-4 -бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау.<br><br>4. Бастапқы қалып: еденге отырып, допты екі аяқтың арасына қысып ұстап, қолдарын артқа тіреу.<br><br>1-2-аяқтарын түзу ұстап, допты түсіріп алмай, жоғары көтеру; 2-3-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-7 рет қайталау.<br><br>5. Бастапқы қалып: жерге шалқасынан жатып, қолдарын түзу ұстап, допты басынан асыра қою. | | | | |

| | |
|---|---|
| | 1-2-қолдарын түзу ұстап, жоғары көтеріп, допты оң аяғына тигізу; 3-4-бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығуды 5-7 рет қайталау.<br><br>6. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы сәл алшақ, допты оң қолға ұстау. 1-допты еденге ұрып, екі қолымен ұтып алу. Жаттығуды 8-10 рет қайталау.<br><br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау. Допты жоғары лақтырып, ұтып алу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау.<br><br>8. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау.<br><br>1-8 дейін санау арқылы алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру, бұрылып, екі аяғымен қайтадан секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.<br><br>**(дене шынықтыру)** |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br><br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br><br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br><br>*Көркем сөз*<br><br>Тамақтану әдебін,<br><br>Жатқа біздер білеміз.<br><br>Дастарханға отырып,<br><br>Жеңімізді түреміз.<br><br>Ас атасы ақ нанды,<br><br>Қадірлейміз шашпаймыз.<br><br>Тамақтану үстінде,<br><br>Асықпаймыз, саспаймыз.<br><br>Сүлгімен де орынды,<br><br>Пайдалана аламыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шанышқы мен қасықты,<br>Қалай ұстайм қараңыз.<br>Тамақтану тәртібін,<br>Ұстанатын баламыз.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Теңін тап»**<br>Мақсаты:Балалар екі бірдей заттарды таба алады.<br>**Мүсіндеу**<br>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті | **«Қ дыбысы»**<br>Мақсаты:«Қ» дыбысының дұрыс дыбысталуын, әріп таңбасын қайталату, ойын арқылы ойлау қабілетін дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Суреттегі заттардың дыбыстарын айту.Үзік сызықтарды қосуға үйрету.<br>**Сауат ашу негіздері**<br>Қарым- қатынас<br>іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Армысың, асыл күн,<br>Армысың, асыл жыр.<br>Армысың, көк аспан,<br>Армысың, достарым,<br>Жылуыңа жылу қос,<br>Міне менің қолым!<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Табиғаттың әдемі көрінісі жайлы әңгімелесу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | **Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Суреттерді салыстырамыз".**<br>Балаларға бір-біріне ұқсас, бірақ бірқатар өзгешеліктері бар суреттерден айырмашылықтарын табуды ұсыныңыз.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі**<br><br>**бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сөйлеуді дамыту «Гүлдер таласы»**<br>**Мақсаты:** ертегісін естеріне түсіру. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білуді, әңгімені бірізді айтуды жетілдір<br><br>**Көркем әдебиет Сахналау**<br>**Мақсаты**:Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. Өздері білетін ертегілерді сахналап ойнат<br><br>**Музыка**<br>**(жетекші жоспары** | **Сауат ашу негіздері Жазу дағдысы**<br>**Мақсаты**:Жазуды көзбен қадағалай отырып сызықтарды үзбей салу дағдысын қалыптастыру. Сөздерді буынға бөліп оқуына жағдай жасау.<br><br>**Математика негіздері**<br>**Сәйкесін тап**<br>**Мақсаты:**Заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алуды үйрету. Тік және көлбеу таяқшаларды сызуға үйрету. | **Сауат ашу негіздері**<br>"Дауысты, дауыссыз дыбыстар. Қайталау".<br>Мақсат-міндеттер: дыбыс пен дыбыс түрлерін, дауысты, дауыссыз дыбыстарды қайталау.<br><br>**Математика негіздері Пішіндер**<br>**Мақсаты**:8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыруды үйрету. Тік және көлбеу таяқшаларды сызуға үйрету<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>"Адал еңбек - бәрін жеңбек"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың еңбектің адам тіршілігінің негізі жайындағы ұғымдарын тиянақтау; түрлі мамандықтар туралы білімдерін жетілдіру; кез келген мамандықты игеруге қажет қабілеттер жайында түсіндіру.<br><br>**Музыка**<br>**(**музыка жетекшісі жоспарымен**)** | **Математика негіздері**<br>"Бақшадағы жұмыстар"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың көктемгі бақша жұмыстары жайлы білімдерін тиянақтау; заттардың салмағын өлшеу біліктіліктерін арттыру.<br><br>**Сауат ашу негіздері Гүлдер**<br>**Мақсаты**:Жазуды көзбен қадағалай отырып сызықтарды үзбей салу дағдысын қалыптастыру. Гүлдердің атауларына дыбыстық талдау жасату.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**(**жетекші жоспарымен)<br><br>**Жапсыру**<br>**Ою-өрнек**<br>**Мақсаты:**Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Композицияларды қосымша заттар мен | **Көркем әдебиет**<br>"«Жақсы мен жаман» өлеңімен танысу"<br>Мақсат-міндеттер: тірі және өлі табиғат нысандары туралы түсініктерін қалыптастыру, күнделікті өмірде кездесетін әртүрлі жақсылық пен жамандық істерді ажырата білуге үйрету.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>"А.Бақтыгерееваның «Гүл ектік» өлеңін жаттау. Мазмұны бойынша әңгімелеу" (пысықтау)<br>Мақсат-міндеттер: өлеңді жаттап, мәнерлеп айтуға үйрету.<br><br>**Дене шынықтыру.**<br>**(**жетекші жоспарымен**)**<br><br>**Қоршаған ортамен** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **бойынша)**<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Қазақ халқының тұрмыстық заттары**<br>**Мақсаты**<br>:Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтарын таныстыру | | **Дене шынықтыру**<br>**(таза ауада)** | элементтердің көмегімен көркемдеп қызғалдақ оюын салғызу. Әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын ретімен беруді дамыту. Кілемді сәндеп,қиып жапсыру.<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Туған өлке**<br>**Мақсаты**:Туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құрып таныстыру. Әндер айтқызу | **таныстыру Өмірлік дағдылар**<br>**Мақсаты:**Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету |
| **2- таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуен | **Бақбақты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Бақбақ туралы білімді нақтылау; табиғатты белсенді түрде қорғауға ұмтылысты қалыптастыру; дәрілік өсімдіктер туралы білімдерін бекіту.<br>**Зерттеу.**<br>Қай дәрілік өсімдік тұқымын бақбақ сияқты алып жүретінін анықтау.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ауланы қоқыстар мен құрғақ бұтақтардан тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Өз жұмысының нәтижесін көруге үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Гүлшанақты тап".** | **Ауа райын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Көктемнің аяғында жансыз табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы жалпылама түсініктер қалыптастыруды жалғастыру.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ауланы көктемгі қоқыстардан тазарту.<br>Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу, кішіге көмектесуге үйрету. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Тамшылар". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Екі қатар құруға, кең шеңбер құруға, ұжымдық іс-әрекеттің келісімділігіне, реакциялардың | **Бақша ауласындағы өсімдіктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көлеңкеде және күн астында өсетін өсімдіктерді салыстыруға шақыру,олардың қайсысы тезірек гүлдейтінін бақылау, өсімдіктердің өсуіне жарықтың қажеттілігі туралы тұжырым жасауға жетелеу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауланы тазалау). **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Ұжыммен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Алыптар мен құртақандар". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Физикалық белсенділікті дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Жылан". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Ептілікті, үйлесімді әрекет ету қабілетін дамыту. | **Алғашқы жәндіктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Күннің жылынғанына, топырақтың бетіндегі өзгерістерге, жәндіктердің оянғанына назар аудару.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауланы қоқыстан тазалауға көмектесу). **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Ұйымдасып еңбек ету дағдыларын қалыптастыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қияр". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Алға қарай екі аяғымен секіру қабілетін қалыптастыру; бір-біріне соқтығыспай жүгіру; мәтінге сәйкес ойын әрекеттерін орындау.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Секірейік". **(дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жоғарыдан төмен қарай секіруге жаттықтыру. | **Желді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Желді ауа райында ағаштардың басына қарау, байқауды, зейінді дамыту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауланы бұтақтардан және тастардан тазалау). **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Еңбекқорлық қабілетін және ұжымдық жұмысқа белсенді қатысуын дамыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аюлар мен аралар", "Жапалақ". (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды тепе-теңдікті сақтауға баулу.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту**, алға қарай екі аяқпен секіру. **(дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(дене шынықтыру)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Гүлдерді ажырата білуге, белгі бойынша әрекет етуге үйрету; жүгіру кезінде жаттығу; бақылауды дамыту.<br><br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту.**<br><br>Мақсат-міндеттер. Қимыл-қозғалыс көмегімен табиғатты аялауға тәрбиелеу; бөренелерден, тастардан секіру жаттығулары. | жылдамдығына және тапқырлыққа үйрету.<br><br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** қозғалыстарды дамыту. **(дене шынықтыру)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Допты берілген бағытта оң және сол қолмен лақтыруға жаттығу; қимылдарды үйлестіруді дамыту; ұжымдық іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру. | | | |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br><br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br><br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br><br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br><br>*Көркем сөз*<br><br>Тамақтану әдебін, | | | | |

| | |
|---|---|
| | Жатқа біздер білеміз.<br><br>Дастарханға отырып,<br><br>Жеңімізді түреміз.<br><br>Ас атасы ақ нанды,<br><br>Қадірлейміз шашпаймыз.<br><br>Тамақтану үстінде,<br><br>Асықпаймыз, саспаймыз.<br><br>Сүлгімен де орынды,<br><br>Пайдалана аламыз.<br><br>Шанышқы мен қасықты,<br><br>Қалай ұстайм қараңыз.<br><br>Тамақтану тәртібін,<br><br>Ұстанатын баламыз.<br><br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Ауыр тастар көтеру. Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп, қайта түсіру.<br><br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br><br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br><br>**(дене шынықтыру)** |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Суреттік боямалар**<br><br>**«Кім, қайда өмір сүреді»**<br><br>Мақсаты: Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады.<br><br>**Сурет салу**<br><br>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті | **«Қолғап»**<br><br>Мақсаты:Қазақ халқының ұлттық киімдері мен заттары<br><br>туралы білімдерін кеңейту. Ою-өрнекті қолдана отырып қолғапты сәндеуге үйрету.<br><br>Эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Сурет салу**<br><br>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті | **Сауат ашу негіздерінен ойын-жаттығу**<br><br>"Дауысты мен дауыссыз дыбыстар әлемі"<br><br>Мақсат-міндеттер: артикуляциялық ерекшелігіне байланысты дыбыстардың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні туралы түсінікті қайталау.<br><br>**Қазақ тілінен ойын-жаттығу**<br><br>"Дыбыстар мен әріптер еліне саяхат".<br><br>Мақсат-міндеттер: дауысты және дауыссыз дыбыстардың ерекшіліктерін еске түсіру, әріптер туралы түсініктерін кеңейту; сөзді буындап, тұтас оқу дағдыларын одан әрі қалыптастыру.<br><br>**Дене шынықтырудан ойын-жаттығу**<br><br>"Құрсауды тура бағытта домалату"<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларды құрсауды тура бағытта домалатуға үйрету; гимнастикалық орындықтың үстімен бүйірлік адыммен жүру, ортасына келгенде отыру және тұрып, қайта жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен | **Сауат ашу негіздерінен ойын-жаттығу**<br><br>"Дауысты, дауыссыз дыбыстар. Қайталау".<br><br>Мақсат-міндеттер: дыбыс пен дыбыс түрлерін, дауысты, дауыссыз дыбыстарды қайталау.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу**<br><br>"Астра гүлінің орнын ауыстыру"<br><br>Мақсат-міндеттер: балалардың астра гүлін егіп, өндеп, өсіру амалдарымен таныстыру; гүлдің орнын ауыстырып, гүлзарға өз қолдарымен отырғызу әрекеттеріне үйрету. | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br><br>"Жануарлар жұмбақтарды жасыруды бастайды"<br><br>Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың салмағын өлшеуге қызығушылықтарын арттыру; шартты өлшемнің көмегімен заттың шамасын салыстыра білу, тақтада және қағаз бетінде бағытты таба білу дағдыларын жетілдіру.<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу**<br><br>"Көңілді көктем әндері"<br><br>Мақсат-міндеттер: балаларды әнді тыңдау кезінде оның сипатын түсіне білу қабілеттеріне және ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білу іскерліктерін жетілдіру.<br><br>**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br><br>"А.Бақтыгерееваның «Гүл ектік» өлеңін жаттау. Мазмұны бойынша әңгімелеу"<br><br>Мақсат-міндеттер: өлеңді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | тұру қабілетін және баянат (рапорт) қабылдау дағдыларын әрі қарай жетілдіру. | | жаттап, мәнерлеп айтуға үйрету. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жаңылтпаш жаттау.**<br>Доп тեп, дөптеп.<br>**«Түстес ыдысқа сал» дидактикалық ойын:**<br>**Мақсаты:** түрлі-түсті тастарды теріп алып, түстес ыдысқа салу арқылы саусақ қимылын жетілдіру, бір-бірімен байланысты тура және кері әрекеттерді орындауға үйрету.<br>**Жеке баламен жұмыс.** Сиқырлы қарындаштар. Түрлі түсті | **Мақал- мәтел.**<br>Отан отбасынан басталады.<br>**«Мені қайтала»** дидактикалық ойын<br>**Мақсаты:**<br>ересектердің сөзін қайталай отырып, сөздік қорын молайту, тілін жаттықтыру.<br>**Жеке баламен жұмыс.** Қылқаламмен жұмыс. Қылқаламды ұстап суретті бояуға үйрету | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Қарапайым түймедақ"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ермексаздан түймедақ гүлін мүсіндеу кезінде әртүрлі тәсілдерді пайдалану дағдысын бекіту; жіңішке таяқшаға ермексазды жағып, гүлдің сабағы деп қабылдауға үйрету.<br>**(шығармашылық іс-әрекет)** | **Дидактикалық ойын.**<br>**"От, су, аспан, жер".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың тірі және өлі табиғат өкілдері жайында білімдерін нығайту; ой шапшаңдығын, елестету, зейін қабілеттерін дамыту; алғырлыққа, зияткерлікке тәрбиелеу.<br>Құралдар: доп.<br>Шарты.<br>Балалар бір тізбекке, жарты шеңберде (шеңберде) отырады (тұрады).<br>Ойын шартының орындалуын реттеп отыру үшін, басында жүргізуші рөлін педагог өзі алуы мүмкін.<br>Жүргізуші допты әр балаға кезекпен "От!", "Су!", "Аспан!", "Жер!" сөздерін айтып, допты қолдарына лақтырады.<br>Допты ұстап алған бала әрбір сигнал сөзіне әрқалай, бір ғана жауап береді. Мысалы, "от" - өзін-өзі айналу, "су" - суда мекендейтін балық, суасты жануарының атауын айту, "аспан" - аспанда ұшып жүретін құс не жәндікті атау, "жер" - жерде мекендейтін жануардың немесе жәндіктің атауын | **Сурет салудан ойын-жаттығулар.**<br>"Жұпаргүл бұтағы"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бөртегүл бұтағына қарап, суретін, мақта таяқшасын, борларды, бояуды қолданып, қағаз бетіне салу техникасына үйрету.<br>**(шығармашылық іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарындаштармен сурет бояту, түстердің атауын атау. | | | айту.<br>**((қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті))** | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Кешкі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Көркем сөз*<br>Тамақтану әдебін,<br>Жатқа біздер білеміз.<br>Дастарханға отырып,<br>Жеңімізді түреміз.<br>Ас атасы ақ нанды,<br>Қадірлейміз шашпаймыз. | | | | |

| | |
|---|---|
| | Тамақтану үстінде,<br><br>Асықпаймыз, саспаймыз.<br><br>Сүлгімен де орынды,<br><br>Пайдалана аламыз.<br><br>Шанышқы мен қасықты,<br><br>Қалай ұстайм қараңыз.<br><br>Тамақтану тәртібін,<br><br>Ұстанатын баламыз.<br><br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.<br><br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Қазақ халқынының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға "Қаражорға" биін билету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
